

1 2009  
19 524к

Г ӘБІШЕВ

ҚАЗАКСТАННЫҢ  
РОССИЯҒА  
КОСЫЛУЫНЫң  
ПРОГРЕСТИК  
МАҢЫЗЫ





Ф. ӘБІШЕВ  
ТАРИХ ФЫЛЫМЫНЫҢ ҚАНДИДАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
РОССИЯҒА  
КОСЫЛУЫНЫҢ  
ПРОГРЕСТИК  
МАҢЫЗЫ

*Жалпы редакциясын басқарған  
доцент М. АҚЫНЖАНОВ.*

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ  
Алматы — 1953

## МАЗМУНЫ

Бетт

Казакстанның Россияға қосылуының прогрессік маңызын баяндаудағы қателіктер мен бүрмалаушылар және оны түзету жолдары . . . . .	3
Казакстанның россияға қосылу алдындағы ішкі және сыртқы жағдайы . . . . .	13
Казакстанның Россияға қосылуының әлеуметтік экономика- лық және мәдениет жөніндегі нағылар . . . . .	27
Патша өкіметінің отардау саясаты оған карсы орыс, қазақ халықтарының бірінші жүргізген қырестері . . . . .	40
Ұлы Октябрь социалистік революциясы және орыс, қазақ халықтарының мызғымас туысқандық достығы . . . . .	55

Г. Абишев

## ПРОГРЕССИВНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПРИСОЕДИНЕНИЯ ҚАЗАХСТАНА К РОССИИ

(на казахском языке)

Издание Казгосиздата — 1953

Редактор Ахметов С.  
Художник Козлов Н.

Техн. редактор Ойстраж В.  
Корректор Ахметов Р.

Сдано в набор 2/IX 1953 г. Подписано к печати 26/XI 1953 г. УГ10243.  
Изд. № 192. Бумага 84 × 108 1/2 = 1,375 б. л. 4,51 печ. л., 4,7 уч.-изд. л.  
Тираж 10000. Цена 1 руб. 10 коп.

г. Алма-Ата, Гостипография № 2. Главиздата Министерства  
культуры КазССР, Зак. № 919.



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ РОССИЯҒА ҚОСЫЛУЫНЫҢ ПРОГРЕСТИК МАҢЫЗЫН БАЯНДАУДАҒЫ ҚАТЕЛІКТЕР МЕН БҮРМАЛАУШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ.

Осы уақытқа дейін Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызы туралы марксік-лениндік тұрғыдан толық түсінік берілмей келді. Марксизм-ленинизм классиктерінің «...реакциялық Россиядан басқа тағыда революциялық Россия, Радищевтер мен Чернышевскийлердің, Желябовтар мен Ульяновтардың, Халтуриндер мен Алексеевтердің Россиясы...»<sup>1</sup> болды деп көрсетуін, Қазақстан тарихындағы осы революцияшыл Россияның ролін түсіндірmedі.

Қазақстанның Россияға қосылуы XVIII ғасырдың 30-жылдарында басталып, XIX ғасырдың 60—65-жылдарында аяқталды. Бұл дәуір марксизм идеясы Россияға тарағ бастаған, революциялық қозғалыс Батыстан Россияға ауыса бастаған, Россия дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығына, ленинизмнің туған еліне айналу жөніндегі тарихи процестердің жүріп жатқан кезі еді. Демек Қазақстанның Россияға қосылуы осындай тарихи дәуірге тұра келді.

Қазақстанның Россияға қосылуын және оның прогрестік маңызын осы тұрғыдан алып қарамаушылықтың салдарынан көптеген қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол берілді. Эрине буржуазияшыл тарихшылардан Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызын дұрыс баяндауды күтуге де болмайтын еді. Алайда олардың теріс көз қарастарына соққы бермей кетуге де болмайды.

Мысалы, буржуазияшыл тарихшылардан — Л. Мейер,

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалары, 13-том, қазақшасы, 29-бет,

М. Красовский, Ф. Ловысевич және басқалары XVIII ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстанның Россияға қосылуының басталуын Кіші жүздің ханы Эбілкайырдың жеке басына апарып таңды. Эбілкайыр өзінің жеке басының жауларына әкәне хан өкіметінің тағына талағушыларға қарсы куресте Россиядан жәрдем алу макатын көзледі. Міне осыдан барып, — дейді олар, — Қазақстанның Россияға қосылуы басталды. Бұл тेңіз ұфым, Қазақстанның келешегі үшін мейлінше зор тарихи прогресс болған — бұл тарихи процесті жеке адамның, инициативасына беру, жеке адамның басына апарып тағу, тарихты бұрмалау болды.

Бұл мәселені дұрыс түсіну үшін И. В. Сталиннің мынадай қағидасын естен шығармау керек: «...тарихи ғылым, егер ол нағыз ғылым болғысы келсе, бұдан былайтын жерде, когамдық дамудың тарихын корольдар мен колбасшылардың істеген істеріне, мемлекеттерді «басып алушылар» мен «бағынтырушылардың» істеген істеріне әкеліп тіремеуге тиіс, кайта, ең алдымен, материалдық илімктерді өндірушілердің тарихымен, енбекшілер бұкарисының тарихымен, халықтардың тарихымен шұғылдануға тиіс»<sup>1</sup>.

Ал, қазактың буржуазияшыл байшыл-ұлтшылдары Обілкайырдың Россия коластына карауы казақ халқы үшін бакытсызық болып табылды, оның прогрестік маңызы мұлдем болған жоқ деп даурықты. Бұл ұлтшылдар: Қазақстан Россияға қосылғанға дейін бай, би, сұлтан, феодалдармен бірге, казақ енбекшілері «тату-тәтті», «могишилық» өмір сүруші еді. Қазақстанда бұған дейін «көй үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болды деп сандырақтады. В. И. Ленин айткандай, бұрын ешуақытта да ешқандай «алтын ғасыр» болып көрмегенін олар туғынға келмеді.

Қазақстанның Россияға қосылуы және оның прогрестік маңызын кейбір советтік тарихшыларымыз да, атап айтканда, «Қазақ ССР тарихының» бірінші және екінші басылуының авторлары да толық түсінік беріп, дұрыс көрсете алматы. ҚКП Орталық Комитеті 1945 жылғы 14 августағы «Қазақ ССР тарихының 2-басылуын дайындау туралы» деген өзінің каулысында былай деп көрсетті: «Қазақ ССР тарихының» бірінші басылуында

<sup>1</sup> БК(б)П тарихының кысқаша курсі, қазақшасы, 123-бет.

«...Қазақстаниң Россияға қосылуына бір жакты ғана баға берілген. Қазақстанның Россияға қосылу мәселесі патшалық Россияның отарлау саясаты тұрғысынан ғана қаралып жазылған. Қазақ ССР тарихының бірінші басылуының авторлары Қазақстанның Россияға қосылу алдындағы оның ішкі және сыртқы тарихи жағдайлары мен Қазақстанның Россияға қосылуының қазақ халқы үшін әлеуметтік-экономикалық және мәдениет жөніндегі нәтижелерін еске алмаған».

«Қазақ ССР тарихының» бірінші басылуында Қазақстанның Россияға қосылуы мен оның прогрестік маңызын көрсетудегі кемшіліктер мен жіберілген қателер 1945 жылы Қазақ ССР тарихының бірінші басылуына жазылған «Большевик Казахстана» журналының рецензиясында толық көрсетілген.

Қазақстанның Россияға қосылуы және оның прогрестік маңызы жеке кітапша болып шыққан ғылыми зерттеулерде де, «Қазақстанның Россияға қосылуы» деген кітапшада да толық, дұрыс көрсетілмеді.

Қазақстанның Россияға қосылуы және оның прогрестік маңызы туралы мәселеге айрықша көңіл бөліп, бұл мәселені дұрыс баяндау «Правда» газетінің «Қазақстан тарихының мәселелері марксілік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаласында және 1951 жылғы октябрьде өткізілген ҚКП Орталық Комитеті VIII пленумының қаулысында айрықша талап етілді.

Партия Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі тарихи қаулыларын орындаі отырып, Қазақстанның партия үйымдары кадрлардың марксілік-лениндік даярлығына аса назар аударды, марксизм-ленинизмді насиҳаттаудың идеялық дәрежесін арттыру жөнінде көптеген жұмыстар істеді.

Идеологиялық жұмыстың дәрежесін көтеру ісінде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің шығармалары қазақ тілінде шығарылуы зор роль атқарды В. И. Лениннің шығармаларының 27-томы және И. В. Сталин шығармаларының 13-томы қазақ тіліне аударылып, баспадан шыкты, марксизм-ленинизм классиктерінің жеке шығармалары көп тиражбен басылуда.

Соңғы жылдарда ғылыми кадрлар даярлау ісінде де әлеулі табыстарға қол жетті. Қазақ республикасында 93 ғылым докторы (оның ішінде 16 қазақ, мұның екеуі қазақ әйелі), жүздеген ғылым кандидаттары (мұның ішін-

де 145 қазақ) бар. Фылым кандидаттарының ішінде 134 әйел бар, мұның 34 қазақ әйелдері. Жоғарғы оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде алты жүзден астам аспирант оқыйды.

Жоғарғы партия орындарының идеологиялық мәселелер жөніндегі қарапарлары республикада искусствоны, әдебиетті дамытуға орасан үлкен әсер етті. Искусство қызметкерлерінің кадрлары өсіп, шынықты, олардың қатары талантты жастармен толықты. Қазақ әдебиетіне коммунистік құрылышқа арналған жаңа шығармалар қосылып, байыды.

1947 жылы Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті «Қазақ ССР Фылым академиясының тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрекшел саяси қателер туралы» қаулысында қазақ әдебиеті тарихын баяндауда болып келген буржуазияшыл-ұлтшылдық бүрмалаулар әшкереленген еді. Қателерді жоюда бұл қаулы зор роль атқарды, тарихшылар мен әдебиет зерттеушілеріне дұрыс бағыт сілтеді. Бірақ әдебиет тарихында жеке бүрмалаулар бұдан кейін де орын алып келді. Тіл және әдебиет институты шығарған «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында Кенесары содырлығы және қазақтың ескі феодалдық өмірі дәріптелді.

«Правда» газеті 1950 жылдың 26 декабріндегі «Қазақстан тарихының мәселелері марксік-лениндік түрғыдан баяндалсын» деген мақаласы тарих ғылымындағы, әсіресе Кенесары Қасымовтың реакцияшыл қозғалысын дәріптеген буржуазияшыл-ұлтшылдардың өрекшел идеологиялық бүрмалауларын әшкерелеумен бірге, қазақ тарихындағы, қазақ әдебиетіндегі және оқу құралдарындағы қателерді де ашуға көмектесті.

СОКП Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысында совет әдебиетінің біздің советтік қоғамымызда алатын орны мен мәнін анықтай келіп: «Совет әдебиетінің дүниедегі ең озық әдебиеттік күші — оның халық мұдделерінен, мемлекет мұдделерінен басқа мұддесі жоқ және болмайтын да әдебиет екендігінде. Совет әдебиетінің міндеті жастарды дұрыс тәрбиелеуде, оның тілектеріне жауап беріп отыруды, жаңа үрпакты сергек, өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, қандай да болсын кедергілерді және билетін етіп тәрбиелеуде мемлекетке көмектесу» деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстан жазушылары соңғы жылдарда көркем прозада бірқатар көрнекті шығармалар жазды. Қазақ совет поэзиясына да құнды жаңа шығармалар қосылды. Алайда, Қазақстан КП Орталық Комитетінің VIII пленумы атап көрсеткендегі, кейбір әдебиетшілер, өзінің жазушылық қызметі жөнінде халық алдында зор жауаптылығын әлі толық орындай алмай келеді.

Кейбір әдебиет зерттеушілер өткен дәуірдің шығармаларын талдауда маркстік-лениндік түрғыдан қарап дұрыс баға бере алмады, оның таптық мәнін сынаржак, тенденциялық көзқараспен бүрмалағаны да болды. Ал, өз шығармаларында совет өмірінің шындығын жеткілікті көрсетпеді. Бай-феодалдардың түрмис-салты дәріптеліп, жеке шығармаларда пролетариаттық интернационализм мен халықтар достығы бүрмаланды.

Бұл кате мен кемшіліктердің бәрі де партия баспасөзінде әділ сыналып, жұртшылықтың талқысына тусты.

1951 жылы октябрьде шақырылған Қазақстан КП Орталық Комитетінің VIII пленумы Қазақстанда идеологиялық жұмысты жақсарту ісіне арналды. Бұл мәселеге 1951 жылы декабрьде өткізілген Қазақстан Компартиясының V съезі де ерекше назар аударды.

Қазақстан КП V съезінен кейінгі уақыттың ішінде де идеология майданында едәуір жұмыстар істелді. Республиканың Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты Қазақ ССР тарихының үшінші басылуын әзірлеп жатыр. Оның бірінші томының проспектін талқылауға республиканың таңдаулы ғалымдары, сондай-ақ Москвандың, Ленинградтың және туыскан Республикалардың көрнекті тарихшылары қатысты. Тіл және әдебиет институты қазақ әдебиеті тарихының бірінші томының толықтырып түзетілген екінші басылуын, байымды орыс-қазақ сөздігін және педагогикалық жоғары оку орындарына арналған қазақ тілінің системалы курсын әзірлеуде.

Қазақ әдебиетінің класигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын зерттеу жөніндегі айтыс та ойдағыданай нәтиже берді. Бұл айтыс «Абайдың ақындық мектебі» дейтіннің буржуазиялық — объективтік концепция екендейдігін әшкерлеуге жәрдемдесті. Бұл концепция Абайдың екінші қатардағы және көбінесе реакцияшыл ақындардың шағын тобына ғана ықпалы болды деп көрсетті,

сөйтіп іс жүзінде Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы ролін төмендегітті.

1952 жылы Қазак ССР Ғылым Академиясының тарих институты ұйымдастырыған, революциядан бұрынғы Қазақстандағы ұлттық қозғалыстардың сыйпаты туралы айтысқа ғылыми жүртшылық зор көніл болді.

Бұл айтыс республика тарихшыларының арасында ұлттық қозғалыстарды сыйпаттауда әртүрлі пікірлер бар екендігін ашты және Қазақстанның тарихына байланысты көп мәселелерді одан әрі мейлінше терең зерттеу керек екендігін көрсетті.

1952 жылдың сентябрь айында болып өткен Қазақстан Коммунистік Партиясының VI съезі идеология жұмысын жақсарту ісінде республикада едәуір жұмыстар істелгендін атап көрсете келіп, сонымен қатар тарихта, көркем әдебиетте, искусства орын алып келген буржуазияшыл-ұлтшылдық қателіктер мен бұрмалаушылықтардың ақырына дейін жойылмағанын атап көрсетті.

В съезд республикада идеология жұмысын түгелінен барған сайын кең өрістегуде, еңбекшілерді өз Отанына, коммунистік партияға, совет үкіметіне шексіз берілгендей рухта, интернационализм мен халықтар достығы руында тәрбиелеуді талап етті.

Совет Одағының коммунистік партиясының XIX съезі идеология жұмысына айрықша көніл болді.

И. В. Сталиннің партияның XIX съезі қарсанында жарияланған «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық енбегі, XIX партия съезінің директивалары, Г. М. Маленков жолдастың баяндамасы біздің коммунистік партиямыз берілгендей нақтылы жолдарын көрсетіп берді және практикалық міндеттерді алға қойды. Бұл міндеттер біздің елімізде ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары сатыға көтерілуін талап етеді. Тарихшы, әдебиетші ғылым кадрларының марксістік-лениндік теориямен, И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл белімі», «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбектерімен жете қарулауын талап етеді.

Г. М. Маленков жолдас XIX партия съезінде жасаған өзінің баяндамасында, ғылыми және идеологиялық мемекемелердің қызыметінде, баспасөз органдарында елеулі қателер мен бұрмалаушылықтың бар екендігін атап көр-

сетті. Бұл мәселе жөнінде партияның XIX съезіне қатнашкан делегаттар өздерінің сойлелеген сөздерінде ғылыми зерттеу мекемелерінің жұмыстарын сынға алды. XIX партия съезіне қатысқан Қазақстан делегаттары да Кенесары Қасымовтың басынан аяғына дейінгі реакциялық монархиялық қозғалысын «ұлт бостандық» қозғалысы деп бағалау өрекел саяси қате болғандығын атап көрсетті.

Қазақстан тарихындағы XIX ғасырдың 40 жылдарындағы белгілі оқыйғаның тарихи манызы жөніндегі мәселені шешуде ССРО Ғылым Академиясының тарих институты да Қазақстан қоғамдық пікірлеріне дұрыс көмек бере алмады. ССРО Ғылым Академиясының бұл институты Совет Одағының тарихына байланысты мәселеге дұрыс көңіл бөлмеді.

ССРО халықтарының туысқандық бірлігі Совет Одағының Коммунистік партиясының лениндік-сталиндік ұлт саясатын жүзеге асыра отырып, ұлт мәселесі жөнінде буржуазиялық идеологияға қары аяусыз күрес жүргізу ді талап етеді.

Ұлт мәселесіндегі капитализм қалдығының ең реакцияшыл және ең қауіпті түрі буржуазияшыл ұлтшылдық. Буржуазияшыл-ұлтшылдық ұлы державалық шовинизм және жергілікті ұлтшылдық түрінде болады. Сондықтан да И. В. Сталин ұлт саясаты үшін күресті екі майданда, яғни буржүазияшыл ұлтшылдықтың екі түрімен де бірдей күресу керек, өйткені мұнсыз ұлт мәселесін дұрыс шешуге, халықтардың бірлестігін дұрыс жолға қоюға болмайды деп көрсетті.

Ұлтшылдықтың аса қауіпті зияны мынада: ол біздің еліміздің халықтарының көп ұлттық бірлігін бұзады, ССРО халықтарының ұлы орыс халқымен бірлігіне нұқсан келтіреді.

Міне осы себептен де біздің партия буржуазияшыл ұлтшылдықтың қандай түріне болсын күрес жүргізеді және жүргізіп те отыр.

Совет халқы компартияның басшылығымен ұлтшылдықты талқандады, сөйтіп, ССРО-ның барлық халықтарын ұлы орыс халқының тәңірегіне топтастырды, компартияның ұлтшылдыққа қары күрес жүргізуі, енбекшілерді пролетарлық интернационализм рухында тәрбие-леуі советтік социалистік ұлттардың ұлы достығының ғайтты. Кәзіргі жағдайда, — деп көрсетті партиямыз-

дың XIX съезі, — ұлт мәселесінде буржуазиялық идеологияға қарсы қүрес тоқтатылмауы керек, қайта ол қүрес өте өткір, қatal түрде жүргізіле беруі керек. Совет қоғамы коммунизмге жеңіспен аяқ басып бара жатқан кездे оның белсенді құрылышыларын тәрбиелеу жұмысы зор маңыз алады. Сондықтан да буржуазиялық идеологияның аса зиянды ықпалына қарсы, ұлтшылдықтың қалдықтарына қарсы қatal қүрес жүргізу қажет.

Бұл, біздің мәдени және ғылми қызметкерлеріміздің алдына идеология майданында ұлken және елеулі міндеттер қояды. Бұлар біздің қоғамымыздың мүшелерін интернационализм рухында тәрбиелеу ісінде және еліміздің өңбекшілерімен туыскандық байланысын нығайтуда партияға көмектесуге міндettі. Буржуазияшыл-ұлтшылдық өтс зиянды, ол совет адамдарын интернационализм рухында тәрбиелеуге бөгет жасайды, ол біздің еліміздің барлық халықтарының ұлы орыс халқымен достықты нығайта беруіне кедергі келтіреді, сондықтанда, мұндай ұлтшылдық және космополиттік бүрмалаушылықтар мен қателіктерді тез арада жою керек.

Адам санасындағы буржуазиялық-ұлтшылдық ықпалы, ұлтшылдық бүрмалаушылықтар және ұлтшылдық қалдықтар әр түрде болады. Оны тез көре біліп, өлтіре соққы беру керек.

Тарихтағы буржуазияшыл-ұлтшылдықтар көбінесе ескіні дәріптеу, патшалар мен хандарды мадақтау, халықтар тарихындағы таптар қайшылығын бүркеу не оны көмескі етіп көрсету түрінде кездеседі. Ұлтшылдар барлық ұлттық қозғалыстарды азаттық қозғалыс етіп көрсетеді, мысалы, Қавказдағы Шамиль қозғалысын, Қазақстандағы Кенесары Қасымов қозғалысын, Түркстандағы Андижан көтерілісін ұлтшылдар азаттық қозғалыстары деп даурықты. Бұл қозғалыстар шынында барып тұрған реакцияшыл көртартпа қозғалыстар еді.

Капиталистік қоршау, әсіресе Америка қарақшы империализмі, өзінің зиянды әрекеттерін барлық бағытта, соның ішінде идеология мәселелерінде де белсенді түрде совет еліне қарсы жүргізуға тырысады. Американ империализмінің итаршылары — сатылғыш журналистері,

жазушылары, философтары, экономистері — идеологиялық майданда капитализм қалдықтарын адам санасында жандандыруға үмтыйлады.

Партияның XIX съезі партия үйымдарының ең басты міндетінің бірі идеология жұмысы деп көрсетті. «Идеологиялық жұмыс партияның ең бірінші дәрежелі міндеті болып табылады. Бұл жұмысты жете бағаламау партия мен мемлекет мұдделеріне ойсырата зиян келтіруі мүмкін. Социалистік идеологияның ықпалын қандай да болса бәсендегу буржуазиялық идеологияның ықпалын күшегі ту деген сөз екенін біз әрқашан есте ұстауымыз керек» — деп көрсетті Маленков жоллас партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында. XIX съезд қабылдаған Совет Одағының Коммунистік партиясының Уставы партия мүшесіне «қырағылық коммунистерге қай участокте және қандай жағдайда болса да керек екендігін есте ұстай отырып, партиялық және мемлекеттік құпыяны сактауға, саяси қырағылық көрсетіп отыруға» міндеттеді.

Уставтың бұл талабының кәзіргі жағдайда ерекше зор маңызы бар. Партияның XIX съезінде көрсетілгендей, соғыстың жеңіспен аяқталуына байланысты және соғыстан кейінгі дәуірде кол жеткен зор табыстардың эсерінен партия қатарында бейқамдық, жайбаракаттық пыйғылдар туды. Бұл біздің кейбір партия, шаруашылық, совет және басқа қызметкерлеріміздің қырағылығы бәсендеген жерлерде орын алды. Олардың арасында ашықауыздық пайда болды.

Империалистер, ең алдымен американ империалистері жаңа соғысқа әзірлігін күшайте отырып, біздің елімізге және социалистік лагерьдің елдеріне агенттерін, шпиондарын, диверсанттарын, қандай да болсын буржуазиялық үкіметтің тылындағыдан екі есе және үш есе көп өткізуге тырысатынын мұндай адамдар ұмыт қалдырады.

Біздің елімізде қанаушы таптар жойылып, совет қоғамының моральдық-саяси біrlігі нығайғаннан кейін халықаралық буржуазия біздің еліміздің ішінде совет мемлекетіне қарсы құрестің талтық тірегінен айрылды. Бірақ буржуазиялық идеологияның сарқыншақтары, жеке меншікшілік психология, буржуазиялық көзкарастар мен буржуазиялық моральды таратушы кейбір адамдар халқымыздың астыртын жаулары әлі де бар екенін ұмытуға болмайды. Империалистік дүние қолдан отыратын нақосы астыртын жаулар келешекте де зиянын тигізеді.

Империалистік шолғыншылар совет өкіметіне дүшпандықтаңған топтардың қалдықтарын, партияға қарсы әртүрлі элементтерді, моральдық жағынан тұрақсыз және азғындаған адамдарды, капитализмнің сарқыншактарына шырмалған адамларды, оның ішінде буржуазияшыл-үлтшылдық қозқарастардағы адамдарды өздерінің сұрқыялық максаттарына пайдалануға тырысады.

Дүшпанның барлық кулық-сұмдықтары мен тіміскі әрекеттерін қырағы болып қадағалап отыруға партия совет адамдарын үйретуде. Совет мемлекеті қуатының өсуі бізге жау құштердің қарсылығын бәсендептейтінін, оны кайта өшіктіре түсे�тінін ұмытпау керек. Дүшпандар неғұрлым үмітсіз болып халі нашарласа, олар күйреп құру шегіне жетсе өзінің ақырғы құралы ретінде, өздерінің зиянды күресінің ең жекесүрін құралдарын анағұрлым көп қолданады, деп үйретеді бізге коммунистік партия.

Біздің басты міндеттеріміздің бірі — өзіміздің марксистік-лениндік теориялық білімімізді арттыра беру болады. Біз идея және методология жөнінен марксист-лениндік тұрғыда баяндалған ғылыми-зерттеу жұмысынызды арттыруға міндеттіміз, әсіреле тамаша совет қоғамының тарихын, экономикасы мен мәдениет тарихын сапалы зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер беруге міндеттіміз. Қазір социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дегі тарихи уақытта еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелуе жөнінде, адам санасындағы капитализм және басқа да ескі қоғам қалдықтарымен күресу жөнінде буржуазияшыл идеологияның қандай түріне болсын қарсы қүресуде, партиямызға, үкіметтімізге қажымай-талмай жәрдем етіп, идеологиялық жұмысты ең жоғары сатыға көтерісуге міндеттіміз. Коммунизм жеңісінің салтанат құра беруі үшін барлық біліміміз бен күшімізді аямай жұмсауга борыштымыз.

Тарихшылардың, әдебиет зерттеушілерінің алдына қазір ССРО халықтарының тарихын, өзара достырын марксистік-лениндік тұрғыдан ашып көрсету міндеті қойылышп отыр. Сондықтанда бұл кітапшада Қазақстаның Россияға қосылу алдындағы ішкі және сыртқы жағдайын көрсетуді, бұл қосылудың қазақ халқын сол уақыттағы ішкі және сыртқы реакциядан қорғап қалудағы маңыздын, оның әлеуметтік-экономикалық және мәдениет жөніндегі нағижендерін баяндауды көздейміз, патша өкіме-

тінің отарлау саясатын және казақ еңбекшілерінің ұлы орыс халқымен бірігіп патша өкіметіне, қазактың бай, би, сұлтандарына қарсы күресіне шолу жасалады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының қазақ халқына берген тарихи әжемістері, қазақ халқы мен ұлы орыс халқының тарихи қалыптасқан лениндік-сталиндік туысқандық достығы сыпталады. Сонымен бірге Қазақстанның тарихын жазудағы қателіктер мен өрескел бүрмалаушылықты әшкерелеуде «Правда» газетінің 1950 жылғы 26 декабрьдегі «Қазақстан тарихының мәселелері маркестік-лениндік түрғыдан баяндалсын» деген макала-сы мен партиямыздың идеология жұмысы туралы қарап-ларының маңызы түсіндіріледі.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ РОССИЯГА ҚОСЫЛУ АЛДЫНДАГЫ ИШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЖАҒДАЙЫ

XVIII ғасырдың 30-жылдарының бас кезінде Кіші жүздейінде қазактары Россияға қосылды. Сонымен байланысты Қазақстанның Россияға қосылуы жөніндегі тарихи процесті бастады. Қазақстанның көп үлтты Россияға қосылуы XIX ғасырдың 60—65-жылдарында аяқталды.

Қазақстан Россияға қосыла бастаған кезде оның шаруашылығы өте мешеу еді. Қазақ халқы бірыңғай мал шаруашылығымен ғана кәсіп етіп, көшпелі өмір сүрді.

Бұл кезде қазақ халқының біртұтас мемлекеті де болмады, феодалдық-бытыранқылықпен үш жүзге бөлініп отыр еді. Қазақтың осы жүздеріне үстемдік өткен феодалдар мен сұлтандар қалың бұқараны аяусыз езді, қазақ қоғамын бөлшектеп жүзге бөлудің өзі оны феодалдық бытыранқылық жағдайда ұсташа мақсатынан туды. Қазақ жүздерінің арасында тұрақты экономикалық байланыс болмады. Қазақ жүздеріне үстемдік өткен феодалдар хандыққа, таққа, жер мен суға таласып, қазақ еңбекшілерін канап, өзара үнемі қыркысып, жауласты. Мұндай үздіксіз жүргізілген бақталас жанжалдар, қазақ халқының шаруашылығы мен мәдениетінің дамуына кедергі болды, еңбекшілерді үнемі ауыр азапқа, орасан күйзеліске ұшыратып отырды Сонымен бірге бұл жағдай, патриархалдық-рушилдық қалдықтар мен феодалдық бытыранқылықты сақтай берді. И. В. Сталиннің көрсет-

кеніндей, «Әзінің феодалдық бытыраңқылығынан не-  
князь таластарынан құтыла алмаса дүние жүзіндегі еш-  
бір өл өзінің тәуелсіздігін сактап қала алмайды және  
шаруашылық, мәдениет жағынан елеулі түрде өсе ал-  
майды»<sup>1</sup>.

Қазақстан феодалдық бытыраңқылықты жоя алмады, хан мен сұлтандардың тепкісінен босана алмады, соң-  
дықтан да ол жүздеген жылдар бойы шығыс басқынши-  
ларының жыртқыштық шабуылының нысанасы болды. XIII ғасырда Қазақстан жеріне монгол-татар басқын-  
шилары шабуыл жасады. Олардың қырғын жорығы өл-  
кениң өндіргіш күштерін ойсырата қайыршылыққа ұшы-  
ратты, халықты көптеп қырды. Монгол-татар жорығы Қазақстанды артқа серіп тастады, оның экономикалық,  
саяси және мәдени дамуының карқынын бөгеді.

Монгол-татар езуине қарсы ұлы орыс халқының ерлік-  
куресі және Алтын Орданы талқандауы монгол жоры-  
ғының азабынан тек Һатыс Еуропаны ғана сактап қал-  
ған жоқ, сонымен қабат шығыс халықтарының болашақ,  
тағдыры үшін де аса зор маңызы болды

Алайда монгол-татарлардың Қазақстандағы езушілік дүмпүйінің салдары көпке дейнін бас көтертипеді. Бұл қазақ қоғамының өндіргіш күшінің өте баяу дамуына, патриархалдық-феодалдық қалдықтардың сакталуына, өндіріс пен әлеуметтік қарым-қатнастың токташ қалуына әсерін тигізді.

XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың бас кезінде Қазақ халқы жонғар-қалмақ (ойраттардың) жорығына ұшырады. Көп күйзелісті басынан кешірді. Жонғарлар жорығы қазақ халқы үшін «Ақтабан шұбырынды»— естен кетпес бакытсыздық жылдары болды. Тапталған жайлау, тоналған, өртенген ауылдар, мындаған қазақтардың үй ішімен құрып кетуі, тірі қалғандарының қорлық көруі — міне, осындейларға әкеліп сокты.

Малдан, үйден, коныстан айрылған талай үйлі жандар аштан қырылды. Жонғарлардың шапқыны болған жылдары «Ақтабан шұбырынды», «Алқалы көл сұламалы» жылдары деп аталынып қазақ халқының тарихына енді.

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Москванды құттықтау, «Правда» 1947-ж. 7-сентябрь.

Кара таудың басынан көш келеді  
Көшпен бірге бір тайлақ бос келеді,  
Тұған жерден айрылған жаман екен,  
Екі көзден мөлдіреп жас келеді,—

деп зарлады сол кездегі казак халкы.

«Ақтабан шұбырынды» жылдарында да сұлтандардың арасында феодалдық қырқысулар және өкімет билігі үшін таластар тоқталмады. Бұл феодалдық бөлшектенушілікті көріне күштейте түсті. Қазак қоғамы жеке феодалдық иеліктерге бөлініп, күннен-күнгө ыдырай берді және оның үстіне жоңғар басқыншылары тарапынан төнген куаіп бұрынғыдан да күштейе берді. Сейтіп, XVIII ғасырдың 30-жылдарының бас кезінде қазак халқының ішкі жағдайы аса ауыр болды.

Жоңғарлардың шапқыншылығының зардабы мем ауырталығы, еналдымен қалың бұқараның басына түсті. Қазактар туған жеріне, көшіп-конып жүрген қонысина қайтып оралу үшін, бейбіт өмір сүру үшін жол ізделі. Қалың бұқара бұл қыйыншылықтан құтылу үшін Россияға косылып, ұлы орыс халқына паналауға, оған арқа сүйеп өмір сүруге үмтүлді. Міне, XVIII ғасырдың 30-жылдарында Кіші жүздің қазактары Қазақстанның Россияға косылу процесін осы тұрғыда бастады.

Жоңғар басқыншыларының шапқыншылығы үстінен Шығыстың орта ғасыр шенберіндегі мемлекеттері — Хиуа, Қокан, Бұқара хандықтары мен шығыстағы Қытайдың реакцияшыл феодалдары өздерінде іргелес жерде көшіп-конып жүрген қазак ру-тайпаларына шабуыл жасады, аяусыз салық салды, оларды тұтқынға алды, бағынбай карсылық көрсеткендерін өлтірді.

Одан әрі XIX ғасырдың бас кезінде кәзіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының жерінде Қокан және Хиуа хандықтары зор куаіп туғызды. Шығыстың орта ғасыр шенберінен шыға алмаған — Хиуа, Қокан, Бұқара хандықтары Англияға арқа сүйеп, Қазақстанның ағылшын-американ отарына айналу қуаіпін тудырды.

Ол кезде Қокан хандығын басқаратын Әлім хан еді. Әлім хан Оңтүстік Қазақстанның жауулап алуды өзінің таяудағы максаты етіп қояды. 1808 жылы Әлім хан Ташкентті өздерінде бағындырғаннан кейін қоқандықтар, көршілес қазак қо-

ныстарына шабуыл жасайды. 1808—1809 жылғы қыстыгүні Әлім хан Шымкент және Сайрам аудандарына көп әскер жіберіп, казак ауылдарын талап, малдарын айдал кетеді, көп қазакты өлтіреді және тұтқынға алады. Та什кент, Түркстан және Әуліеата (көзіргі Жамбыл) қала-ларына дейінгі ұлан-байтақ жердегі қазактар қатты жұтап, адам айтқысыз күйзеліске ұшырайды. Әлім хан-нан кейінгі қоқан хандары да казак халқын қатты күйзелтті. Бүкіл Оңтүстік Қазақстанда қоқандықтар қазактың қоныстарын тартып алғып, камалдар салды, қоқан камалдарында жұмыс істейтін қазактардан алым-салық жыйнап мейрімсөз қанап, талады.

Қазактарды Хиуа хандығы да аяусыз қанады. Хиуаның феодалдары жаксы жайылымдарды, шұрайлы жерлерді, әсіресе Сырдарияның төменгі жағын өздеріне бағындыруды көздеді. Осы максатпен 1806 жылы Хиуаның ханы — Мұхамет Рахым Сырдария қазактарын кару күшімен бағындыру үшін басқыншылық шабуыл бастады. Хиуалықтар казак ауылдарын бірнеше рет шауып алғып ойрандады. Сөйтіп, Бұхара, Хиуа хандықтары да жонғар басқыншылары сияқты казак қауымына бүліншілік, зорлық-зомбылық көрсетті, аштық-жалаңаштыққа ұшыратты. Орта гасырдың шенберінен шыға алмаган, мұнымен бірге Орта Азия мен Қазақстандағы ағылшын-американ отаршыларының сыйбайласы болған Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтарының Қазақстандағы жаулап алғып құлдану каупі, одан әрі Қазақстанды ағылшын-американ капиталистерінің отарына айналдыру каупі күшіе берді.

Қазақстан жеріндегі ұшан-теңіз байлықка қызығып, араны ашылған ағылшын-американ отаршылары Қазақстанды жаулап алуға, оны өзінің отарына, ал қазак халқын құлаккесті құлына айналдыруға ұмтылды. Ал, жалпы алғанда, ағылшын отаршылары Қазақстан мен Орта Азияны «менгеріп» Индия сияқты отарына айналдыру үшін бұдан 150 жылдан астам бұрын әрекеттегене бастаған еді.

Ағылшын-американ отаршылары Қазақстанды, Орта Азияны басып алғып, Россияға қарсы құрес жүргізу үшін Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарының «одақсымағын» үйімдастырыды. Бұл «одақсымақ» Англияның айтқының істеуге тиіс болды. Хиуа хандығы осы «одақсымақтың» орталығы болып белгіленді. Ал, Хиуа ханы Англия үкіметтіңің қолшоқпарларына айналды. Англия Хиуа хандығы-

ның әскерлерін қару-жаракпен, оқ-дәрімен жабдықтап атырды. Орыс армиясына қарсы күрес жүргізуге арнап Хиуа әскерлеріне ағылшындар жіберген қару-жарактан казак халқын зар еніреткен Кенесары Қасымовтың жендертері де пайдаланған.

Міне осындай жан-жактан жабылған жауға қарсы күресу үшін қазақ халқының жеткілікті күші болмады, оның экономикасы, ішкі бірлігі нашар болды.

Сыртқы жау қазақтың жерін және мал-мұлқін, көнбайлықтарын талап-таражға салып жаткан кезде қазақтың өз ішіндегі феодалдары мен сұлтандары, байлары да енбекшілерді қатты қанады. Сұлтандар, ру басы билер қауымның, рудың жерлерін тартып алғып, өз малының жайылымына айналдырды. Шоңжарлар-сұлтандар мен ру басы билердің қауымдық жерді тартып алуының күшсійгендігі Қазақстанда феодалдық экономиканы иштейта беруге келіп тірелді. Сұлтандар бастаған уделльді система орнатуға үмтүлған хандар мен сұлтандардың саясаты қазақ қауымының нашарлап тозғындаі беруінің себебі болды. Бұл кезде саяси өкімет билігі сұлтандардың және оларға қосылған беделді ірі билердің қолында еді. XVIII ғасырда қазақ енбекшілерін сұлтандар жерден ығыстыру үстіне мал, азық-тұлік алу жолымен де қанады, ал би, старшиналар еріксіз жұмыс істету жолымен қанады, XIX ғасырдың алғашкы жартысында сұлтандар да, би старшиналар да, яғни бай-феодалдар қазақ енбекшілерін әрі жер арқылы, әрі мал, азық-тұлік алу, әрі жұмыс істету жолымен қанауды қүшайте түсті. Малы жок, немесе малы аз, өздігінен көшуге шамасы келмейтін, шаруалар феодалдардың, сұлтандардың қарамағында болып кіріптарлық өмір сүрді. Үстем тап шаруалардың қолышдағы болмашы жерлердің өзін тартып ала бастады.

Бұл кезде феодалдар елден алым-салық алушы да көбейтеді. XIX ғасырдың алғашкы жартысында феодалдардың байтын негізгі табыстары алым-салық, біреудің еңбегін қанаушылық болды. Мысалы, зекет алушмен қатар «соғым», «сыбаға» дегендерді алғып журді. Хандардың, сұлтандардың, би, старшиналардың қысқы соғымына елден салық ретінде мал жыйналды. Сонымен бірге құн төлеу, барымта алушың ауыр салмағы бұқара халыққа түсті. Сұлтандар мен би, старшиналар пайданы көптеп

табу үшін, баю үшін барымтаны күшейтті, рулар арасындағы алакөздікті тудырды.

Міне, осындай ішкі және сыртқы ауыр жағдайларда Қазақстанның Россияға қосылуының, ұлы орыс халқымен достасуының қазақ халқының өмірі үшін, болашағы үшін, ішкі және сыртқы жаулардан құтылуы үшін зор тарихи прогрестік маңызы болды.

Шынында, қазақ халқын ішкі және сыртқы шапқыншылықтан, реакциядан құтқаруда, оның демократиялық, революциялық және мәдениет жөнінен өсуінде орыс халқының атқаратын ролі мен көрсетстін үлгісі, көмегі сол кездің өзінде-ақ орасан зор еді.

Россия жеріне дүшпандардың басып кіріп, шапқыншылық жасауының көп болғаны жүрттың бәріне тарихтан мәлім. Сонымен бірге ешбір басқышы, ешуақытта орыс халқының басын игізіп, тізесін бүктіре алмағаны да мәлім. Мысалы, XIII—XIV ғасырларда орыс жеріне монғол-татар басқышылары баса-көктеп енді. XIII ғасырда Тевтон рыцарлары, XVII ғасырда поляк шляхтыларының интервенттері, XVIII ғасырда швед басқышылары, XIX ғасырдың басында Наполеон өскерлері шапқыншылық жасады.

Орыс халқы бұл жауларды талқандап, өз жерінен үздікесіз қуып отырды. Мұнда орыстар өзінің елін, жерін қорғап қалып кана отырған жоқ, сонымен бірге Европа мен Шығыс халықтарын да шапқыншылардан қорғады. Ұлы Орыс халқының басқа халықтарды жаудан қорғап қалу ролін демократ, ғалым Н. Г. Чернышевский быладай деп сыйпаттады: «Орыстар саяси тарих бетінде гунидар мен монголдар сыйкты тонаушы, шапқынши болып көрінбейді. Халықтарды монголлардың тепкісінен құтқарушы... және француздар мен Наполеонның тепкісінен құтқарушы болып көрінеді»<sup>1</sup>.

Орыс халқы ілгергі заманнан бері біздің еліміздің халықтарының патша өкіметі мен помещиктік қанауға қарсы жүргізген күресінің үйткисы болып, оны басқарды. Россияда XVII ғасырдың басында Иван Болотниковтың басшылығымен болған, XVII ғасырдың екінші жартысында Степан Разиннің және XVIII ғасырдың аяғында Емельян Пугачевтің басшылығымен болған феодалдарға — патшага қарсы шаруалар соғысы Россия халықтары-

<sup>1</sup> Н. Г. Чернышевский, Әдебиет мұралары, II-том 44-бет.

ның азаттық үшін күресінің тарихында өшпес із қалдырыды.

Ұлы орыс халқы әрқашанда ұлттық езушілікке қарсы шықты, еліміздің халықтарына адал ниетпен қарады, олардың патша өкіметіне және жергілікті қанауыш тап — феодалдарға, бай, сұлтандарға қарсы күресін басқарды. Крепостниктікке, патша өкіметінің зұлымдық саясатына ұлы орыс халқының алдыңғы қатардағы саяси өкілдері батыл қарсы шықты.

Бізге, саналы великорусь пролетарларына, ұлттық мақтаның сезімі жат нәрсе мә? Эрине, жоқ! Біз өз тілімізді, өз Отанымызды сүйеміз, біз Отанымыздың еңбекші бұқарасын (яғни оның халқының  $\frac{9}{10}$  бөлегін) демократтар мен социалистердің саналы тұрмысына жеткізу жолында бәрінен де гөрі көп еңбек сіңірудеміз. Біздің тамаша Отанымызды патшаның жендеттері, дворяндар мен капиталистер нендей күштеушілікке, тепкіге, қорлыққа ұшыратып жатқанын көріп, сезіп отыру біздің жанымызға бәрінен дә гөрі қатты батады. Біздің мақтаның ететтіміз — осы күштеушілікке қарсы біздің Ортамыздан, великорусътардың ішінен тойтарыс берілді, осы орта Радищевті, декабристерді, 70-жылдардағы әр шенді революционерлерді шығарды, великорусь жұмысшы табы 1905 жылы бұқараның айбынды революцияшыл партиясын құрды, сонымен бірге великорусь мұжығы демократқа айналып, поп пен помещикті құлата бастады деп көрсетеді Ленин.

Шынында солай, Россияның революциялық дәстүрі көптең бар. Қазақстанның Россияға қосылуы кезінде ол дәстүр жасақталынып, қалыптаскан кез еді. Бұл кезде, тарихқа мәлім орыс халқы өз арасынан революцияшыл үш үрпак шығарды. Бұлардың біріншісі дворян революционерлері — декабристер, бұлардан кейінгілері Герцен. Чернышевский мен Добролюбов бастаған революцияшыл демократтар, XIX ғасырдың аяғындағы жаңа үрпактар. — В. И. Ленин мен И. В. Сталин бастаған пролетарлық революционерлер еді.

Ұлы орыс халқының атакты ұлдары Ломоносов, Пушкин, Лермонтов, Толстой, Герцен, Чернышевский, Плеханов, тағы басқалар дүние жүзі мәдениетінің асыл қазиансына үлкен үлес қости. В. И. Ленин ұлт мәселесін де, ұлттық мәдениетті де ешқашан таптан тыскары алғы

қарамаган, мысалы, В. И. Ленин өзінің «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген еңбегінде: «Әрбір кәзіргі ұлттың ішінде екі түрлі ұлт бар..., — деп келеді де, — әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі ұлттық мәдениет бар. Пуришкевичтердің, Гучковтардың және Струвелердің великорустық мәдениеті бар,— ал мұнымен қатар Чернышевскийдің, Плехановтың аттарымен сыйнапталатын великорустық мәдениет те бар»<sup>1</sup> деп орыс ұлтын да, орыс мәдениетін де таптық тұрғыдан алып караіды.

Орыс халқы өз ортасынан тамаша қолбасшылар шығарды; Дмитрий Донской, Михаил Кутузов, Александр Суворов т. б. шығарды.

Олардың қаһармандық ісі мен патриоттық ұлгісі әр қашанда ерліктің туы болып келді. 1941—1945 жылдардағы Совет Одағының Ұлы Отан соғысының жауынгерлерін рухтандыру үшін И. В. Сталин «Біздің ұлы аталарамыз — Александр Невскийдің, Дмитрий Донскойдің, Кузьма Мининнің, Дмитрий Пожарскийдің, Александр Суворовтың, Михаил Кутузовтың ерлік бейнелері бұл соғыста рухтандырып, сіздерге қайрат берсін!» деп бүкіл совет жауынгерлеріне, оның ішінде қазақ жауынгерлеріне де ариап ұран тастады. Орыс халқы өз ортасынан дана ғалымдарды да шығарды. Ондай ғалымдардың тұңғышының бірі заттың сакталу заңын тұңғыш ашқан орыс ғалымы М. В. Ломоносовты бүкіл дүние жүзі құрметтейді. Нагыз материалистік ғылымды дамытуда және идеализмге қарсы күресте Ломоносовтың бұл заңының зор маңызы болды. М. В. Ломоносов мейлінше жан-жақты адам болды, орыс тілін, геологияны, химияны және басқа ғылымдарды дамытуда оның дүниежүзілік ғылым қазнасына қосқан үлесі көп.

Тұңғыш рет радионы ойлап тапқан А. С. Попов, элементтердің бүкіл дүниежүзілік периодтық системасын жасаған Д. И. Менделеев, адам мыйының шартты рефлекстері туралы ғылымды жасаған И. М. Сеченов пен И. П. Павлов, агробиология ғылымын жаңа сатыға көтеріп, оны дамытқан И. В. Мичурин, авиацияның атасы Н. Е. Жуковскийлер — орыс халқының ортасынан шықкан бүкіл дүние жүзіне белгілі ғалым адамдар.

Орыс әдебиетінің классиктері — Пушкин, Лермонтов, Герцен, Чернышевский, Некрасов, Салтыков-Щедрин,

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 20-том, қазақшасы, 18-бет.

Гоголь, Тургенев, Л. Толстой, А. Чеховтың мәңгі өшпес шығармалары да бүкіл дүниежүзі мәдениетінің қазнасына алтын қор болып қосылып отыр.

Мұның үстіне орыс халқы ғалымдардың тенденсі жок алдыбы, заманымыздың данышпаны және ұлы өзгертушісі, дүние жүзі пролетариатының кесемі және ұстазы. Коммунистік партияның негізін салушы және үйымдастырушы, тұңғыш советтік социалистік мемлекетті ориентуши — Владимир Ильич Ленинді берді. Ленинизм дүниежүзілік ғылми — революциялық теория мен тәжрибелің ең жоғарғы табысы болумен бірге, орыс мәдениетінің баға жетпес қасиетті жемісі болып табылады. «Ленинизм, — деді И. В. Сталин, — империализмің жағдайында, капитализмнің қайшылықтары ең ақыргы шегіне жеткен кезде, пролетарлық революция туралынде шешілетін мәселеге айналған кезде, жұмысны табының революцияға дайындалатын ескі дәуірі капитализмге туралы шабуыл жасайтын жаңа дәуірге келіп тіреліп, сол дәуірге айналған кезде өсіп, қалыптасты»<sup>1</sup>.

XIX ғасырдың екінші жартысында Россияда өнеркәсіп айрықша өркендей бастайды, соның иәтижесінде Россияда өнеркәсіп пролетариаты өседі. 1870—1880 жылдардан бастап орыс жұмысшылары үйымдастан түрде күрес жүргізу жолына түссе бастайды. Россия дүниежүзілік революцияшыл қозғалыстың орталығына, ленинизмнің туған еліне айналады. 1882 жылы «Коммунист партиясы манифесінің» орынша басылуына жазған кіріспе сезінде Маркс иен Энгельс Россиядағы азаттық қозғалыстың дүниежүзілік тарихи маңызын көрсеттіп: «...Россия Европадагы революциялық қозғалыстың ең алдыңғы қатардағы отряды» деп жазды.

Ұлы орыс халқы — ССРО халықтарының тенденсінде тұысқан семьясында бірінші орын алады, аға халық, болады. Ол Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасауда, онан соң совет әкіметін орнықтыру үшін күресте және көп ұлтты советтік социалистік мемлекет құруда және оны нығайтуда да, халықтардың тұысқандық достығын дамытуда да, елімізде социализм орнатуда да үлкен роль атқарды.

Совет Одағы Ұлы Отан соғысы кезінде ұлы орыс халықтарының атқарған ролі, көрсеткен қаһармандығы.

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 6-том, қазакшасы, 83-бет.

ның тарихта тендесі жоқ. 1945 жылы 24 майда Иосиф Виссарионович Сталин Совет Одағының фашистік Германияға қарсы тарихи ұлы жәнестің атап көрсете келіп, бұл жәнестегі орыс халқының орны, ролі туралы ғылай деді:

«Мен, еңалдымен, орыс халқының саулығына ішемін, өйткені ол Совет Одағындағы барлық ұлттар ішіндегі ең озат шыққан ұлт.

Мен орыс халқының саулығына тост көтеремін, өйткені ол бұл соғыста еліміздің барлық халықтары арасында Совет Одағының жетекші күші деп жалпы жүргітанырлық еңбек сіңірді.

Мен орыс халқының саулығына тост көтергенде, оның жетекші халық болғаны үшін ғана емес, оның айқын ойлы, тұрақты мінезді және төзімді халық болғаны үшін де тост көтеремін»<sup>2</sup>.

И. В. Сталин бұл терең тарихи мәні бар сөзінде ержүрек орыс халқының Совет Одағындағы ұлттардың ішінде жетекші ұлт екендігін, халықтар достығының ұйтқысы екенін ашып көрсепті. Қазақ халқы, міне осындалай достықтың ұйтқысы болған Лениннің Россияның қосылды.

Қазақстаниң Россияға, ұлы орыс халқына қосылуына ерте кезде қарсы шыққандар болды, олар сыртқы отаршылар, ішкі реакцияшыл хан-сұлтандар еді. Бірақ олардың зымияндық ойы іске аспады.

Хиуа және Қоқан хандықтары қазақ жерлерін басып алғып, оның халқын билеу үшін үздіксіз басқыншылық әрекет жасады. Ол үшін ислам дінін пайдаланды. Бірнеше дүркін қазақ халқына үндесу жазып, «мұсылман дінінен айнымандар», «жат дінділердің—христиандардың ырқына көнбендер» деп үгіттеді. Қесесары сыйкты елден шыққан ала-аяқтарды Хиуа ханы қарсы алғып, оған көріне қарулы көмек берді. Хиуа хандығы орыс отрядтарының алдын бөгөу үшін Сырдарияның төменгі жағына және Сырдарияға құятын сулардың бойына қамалдар салды.

Алайда дүшпаниның әрекеті іске аспады. Орыс әскерлері қазақ солдаттарымен бірлесе отырып, Хиуа ханының

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Совет Одағының Ұлы Отан соғысы туралы, 1951-ж. 196-бет

шабуылын тойтарды, хиуалықтарды Сырдария бойынан құып шықты.

Хиуалықтар сыйқты, қоқан феодалдары да орыс-казақ халқының достық қарым-қатнасын бүлдіруі үшін Россияға қарсы өзінің куресінде мұсылман дінін қару қылып үстады. 1864 жылы Россия Қоқан хандығына қарсы әскер аттандырып, екі жақтан шабуылға шықты. Орыс әскерлері Сырдария жағында — Перовский (кәзіргі Қызылорда) фортынан, Жетісу жағында — Верныйдан (кәзіргі Алматы) аттанды. Сөйтіп аз уақытта-ақ қазақ халқының екі қаласын — Әулиеата (кәзіргі Жамбыл) мен Түркстанды қоқандықтардан азат етті.

Орыс әскерлері бұдан соң Ташкентке қарай алға басты. Мұның Орта Азия халықтары үшін ерекше маңызы болды. Өйткені Орта Азияны басып алғып, Индия мен Африканың басына түскен құлдықтың бұғауын — Англия басқыншылары — күн сайын Орта Азия халқына да төндіріп келе жатыр еді. 1865 жылдың көктемінде бұл қалаға орыс әскерлері шабуыл жасады. Әлімқұл хан Ташкент түбіне 7 мың әскер жыйнады. Мұның ішінде Қенесарының баласы Садық сұлтан да болды. 1865 жылы 9 майда орыс әскерлері Қоқан хандығының әскерлерін қыйратып, Ташкентке таянды. Көп кешікпей қоқан хандығын талқандады. 1866 жылы январь айының ішінде Россия әскерлері Сырдан өтіп, Бұқара хандығының жеріне кірді. Бұқара ханымен тағы да соғыс басталды. Бұл соғыс екі жарым жылға созылды. Ақырында Бұқара ханы жеңіледі. Соның нәтижесінде Орта Азия халықтары Россияға қосылды. Сонымен бірге, Бұқара хандығының солтүстік жағында тұратын қазақтар да Россияға қосылып, Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталды.

Қазақстаниң Россияға қосылуына қазақтың Қенесары Қасымов сыйқты феодалдары мен сұлтандары, би, старшиналары қарсы курес жүргізді.

Ал Қазақстаниң Россияға қосылуын құлышна жақтаған халық бұқарасы болды. Өйткені «Актабан шұбырындының» адам айтқысыз ауыр азабын халық бұқарасы көрді, жонғарлардың тағы да шабуыл жасау қаупі үздіксіз төңді. Оның үстіне ағылшын-американ өтаришыларының Орта Азиядағы одагы Орта Азия хандарды да қазақ халқына шабуыл жасап, озбырлық көрсетті. Жонғарларға және Орта Азия хандықтарына қарсы күресте халықтың күші сарқыла бас-

тады, ауылдың экономикасы әлсіреді. Қазақ халкы күшті одақтасы болмаса бір өзі ішкі және сыртқы реакцияны — басқыншыларды жеңе алмайтындығын білді. Бұған қосымша феодал топтардың арасындағы өкімет билігі жолындағы қыяни-кеекі таластар қазақ ауыльның шаруашылығын бұрынғыдан да күйзелтті, қалың жүртшылық бейбітшілікті және тыныштықты көкседі. Олар жоңғарлар мен Орта Азия хандыктары басып алған жайлауларды қайтарып алуды, басқыншылық шабуылдан, құлдықтан құтылууды арман етті. Мұның барлығына кол жеткізу үшін — іргесі берік, қару-жарагы мол — Россияға арқа сүйемей болмайтынын халық жақсы білді. Сондықтан да халық Россияға қосылуға үмтүлді, бұл жағдай бейбітшілік, тыныштық орнатады және бұрынғы коңысты қайтып алуға себеп болады деп білді.

Әрине, көпшілік халықтың игі тілегін, орынды талағын елемей, жеке басының мұддесін көздеген, тарихтың дөңгелегін өзінің ырқымен айналдырып кері бүрғысы келгендер де болды. Бірақ біз «...әрбір қоғамдық құрылышты және әрбір қоғамдық қозғалысты «мәңгілік әділді», немесе басқа бір үшқару алынған идея тұрғысынан бағаламай (тарихшылар көбінесе осылай бағалайды), осы қоғамдық қозғалысты турызған және осыларды өзіне байланысты ететін жағдайлар тұрғысынан бағалау керек»<sup>1</sup> екендігін естен шыгармауымыз керек.

Әсіресе ұлт қозғалыстарының тарихын зерттегендеге, ұлт мәселесінің социалық қыйын мәселе екендігін еске ала отырып, бұл мәселенің барлық жагын бірдей қамту керек. «Мәселенің диалектикалық қойылышы, — деп көрсетті И. В. Сталин, — тегінде бір жерде қажет болатын болса, нақ осы жерде, ұлт мәселесінде өте-мөтес қажет»<sup>2</sup>.

И. В. Сталин «Октябрь төңкөрісі және ұлт мәселесі» деген мақаласында оған қоса тағы да былай деп көрсетті:

«Ұлт мәселесі өзімен өзі ғана болып отыратын, мәңгі бір қалыпта тұрып қалатын мәселе емес. Қазіргі құрылышты өзгерту туралы жалпы мәселенің тек бір бөлімі бола отырып, ұлт мәселесі тұтасымен әлеуметтік жағдайға қарай, елдегі үкіметтің сыйпатына қарай, жалпы

<sup>1</sup> БҚ(б)П тарихының қысқаша курсі, қазақшасы, 110-бет.

<sup>2</sup> И. В. Stalin, Шығармалар, 2-том, қазақшасы, 352-бет.

айтқанда, қоғамдық дамудың бүкіл барысына карай аныкталады»<sup>1</sup>.

В. И. Ленин мен И. В. Сталин ұлт қозғалысының кезкелгені бірдей прогрестік, азаттық қозғалыс бола бермейді деп үйретеді. Ұлттық қозғалыстың ішінде революциялық қозғалыстың даму мақсатына қайши келіп, еңбекшілердің таптық сана-сезімінің дамуына кедергі келтіретін де болады.

Сонымен бірге сыртқы империалистер мен реакцияшыл мемлекеттердің өзінің басқыншылық мақсаты үшін, өзінің бақталасына қарсы әртүрлі қозғалыстар үйымдастырығаның, мұндай қозғалыстарға ұлттық немесе дін сыйпат бергенін біз тарихтан жақсы білеміз.

Кенесары Қасымовтың көтерілісін міне осы тұрғыдан алып карауымыз керек.

Қазақстанның Россияға қосылуына байланысты Кенесары сияқты «сый» үстінен, бұқара халық есесінен өмір-сүріп келген феодалдардың праволары әлсіреді, ілгеріден еркін жүріп келген — бас асаулық, озырылыш ерекшелігі тұжырыла бастады. Бірақ оны қолында сактағанда қалуға ол әлсіз еді. Соңдықтан ол басқыншының каруына сүйену керек болды. Екіншіден, соқыр сенім дінді пайдалануды көздеді. Бұл кезде шығыстың феодалдық мемлекеттерінің қолындағы соқыр сенімдік қаруы «газават» ұраны болды. Россиядан Қазақстанды бөліп алу, қазақ еңбекшілерін ортағасырлық бұғауда қалдыру үшін ол қаруды Кенесары да пайдаланды. Россияға қарсы дін үшін деген жалған ұранмен «каснепті соғыска» аттанбақ болды. Ал, олардың бұл зымыяндық арамниетін Орта Азия хандықтарына дем беріп, айтактап отырған Англия басқыншылары қолдады.

Кенесары бұл кезде үлкен правомен, артықшылықпен пайдаланатын феодал еді. Феодал аксүйектеріне бұл қосылу ауыр соққы болып тиді. XIX ғасырдың алғашкы шырегінде Россияға қосылғаннан кейін Қіші және Орта жүздерде хандық өкіметтер жойылды. Сұлтандар елден салық ала алмайтын болды, олардың зорлық-зомбылығына шек койылды. Мұның бәрі феодал аксүйектердің тарапынан Россияға қарсы наразылық тудырып, барабара олардың феодалдық-монархиялық «ұлтшылдық» ниетін қоздырды. Кенесары Қасымовтың қозғалысы дәл

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 4-том, қазақшасы, 174-бет.

осындағы феодалдық-монархиялық сыйпаттағы қозғалыс еді.

Кенесары Қасымовтың реакциялық түрғыдағы қозғалысының мәнін «Правда» газетінің 1950 жылғы 26 деқабрьдегі «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік түрғыдан баяндалсын» деген мақаласы мен 1951 жылғы октябрь айында өткізілген ҚҚ(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы түбірінен ашып көрсетіл берді. Кенесары өзінің монархиялық мақсаттарын жүзеге асырмақшы болды, ол қайткен күнде де ортағасырлық қатал тәртіптегі өзінің хандығын қайта орнатуды көзdedі, қазақ халқын зорлықпен Россияға қарсы аттандыруды ойлады. Өзінің бұл арамниетті күресінде ол Орта Азия хандықтарына арқа сүйеп, бұлардан көмек алып отырды.

Қозғалысқа басынан аяғына шейін басшылық етіп дүрліктіруші Кенесары және оның жақындары болды. Кенесары патша өкіметінің атына бірнеше рет мынадай хат та жолдады: «Бастықтарға қарсы болғым келмейді, — деп жазды ол, Оренбургтың генерал-губернаторына,— мен кәзір қамалдар салынған жерлерді қайтып бер деп те сұрамаймын. Тек қана сіз әміршіміз императордан маған біздің әкемізден қалған мұраны, Торғай, Ұлытау, Сарысу бойларын, Есіл-Нұра бойының төмөнгі жағын сұрап әперсеңіз, онда мен әміршіміз император үшін тілек тілер едім».

Міне, бұдан Кенесары Қасымовтың алдына қойған мақсаттары үлттық, азаттық, халықтық қозғалыстарға үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығы көрінеді. Демек, Кенесары қазақ халқының мұддесін сатты, өз басының қамын ғана ойлады.

Тарихи документтерде бұл қозғалысты дүрліктіруші де, алып жүруші де тек қана феодалдық топтар — сұлтандар, Кенесарының туыстары мен жақындары және оның аздаған төленгітері болғандығы айтылады.

Қозғалысқа қосылмай, одан іргесін аулак салғысы келген ауылдар мен топтарға, өзіне бағынбағандарға Кенесары қатаң шабуыл жасады. Мәселен, Кенесары 1843 жылдың июлінде Шектінің Тілеу деген ауылдарын өзіне бағынбағаны үшін талап шауып кеткен. Кенесарының мұндай шабуылдары жөнінде көптеп мысал келтіруге болады.

Кенесарының қatalдығы, жыртқыштығы халық ара-

сында күшті наразылық тудырды. Қазактар Қенесары-га қарсы ашық карулы куреске аттаанды. Мысалы, 1844 жылы Жаббас ауылдарына Қенесарының інісі Наурызбай бастаған жасауылдар келіп, зекет жыйнауды сұлтау етіп, шықадарды тонаиды, адамдарды жәбірлейді. Жергілікті жүрт бұған төзіп отыра алмай колдарына қару алып, Наурызбайға қарсы ұрысқа шыгады, оның бүкіл жасауылдарын талқандайды, тек Наурызбай ғана қашып құтылады. Міне, халық бұқарасы тарапынан болған осы қаревілікка жауап ретінде Қенесары Жаббас тайпасының 137 ауылын жок етіп жібереді, адамдарын өлтіріп, малдарын айдал кетеді. Қейінде Қенесарының осындай озбырлығына ұшыраған осы ауылдардың жүздеген қазактары аштан өледі. Қенесары баскесерлерінің мұндай ектемлігі халық бұқарасының өшпендейділігін қоздыра туғеді. Қенесарыға қарсы көтерілген қазак руларының саны жылдан-жылға өссе береді. Міне, осының өзінен-ак Қенесары қозғалысының халыққа қарсы, енбекші бұқараға қарсы бағытталған реакцияшыл қозғалыс екендігі айқын көрінеді.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ РОССИЯГА ҚОСЫЛУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЖӨНІНДЕГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстанның Россияға қосылудының нәтижесінде ұлы орыс халқын паналаган қазақ халқы жоңғарлардың, Орта Азияның артта қалған Хиуа, Қокан және Бұхара хандықтарының құлдығынан, мұлдем құрып кету қаупінен аман қалды, қазақ халқының елдігі сакталды. Американ-ағылшын отаршылары құлданып отырган Шығыс елдерінің жағдайында өмір сүруден аман қалды. Қазақ халқы орыс халқымен арасын, оның алдыңғы қатарлы қорамдық ой-пікірлерінен, озат мәдениетінен үлгі, өнеге алды. Қазақ халқы орыс халқымен арасында нәтижесінде бұрынғы оқшаулықтан, тұйықтылықтан шығып, революциялық процеске, дүниежүзілік тарихи ағымға қатысуға мүмкіндік алды. Орыс шаруалары Қазақстан жеріне келіп орналасты. Олардан қазақ шаруалары шаруашылық дағдыларын, әдістерін үйренеді. Отрықшылыққа бет алды, егіншілікті кәсіп ете бастады. Қазактар базарға малдарын, шикізаттарын апарып сатып, өндіріс товарларын ала бастады.

Қазақстанның Россияга қосылуы товар-акция қатнасының қазақ ауылдарына тарауына қолайлы жағдай туғызды, екінші сөзбен айтқанда, орыс капитализмінің қазақ даласына тарауына кең жол ашты. Мұның өзі қазақ қоғамы ішінде тап күресінің шиеленісе түсүіне әкен соқты, сонымен қатар қазақтың шаруашылық тұрмысын өзгертті.

Орыс капитализмі қазақ даласына снумен байланысты мал өсірушілік, ал мұнаи кейін егіншілік барған саяын товарлы өндіріс сыйпатына ене береді. Сөйтін Қазақстанда патриархалдық-тұйықтық жойыла бастаған, сауда қатнастары және таптық жіктелулер күшетті. Россиядан Қазақстан жеріне қарай темір жолдар салына бастады. Қазақ халқының Россияга қосылуының, Ұлы орыс халқымен араласуының нәтижесінде қазақ халқының идеологиясына да негізгі өзгерістер кірді. Орыстың алдыңғы қатарлы, прогрессіл адамдары қазақ халқының өміріне, мәдениетіне игі адал инисттерімен көзіл аудара бастады.

А. С. Пушкин Оренбург жеріне келгенде казактың «Қозы Қөрпеш Баян сұлу» атты поэмасын архивтен іздейтіріп, жазып алған; орыстың ғалымдары — Б. Левшин, Обручев, Семенов-Тяншанскийлер қазақ халқының тарихын зерттең еңбек жазған.

Орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениеті қазақ халқының Шоқан Уәлиханов, Ұбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты агартушыларының, мәдениет қайраткерлері ой-пікірлерінің қалыптасуына әсер етті. Орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениеті мен әдебиеті мұсылмандақ шығыстың артта қалған феодалдық мәдениеті мен реакцияшыл идеологиясынан әлде қайда артық екендігі бірден көрінді. Сондыктанда қазақтың үздік ұлдары Абай, Шоқан, Ұбрай қазақ халқының ұлы орыс халқымен достасуға, оның тілін үйренуге, өскелең мәдениетінен, өнер-білімінен өнеге, нәр алуға шақырды.

Бұл айтылғандарды енді толығырақ түсіндірейік. Қазақстан Россияға қосылғаннан кейін орыстың товар өндірісінің продуктылары қазақтардың арасына келе бастады. Қазақстанда мал шаруашылығының өнімі мол еді. Екінші жағынан, Орта Азияға баратын керуен жолдары қазақ коныстарының үстінен өтті, жол-иәнекей орыс саудагерлері товарларын қазақтарға да сатты, көркті заттарына айырбастады.

Орыстардың қазақтармен жүргізген саудасы XVII ғасырдың 40-жылдарында-ак басталды. Гурьевте, Оралда, Троицкіде, ал Сибирь жағынан — Петропавлда, Омскіде, Семейде едәуір айырбас саудалары жүргіzlді. Қазақтардың базарға шығаратындары көбінесе мал болды. Оренбуркке айырбас үшін көбінесе қой айдалатын еді.

Россиядан Қазақстанға өнеркәsіп заттары: металл бұйымдары, түрлі маталар әкелінді. Едәуір мөлшерде астық айырбасталды. Орыс саудагерлері Қазақстанға мал шаруашылығы өнімінің мол коры және өнеркәsіп товарларын өткізетін кең базар деп қызықты. Олар Қазақстандағы саудадан орасан көп пайда тапты, өнеркәsіп товарларын тері-терсекке, жүнге, аң терілеріне айырбастады. Қазақстан тоң май, тері сыйқты мал шаруашылық өнімдерін шетел базарына шығара бастады.

Петропавлға таяу Тайыншакөл маңында — жазда үлкен жәрмеңке болатын. Мұнда орыс товарлары сатылды. Қазақтар малға айырбастап көптеген товарлар алғатын болды. Бұл сыйқты сауданың дамуы қазақ шаруашылығына, түрмисына әсер етті. Кейін казақтың өз ішінен саудагерлері шығып, олар шекараларда, форттарда, ауылда үлкен сауда-саттық ісін жүргізді. Мысалы, 1863 жылы Баянауыл округіндегі 107 саудагерлердің 68 қазақ еді, 60-жылдардың орта шенінде Перовск (көзіргі Қызылорда) фортындағы сауданың дені жергілікті қазақ саудагерлерінің колында болды. Бұлар товар сатып алу үшін Ірбіт жәрменкесіне, қытай қаласы — Шәуешекке барып жүрді.

XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстан тек сиртқы саудамен, көбінесе Россиямен жүргізілген саудамен ғана айналысып қойған жоқ, сонымен бірге, онда ішкі айырбас саудасы да күшіе түсті.

Қазақстанның малшаруашылық өнімін Россияның сатып алуы күшійген сайын қазақтар акша түсіру үмітімен мал өсіруді өрістетті, базар үшін май, жүн, тері-терсек жыйнады. Мысалы, 1857—1861 жылдардың арасындағы бесжылда Шығыс және Орталық Қазақстан («Сибирь қазақтарының облысы») жыл сайын базарға орта есеппен 658 мың қой, 48 мың сыйыр, 1900 жылдық сатып отырды. Батыс Қазақстан қазақтары 1862 жылы базарға 486 мың қой, 25 мың сыйыр, 9 700 ден аса жыл-

қы сатты. Базарға мал шығаруға қызықкан қазактар малдың көбеюіне, оның өнімінің сапасы артуына көбірек зер сала бастады.

Малды өлім-жітімнен сақтау үшін, қазактар орыс үлгісімен мал қорасын сала бастады, орыстармен көрші тұратын шекара қазактары орыс халқының үлгісімен қыскы мал азығын қамдап мал жемі үшін шөп шауып алатын болды.

Базарға аң терісі өтімді болғандықтан, қазактар аң аулауды бұрынғыдан да әрі күштейте түсті. Аңшылар: аю, барыс, жолбарыс, құлан, киік, таутеке атып алатын болды, сусар, күзен, суыр, тұлкі, аккіс аулай бастады, көлдерде құстың жазғы түлейтін кезінде су құстары ауланды. Сонымен бірге қазактар балық аулауды да кәсіп етуге кірісті. XIX ғасырдың 60-жылдарында қазактар жыл сайын 48 мың сомдық жас, тұздаган және қақтаған балық сатып отырды. Демек қазактар орыс халқының үлгісі бойынша еңбектің бірнеше түрлерін үйреніп, оны кәсіп етті.

XIX ғасырдың орта шенінде қолөнер кәсібі дами бастады. Бұрын киім-кешекті — көйлек, шалбар, шапан, бешпетті үй ішінде әйелдер тігетін болса, аяққиім, ішік тігу, металл бүйімдар әзірлеу ісі енді ұсақ кәсіпке айналды. Қазақ ауылдарында шебер етікшілер пайда болып, бұлар тарамыспен етік, мәсі, кебіс ұлтаратын болды киім тігегін маман тігіншілер де шықты. Шебер ұсталар топталып пышақ, балта, кетпен, күрек, соқа, ауыздық, ошақ, тағы басқа неше алуан металл бүйімдар жасаітын болды, зергерлер шығын, күміс пен мысқа нақыс салатын болды, темірге күміс жалатып, ер-тұрманың — жүген-құйысқанның неше түрлі әшекейін жасады, сакыйна, сырға, тағы басқалар жаңа түрмен мәдениетті жасалды.

Сөйтіп қазактар орыстардан малға ауыстырып мата, үй мүліктерін, үн алатын болды. Олар орыстардан егін салуды, бақша егуді, пішен шабуды, балық аулайтын ау тоқуды, ағаш үй салуды, тағы басқа кәсіптерді үйренді.

Қазақстанның мол кен байлықтары бұл кезде мүлде зерттеліп, ашылмаған еді. 1834 жылы орыс саудагері Степан Попов ең алғаш рет Берікқарадан мыс және күміс, қорғасын кенін ашты. 1844 жылы Попов руда қоры-

та бастайды, сейтіп, Александровск, Богословск, Ионно-Предтеченск дейтін үш кен заводын салады. Осы кезде, яғни 1833 жылы Аппақ Бажанов дейтін малшы Қарашандыда Иглік Өтепов дегениң жерінен тас көмір кенін табады. 1854 жылы бұл кен орыс саудагері Ушаков дегенге сатылады, ол алғашқы рет көмір шығара бастайды.

Коның аударып келген орыстар XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанда бес май айыратын, төрт былғары жасайтын завод салды. Жергілікті қазақ халқы мен орыстар тұз шығара бастады, мұның біразы ішкі базар керегіне жаратылып, бір бөлігі өлкеден тысқы базарға сатылды, 60-жылдардың басында баж ретінде жыл сайын 200 мың пүттан аса тұз сыртқа шығарылып тұрды.

Сонымен товар қарым-қатнасының күшеюі арқасында мал шаруашылығы, аңшылық, балықшылық, сыртқа тұз шығару, жүн бүйімдар әзірлеу салалары жылдан-жылға кеңейе береді. Қоғамдық еңбек бөлінісі негізінде, айырбастың, дамуымен тығыз байланысты колөнер мамандығы шықты. Қазақстанда бірен-саран кен байлықтары да ашылып, техникасыз қара дүрсін жолмен пайдаланыла басталады.

XIX ғасырдан бастап орыстың товар өндірісі өнен бастауына байланысты Қазақстанның мал шаруашылығы, егіншілік кәсібі бірте-бірте товарлық шаруашылыққа айналып, ұлттық томаға-тұйықтық жойла бастайды. 1861 жылғы реформадан соңғы уақытта Россияның өзінде, капитализм қаулап өсті. Ол өсу, шеткі аймақтарды тез қамтыды. Қазақстанда да капитализм элементтері тарай бастайды.

«Капитализмнің дамуы, — деп көрсетеді И. В. Сталин, — әткен ғасырдың өзінде-ақ, өндіріс пен айырбас әдістерін интернационализациялауға, ұлттық тұйықтықты жоюға, халықтардың — шаруашылық жөніндегі жақындаусына және ұланбайтақ территорияларды бірте-бірте байланысты біртұтас етіп біріктіруге бет алған тенденцияны ашқан болатын»<sup>1</sup>.

И. В. Стalinнің бұл көрсетіп отырғандары Россияда капиталистік кәсіпорындарының өсуімен бірге крепостниктік қарым-қатнастың бірқатар қалдықтары — жұмыс-

<sup>1</sup> И. В. Стalin, Шығармалар, 5-том, қазақшасы, 200-бет.

істен өтеу, тағы басқалар сақталғанына қарамастан, Россияда басым болды. Орыс капитализмің дамуы жеке халықтардың үлттық тұйықтырын жоюға, халықтардың шаруашылық жөнінде жақындастып, бірігін тездегі. Капитализм Россияда «терендей» ғана емес, сонымен бірге үлт аймақтарын өзіне тарта «жайыла» құлашын соза дамыды. Орыс капитализмің Россияның үлт аймақтарына тиғізген прогрестік әсері міне осында еді. Ауылға капитализмің тарауының прогрестігі, әрине, капитализмің ауылға күлдіктың жаңа түрін, масқаралық түрін ала келгенін әлсірете алмайды.

Ендігі жерде бай-феодалдар орыс-капиталистерімен бірігіп алғып, ауылдың бұқарасын екі жақтап қанады. Капитализм дамыған сайын, әсіресе оның соңғы сатысы империализм тұсында қанау да күшейді. Империалистік озбырлық қанау жағдайында, патша өкіметінің Қазақстанда патриархалдық-феодалдық қанау түрлерін сактау нәтижесінде казак халқы Орталық Россиядан мұлдем артта қалып қойды. Бұл артта қалушылық қазақ халқының айыбы емес, И. В. Сталин айтқандай қазақтың сыртқы: «...шеткері аймақтарды өнеркәсіп жағынаң дамыған орталық аудандардың пайдаланатын кілең шікізатты аудандарына айналдыруға тырысқан патша өкіметі мен орыс буржуазиясының саясатында жақыр»<sup>1</sup>.

Европалық Россияның оңтүстік-шығысы Қавказ, Орта Азия, Сибирь,—деп жазды В. И. Ленин,—орыс капитализмің отары тәрізді және оның тек тереңдей ғана емес, жайыла қатты дамуына себеп болады. Қанаушылық бұрынғысынан да күшейді. Ол халықты қанаушыларға қарсы күреске ұмтылдырды. Қазак бұқарасы орыс халқымен қанша араласса соншалық революциялық үлгісін қабылдады. Мұндай үлгілер барлық жағынан саяси, шаруашылық мәдени жағынан келे бастады.

Бұл кезде қазактар орыс шаруашылықтарынан тұқым, ауылшаруашылық саймандарын алатын болды, егіншілік күшейді. Мысалы, егіншілік XIX ғасырдың екінші жартысында ортағасырлық, жабайы егіншіліктен айрықша, орыс үлгісімен Сырдария мен Жетісу бойына, Торғай мен Ырғыз өзендерінің бойына тарады. Бұл

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 5-том, қазақшасы, 207-бет.

жерлерде билай, тары, карбыз, кауын, пияз, сәбіз, асқабақ егілді. Егін суаратын арыктар қазылды. Ең алдымен Сибирь шекарасы бойында тұратын казактар егіншілккө көше бастайды. Сырдария форттарында және басқа да қөптеген әскери бекіністерінде төнірегінде қазактың огород, бакшалары көбейіп, карбыз, кауын, тағы басқа қөптеген овоштар егілді. Қөптеген қөшпелі қазактар отырықшылыкка айналды.

Экономика жөніндегі бұл процестер мен қазактың әлеуметтік өміріндегі өзгерістер бір-бірімен тығыз байланысты еді. Казак жерінің әлеуметтік-экономикалық және тұрмыс бейнесі өзгеріп шаруашылық жөнінен бұрынғы томаға-түйіктығынан шыға бастады. Бұл қазактың бұрынғы тұрмыс салтымен салыстырғанда, әрине, алға басқандық зор прогресс болды.

Россиядан Қазақстанға карай және Қазақстан жерінде темір жол салына бастауының да қазақ халқының әлеуметтік, мәдениет өмірі үшін прогрессік зор маңызы болды. 1874 жылы Оренбургта құрылған комиссия Россиядан Ташкентке дейін Оренбург — Ташкент темір жолын салудың жобасын жасады. Бұл комиссия 1880 жыл, ең алдымен, Каспий теңізінен бастап Мерке, Шаржоуга және Самарқандға карай баратын Закаспий темір жолын салуға үйғарды. 1888 жылы Закаспий темір жолы пайдалануға берілді. Бұл жолды салу ісі 79 миллион 200 мың сомға түсті.

Закаспий темір жолынан кейін Сибирь темір жолы салынды. В. И. Ленин осы екі жолдың салынуы туралы 1901 жылы былай деп жазды: «Закаспий жолы капитал үшін Орта Азияны «аша» бастады. «Ұлы Сибирь жолы» ...Сибирьді ашты»<sup>1</sup>.

Меркеден Күшкәға дейінгі темір жол құрылышы 1897 жылы басталып, 1898 жылы салынып бітті. Оренбург пен Ташкент арасындағы Орта Азия темір жолы 1905 жылы бітті. Қазақстан мен Орта Азия жері арқылы салынған темір жолдың ұзындығы 2,5 мың километрге жетті. Осы темір жолдар арқылы Қазақстанға және Орта Азияға орыстың өнеркәсіп товарлары темір, астық, мата, шай, кант және сол сыйкты товарлар келетін болды, ал Қазақстан мен Орта Азиядан Россияға — макта, жеміс, мал, тері, тоңмай және басқа өнімдер жөнел-

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 5-том, қазақшасы, 83-бет.

тілді. Темір жолдың салынуы Қазақстан экономикасына әсер етіп, тұрмыстың токырап калған патриархтық түрінің іруін жеделдettі. Темір жолдар торабы бойларына толып жаткан экономикалық жаңа аудандар жасалды. Урал, Актөбе, Шалкар, Арас, Қазалы, Қармақшы; онтүстік батыста: Қызылжар, Омбы т. б. терістікте бірнеше жана шаруашылық ауландар жарыққа шыкты. Бұқарашыл Россияның тарихта тәңдеңі жок ілгері бастыруының анық үлгісі — Қазақстанды жаңа тап — proletariat табының туы астына алып келді.

Өнеркәсіптің дамуы және темір жолдардың салынуы қазақ пролетариатының тууын тездедті. Ауылдың тап жағынан жіктеле бастауы малсыз кедейлердің санын көбейтті. Ауылда меншікті шаруашылығы, баспаасы мүлде жок адамдар да болды, бұл, ауылла жалдама еңбектің тууына алып келді. 1898 жылы Актөбе уезінде — 5 917 жалшы, Костанай уезінде — 5 674, Өскемен уезінде — 1 009, Зайсан уезінде — 1 687 жалшы болған. Осындай жылдан-жылға саны өсіп келе жаткан казак кедейлеріне ауылда жалдама ақылы жұмыс табылды. Бұлардың арасынан жұмысты сырттай іздеушілер көбейді: олар қалаларға, станцияларға, өнеркәсіп орындарына, темір жол бойына жұмысқа кірді, сөйтіп, олар жұмысшыға айналды. Қазак ауылышы шаруашылығы жок, баспаасыз осындай қазактардың саны жыл сайын өсе береді, — міне бұлар пролетарлар болып есептелді.

XIX ғасырлардың аяқ кезінде Қазақстанда тұратын орыс халқының саны бұрынғысынан арта түсті. Бұл кезде Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарының жерінде 500 дең аса орыс селосы болды, бұл селоларда 318 300 отырышты егіншілер тұрды. Орыс шаруалары қазак шаруаларымен араласқан егістік жердің көлемі де сол-ғұрлым үлғая берді, орыс шаруаларынан қазак шаруалары жерді қалай өңдеуді, отырыштылық өмірді үйрене түсті. Орыс халқы мен казак еңбекшілерінің арасында экономикалық және мәдени байланыстар нығая берді. Қазактар орыс селоларына барып араласып, тозар айырбасын жасады, орыстардың шаруашылық әдістері, әдет-ғұрыптарымен танысып, оны пайдаланды. Орыс шаруалары да мал және малшаруашылық өнімін сатып алу үшін казак ауылдарына барып, өздеріне белгісіз тұрмыс жағдайларымен танысты.

Қазак еңбекшілері орыс еңбекшілері мен пролетар-

ларынан қанауышы тапқа қарсы талап қоюды, күресуді үйрене бастады. Жергілікті фабрикалар мен заводтар капиталистік қанаудың объектісіне айналған кезде, казак ауылында феодалдың, байлардың қанауы өте-мәтс күштейді, бұл казактардың тапқа жіктелуін тездетіп, езілүнілдердің қанауышы тапқа қарсылық көреетуін күштейтті. Көндер мен заводтардың қожалары, кулактар мен байлар, старосталар мен управительдер, чиновниктер мен губернаторлар қазак еңбекшілері мен орыс еңбекшілерінің ортақ жауы болды. Тап қайшылықтары шиеленіскең сайын қазак пен орыс еңбекшілері, — пролетарлар, егіншілер, көшиелілер, — өздерінің ортақ мұдделерін ұғынуға және өздерінің қанауышыларына қарсы бірлесіп күрес жүргізуге ынтымактаса бастады. Тарихи тұрғыдан қарағанда Қазақстанның Россияға қосылуы осы айтылғандар жөнінде сөзсіз прогрестік және тарихи тұрғыдан дұрыс болды.

Корыта келгенде Қазақстанның Россияға қосылуы «қанауышылықка және деспотизмге кең негіз салған»<sup>1</sup> патриархтық-рулық тұрмыска өлтіре соккы берді. Қазактың қауымлық-рулық тұрмысы қанауышылық пен деспотизмнің дәл осындай кең негізі еді. Феодалдық құрылыштың үстем болуы және патриархтық-рулық калдықтардың сакталуы патриархтық-феодалдық қанау әдістерінің басым болуын тудырды.

Қазактардың орыс шаруаларымен араласуы, бұлардың үлгісімен қазактың бұрынның отырышылық-ка, егіншілікке көшуі, казак когамының тапқа жіктеле түсіүі қазак арасында сауда мен қолөнер кәсібінің дамуы, мал шаруашылығы мен оның бүйімдарының өндіріс, товар түріне айналуы, товар-акша карым-қатнастарының енүі, Қазақстанның Россияға қосылуына байланысты түрлі еңбек тұрлерінің пайда болуы, міне осылардың бәрі де прогрестік манызы бар құбылыстар еді, өйткені, казак халқының бұрынғы шаруашылық саяси өмірімен салыстырғанда бұлар дамудың жоғары формасы болды. Қазақстанның жалпы Россиялық рынокке араласуы прогресс болды.

Қазақстанның Россияға қосылуының әлеуметтік прогрестік нәтижесіне келсек, Қазақстанның Россияға қосылуының арқасында қазак когамының тапқа жіктеп

<sup>1</sup> Ф. Энгельс, Маркс — Энгельс Архиві, 1-том, (VI) 246-бетін қарандыз.

луі мен бұкараның таптық сезімі күшейді және таң күресі шиелене түсті. Қанауыш таңқа қарсы күрес майданына жаңа таптағар мен әлеуметтік топтар шықты.

Қалың бұкараның, әсіресе орыс еңбекшілері мен proletariatтың жасаған саяси ықпалымен, әлеуметтік тұрғыда көрсеткен наразылығының арқасында қазак даласында патша үкіметі кейір реформалар жүргізуге мәжбүр болды. Мысалы, 1865 жылы Ішкі Истер министрлігінде мүшесі Гире бастаған комиссия қазак далаһына келді, бұл комиссия қазак өлкесін басқарудың жаңа тәртібін жасады. Осы жаңа тәртіп 1868 жылғы реформа бойынша заң күшіне енгізілді. Бұл реформаның да қазак халқының өмірі үшін прогрестік маңызы болды.

1868 жылғы октябрьде — «Дала уалытын басқару туралы уақытша ереже» дейтін тағы бір заң шықты. Бұл Ереже бойынша: Орал облысы (орталығы Орал қаласы), Торғай облысы (орталығы Оренбург қаласы), Ақмола облысы (орталығы Омбы қаласы), Семей облысы (орталығы Семей қаласы) деген төрт облыс құрылды. Ішкі Орда (Бекей Ордасы) Астрахань губерниясының қаралды. Сөйтіп, Қазақстан әкімшілік жөнінен облыстарға, облыстар — уездерге, уездер — болыстарға бөлінді. Бір болыска жалпы саны 1000 наң 2 000 га дейін үйі бар бірнеше ауыл қаралды. Бұкіл қазак жерлері бірнеше төртіп бойынша басқарылуға тиісті болды. Сонымен бірге, айта кету керек, патша үкіметі, бұл Ережеде ең алдымен, осы өлкені үстем талтардың — Россия помещиктері мен буржуазияның мүдделеріне бағындыра пайдалануға тиісті мемлекеттік аппарат құрудың қамын көздеді. Мұндай аппарат әскери оккупациялық аппарат еді.

Ереженің әр сөзінен оның мәні көрініп тұрды. Алайда бұл реформа едәуір алға басқандық болды, заманы өткен ортағасырлық-аға сұлтандық феодализмнің құралы еді. Ал жаңа өрлөп келе жатқан буржуаға жаңа қанау құралы керек болды. Бұл реформа мұсылман молда-қожаларының праволарын да бірқатар тежеді. Молдалар жергілікті әкімшілік орындарының бақылаудында болды. «Орыс-қазак мектептері» ашылып, мұнда қазак балаларына орыс тілі мен жазуын үйретуге тиісті еді. Дін мектептерінен оқудан гөрі орыс тілін оку, үйрени қазак балалары үшін мәдениет жөнінде прогрестік қадам еді. Мұның үстінен бұл дәуір М. В. Ломоносов-

тың, В. Г. Белинскийдің, А. И. Герценің, К. Д. Ушинскийдің педагогикалық идеялары мен көзқарастары және Петр I-нің ағарту жөніндегі реформалары да шығып тарап, тамырын жайған кез еді. Міне мұндай озат идеялардың қазақ халқына әсері тимей қала алмады. Сондықтан да орысша сауатты болудың өзі қазақ балаларының орыс және дүние жүзі мәдениетімен танысуына жол ашатын еді, бұл мектептердің ашылуы қазақ халқын орыс халқымен бұрынғыдан да әкақындастыра түсті, қазактар Россияның озат мәдениетіне кенеле бастады, ал орыс чиновниктері мен патша үкіметі — заң шығарушылар мүлде былай ойламаған еді. Орыс тілінде оқытатын казақ мектептерінің ашылуы 1868 жылғы реформаның ең прогрессілік жағы болды. Бұл реформа бойынша дәрігерлік жәрдем беру үшін әр уезде дәрігерлік орындар ашылды, мұнда уезд дәрігері, фельдшерлер мен акушеркалар болды.

1868 жылғы реформа Қазакстанға экономика жөнінде үлкен әсер етті. Бұл реформадан кейін орыс капиталистері қазақ даласына көтеп келе бастады. Бұл оның тілегінен тыс — прогрестік мәнді болды. Капиталистік қатынас дамыды.

Қазакстанның Россияға қосылуының мәдениет жөнінде басты прогрестік нәтижесіне келсек, қазақ халқы орыс мәдениетіне араласты, қазактың тарихи мәдениеті, жер байлықтары зерттеле бастады. Қазакстанды зерттеуде тұңғыш ғылыми еңбек жазуды бастаған орыс ғалымдары болды. 1832 жылы А. Левшиннің үш томдық еңбегі шықты. Бұл Қазакстан, қазактың тарихы, географиясы және этнографиясы туралы жазылған ең алғашкы ғылыми еңбек еді. Қазакстанның геология, ботаника, зоология және географиясы жөнінде Гельмерсеннің, Леманың, Семенов-Тяньшанскийдің және басқа орыс ғалымдарының ғылыми, тарихи енбектері жарыққа шықты.

Орыс халқының озат мәдениетінен іэр алған, қофамдық кайраткерлерінің ықпалымен өсken қазақ халқының мандаіалды адамдары өсіп жетілді, бұлар қазақ халқын мәдениетке, ағарту ісіне тартып, орыс халқымен достық-ка, бірлікке шақырды. Қазактың аса ірі жазушылары, қазақ халқының ағартушылары Шоқан Үәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбрай Алтынсарин сияқты адамдар тікелей орыстың озат мәдениетінің ықпалымен өсіп қалыптасты. Қазақ әдебиетінің өркендеуіне, қазақ әдебиетінде демо-

кратиңлық, прогрессік дәстүрлер туын жайылудына Пушкин, Лермонтов, тағы басқа орыс халқының ұздік ұлдарының шығармалары зор әсер етті.

Орыс халқының маңынанда мәдениет кайраткері қазақ халқына, оның мәдениетіне шын ықыласымен қарап зерттей бастады. Мысалы, орыстың ұлы ақыны Пушкин 1833 жылы күзде, «Пугачев көтерілісінің тарихын» жазу үшін материал жыйнап жүріп, Оренбургке, Оралға келіп, Берді станицасында бірқатар қазақ ауылдарында болады. Оренбург, Торғай даласын аралап жүрген кезінде, Пушкин көшпелі қазақ еңбекшілерінің тұрмысымен, қазақ халқының аңыз-әңгіме, өлең-жарыларымен, ертегілерімен өте жақын танысады.

Украинаның ұлы ақыны, революционер, демократ — Тарас Шевченко да қазақ халқына зор сүйіспешілік, тілекестік білдірді. Ол 1847 жылы Қазакстанға 10 жылға жер аударылады. Украина халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында күрескен революцияны демократ ақын қазақ халқына сүйіспешілік білдірді. Маңыстаудағы Ново-Петровскіде жер аударылып жүріп Шевченко көшпелі қазактардың тұрмысын бейнелеген: «Қазак семясы», «Атты қазақ», «Бақсы», «Байғұстар», «Пеш жағып жатқан бала» деген бірнеше реалистік суреттерді салады.

XIX ғасырдың орта кезінен бастап Қазакстанға орыстың озат мәдениетінің, қоғамдық ой-пікірінің ықпалы өте күштіе түсті. Өйткені, бұл кездес Россияда революциялық қозғалыстың тууына байланысты демократиялық, революциялық мінез-құлқы үшін Сибирь мен Қазакстанға жер аударылып келген орыс демократтары мен революциянерлерінің саны көбейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазактың ірі ғалымы Шокан Үәлиханов орыс халқы мен қазақ халқының ұздіксіз байланысты екенін көрсетіп, бұл байланысты нығайта беру үшін барлық күш-жігерін жұмсады.

Шоқан Үәлиханов Қазакстан Россияға қосылған уақыттан бастап, орыс халқы мен қазақ халқының әмірінде тарихи бірлестік орнады деді: «Біз орыстармен тарихи, тіпті қандық туысқандығымыз жағынан байланыстымыз»<sup>1</sup> деп жазды Шоқан.

Шоқанды орыс достарының бірі жоғары бағалап былай деп жазды:

<sup>1</sup> Шоқан Шыңғысұлы Үәлихановтың шығармалары, 156-бет.

«Әз халкының бірінші адамы болып, Россияда дала-  
ның не екенің, оның маңызын және сіздің халыктың Рос-  
сияга қалай карайтынын түсіндіру, сонымен бірге өз  
Отанын ағарту жолында кызмет істеп, отаның өті-  
иіштерін орыстар алдына кою — ұлы максат емес пе,  
қасиетті іс емес пе? Сіз Европаша толық білім алған  
бірінші қыргыз екенінізді есінізге түсіріңіз. Бұған ко-  
сымша тағдыр сізді тамаша етті, сізге ізгі жан және  
жүрек берді... Мен сізді ете жаксы көремін, сіз туралы  
не сіздің тағдырының туралы жатсам-тұрсам ойлаймын...  
Осы ой-кыялдың ішінде бір шындық білдім: бұл сіздің  
өз тұкымыныздан европалық білім алу дәрежесіне жет-  
кен бірінші адам екендігіңіз. Осының өзі де таңкалар-  
лыктай оқыйға және осыны сезу сізге көп міндеттер  
жүктейді»<sup>1</sup>.

Орыстың алдыңғы катарлы педагогикалық ой-пікірі-  
нің зор прогрестік ықпалы Ыбраі Алтынсаринді озат  
орыс мәдениетін кызу жактаушы етіп баулыды және  
қалыптастырыды. Ыбраі Алтынсарин Қазақстанда Ушин-  
скийдің педагогикалық көзқарастарын тұңғыш таратушы  
болды.

Алтынсарин казақ жастарына арнап былай деді:  
«Қазактың жас үрпактары орыс тілі мен орыс сауатына  
мәдениет пен білімнің бірден-бір тілі деп қарайтын бо-  
лады, сол тілді үйреніп індері дамыйды».

Ыбраі Алтынсарин өзінің педагогикалық өмірін Тор-  
ғай облысында халық ағарту ісін үйымдастыруға жүмса-  
ды. Ол казақ қыздары үшін алғашқы интернат және  
мектеп ашты, мұсылмандық Шығыстың реакциялық ғы-  
лымына катты карсы тұрып, казақ жастарының орысша  
оқып сауатын ашуына, орыс тілін үйренуіне көмектесті.

Қазактың ұлы ақыны Абай Құнанбаев казақ халқын  
білімге, гылымға, мәдениетке жеткізуді орыстардан із-  
делі. «Орысша оқу керек, хикмет (өнер, білім, ақыл) іс,  
мал да, өнер де, ғылым да бәрі де орыста тұр. Оның се-  
бебі: олар дүниенің тілін біледі, сен оның тілін білсең  
көкірек көзің ашылады... Орыстың ғылымы, өнері дүние-  
нің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Шоқан Ұәлиханов, «Мақалалар мен қаттар» Алматы, 1947  
жыл, 115-бет,

<sup>2</sup> Абай Құнанбаев, Шығармаларының толық жыйнағы, 1945  
жыл, 349-бет, Қазақ Мемлекет Баспасы.

Бұдан 80 жыл бұрын Абай Пушкин мен Лермонтовтың шығармаларын қазақшаға аударды. Ол сол кездің өзінде-ақ орыстардың жарқын үмітін, терең ой-мұддесін қазақ халқына жеткізді.

Алдыңғы катарлы орыс мәдениетінің сарқылмас байлығымен таныса отырып, Абай Пушкиниң, Лермонтовтың, Крыловтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың ұлы шығармаларын өте қадірледі. Пушкиннің «Евгений Онегиніңдегі», «Татьянаның хатын» тамаша акындық дарындылықпен тұнғыш қазақшаға аударған Абай болды. Ол Лермонтовтың 24 өлеңін, олардың ішінде «Қанжар», «Теректің сыйы», «Жалғыз өзім шықтым жолға», «Желкем» және басқа өлеңдерін казақшаға аударды. Орыстың классикалық әдебиетінің таңдаулы үлгілерін көпшілікке таратуға Абай өте зор қөңіл бөлді. Ол Крыловтың мысалдарын да аударды.

Қазак халқының үздік үлдары, ұлы ағартушылар Абай, Шокан, Үбрай өзлерінің өшпес шығармаларымен Ұлы Советтік Отанымыздың тарихынан құрметті орын алды.

## ПАТША ӨКІМЕТИНІҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ, ОҒАН ҚАРСЫ ОРЫС. ҚАЗАК ХАЛЫКТАРЫНЫҢ БІРІГІП ЖУРГІЗГЕН ҚУРЕСТЕРИ

XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі Қазақстанды түгел өзінің отарына айналдырды, қазақтың жергілікті бай, билері мен феодалдары арқылы және өзі тікелей билей бастады. Патша өкіметі казак халқын құлдықта, нағандықта ұстап патриархтық-феодалдық езу саясатын әдейі жүргізіп отырды. Қазак әңбекшілері еki жақтан езушілікке — патша өкіметінің отар ретінде езуі мен казақтың жергілікті байлары мен феодалдарының канап, езуіне ұшырады.

Патша өкіметі шет аймактардың басқа халыктары сиякты казақ халқын да кіріптарлықта, караңғылықта ұстады, оны патриархтық-феодалдық тепкіде, қазақ халқының билігін патша чиновниктері мен казақ байларының колында ұстаяға тырысты. В. И. Ленин айтқандай, патшалық Россия — помещиктер мен капиталистердің Россиясы, — халыктардың тұрмесі болды.

Патша өкіметі Қазақстанды Россияның Орталық өнер-

кәсіп аудандары үшін аграрлық-шикізат алатын орынга, өнеркәсіп товарларын шығарып сататын базарға айналдырыды.

Қазақстаниң экономика және мәдениет жөнінде бұл кіл Россиямен байланысы, әсіресе XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында бұрынғыдан әрі күшіне түсті. Бұл жағдай шаруашылықтың ең жоғарғы түрін дамытты, казак аулында тапқа жіктелуді тездетіп, тап күресін шиеленістірді. Қанаушы тап — феодалдар мен байларға қарсы казак еңбекшілерінің таптық күресі буржуазиялық-помещиктік құрылышка қарсы, таптық және ұлт-отаршылық қанауга қарсы орыс жұмысшы табының революциялық күресімен және оның социалистік революция жолындағы күресімен үشتасты.

Қазақстанды отар ретінде талау жөнінде патша өкіметінің жүргізген зұлымдық әрекеттерінің ішіндегі ең ауыры — қоныс аударушылар фондасын жасау сұлтауымен казак халқының тұратын жерін конфискация жасап алу болды. XIX ғасырдың аяқ шенінде патша өкіметі Қазақстанды отар аудан деп жариялад, Қазақстанға Россияның Орталық аудандарынан шаруаларды жер аудара бастады. Патша өкіметі казактын жерін тартып алуды, әсіресе Столыпин реакциясы жылдары күшейтті. 1905—1907 жылдардағы революциядан зәресі үшін қорықкан патша өкіметі Россияда жер мәселесін ұлт аймактарының еңбекшілерінің жерін тартып алу жолымен шешпек болды.

Бұл туралы В. И. Ленин былай деп жазды: «Жүртқа мәлім, үкімет пен контрреволюциялық партиялар шаруалардың қоныс аударуына ерекше үлкен үміт арткан. Барлық контрреволюционерлердің ойниша бұл қоныс аудару аграрлық мәселені біржолата шешпегенінің өзінде де, ең болмағанда, оны нәдәүір бәсекесітіп, зиянсыз етуғе тиіс болды. Қоныс аударудың Европалық Россиядағы шаруа қозғалысы нақ жақындал келген кезде, сонсоң дамыған кезде ерекше дәріптеліп, барынша мадақталған себебі осында»<sup>1</sup>.

Патша өкіметі отаршылдар арасында великорусстық шовинизмді әдейі қоздырды. Ол реңми түрде қазакты «бұратана» атапдырып, казак халқына жиреніштік, жекекөрушілік туғызды. Патша өкіметі қазак шаруаларының

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 18-том, қазақшасы, 83-бет.

жақсы жерлерін алып, чиновниктерге, казактың байла-  
рына берді. Мысалы, бірінші империалистік соғыс бас-  
талған кезде Қазақстанда патша өкіметінің тартып ал-  
ған жерінің мөлшері 40—50 миллион десятинаға жетті.  
Патша өкіметі қазақтан тартып алған жерден отарлау  
үшін жер фондын жасады. Бұл қазақ халқының экономи-  
калық және әлеуметтік дамуына, ұлттық сана-сезімі-  
нің көтерілуіне бөгет болып келді.

«Коныс аударушылар фондысы байыргы халықтардың жер жөніндегі праволарын көпе-көрнеу бұзу жолымен курылады, ал Россиядан коныс аударту «шет аймактарды орыстандыру» жөніндегі нақ сол ұлтшылдық принцип үшін жасалды»<sup>1</sup> деп жазды В. И. Ленин.

Қазақ еңбекшілері патша өкіметінің коныс аудару саясатының зор ауыртпалығын бастап өткеді. Сонымен бірге Қазақстанға коныс аударылып келген орыс шаруалары өз еліндегіден де тіпті адам төзбестік халде болды. Оларға чиновниктер зорлық-зомбылық көрсетті, олар аштық-жалаңаштықтың зардабын шекті. Міне мұның барлығы орыс пен қазақ еңбекшілерінің бірін екі жактан бірдей қанаушы — патша өкіметі мен казақтың феодалдары мен байларына қарсы тізә косып күресуге жұмылдырыды. Бұл тізе косып күресушілік қазақ халқы мен ұлы орыс халқының достығын нығайтып, оларды бұрынғыдан гөрі жақындастырып, бауырластырыды. Ал Коммунистік партия еліміздің барлық еңбекшілерінің түпкі максатын көздел помешиктер мен капиталистерге және бай, билерге қарсы еңбекшілердің күресін ұйымдастырып, рух берді. Бұл күрес 1917 жылы Октябрь социалистік революциясының жөніп шығу нәтижесінде еңбекшілерді дүниежүзілік тарихи жеңіске жеткізді.

Октябрь революциясына дейін қазақ ауылында патриархтық-феодалдық карым-катнас сақталып келді. Қазақстанда халықтың екі проценті ғана хат танытын еді. Патша өкіметі, — дейді И. В. Сталин, — бұкараны құлдықта, надандықта ұстая үшін, шеткегі аймактарда патриархтық-феодалдық езу саясатын әдейі жүргізіп отырыды. Патша өкіметі, жергілікті ұлт бұкарасын нашар аудандарға қарай тықсырып, ұлт араздығын күшету үшін, шеткегі аймактардың жақсы түкпірлеріне отаршы

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 18-том, қазақшасы, 88—89-беттер.

әлемнегерді әдейі коныстандырып отырды. Патша өкіметі, бұқараны қарандылықта ұстау үшін, жергілікті мектепті, театрды, агарту мекемелерін қыспаққа алып, кейде мұлде жойып отырды. Патша өкіметі жергілікті халықтың жақсы-жақсы адамдарының қандай да болса инициативасына жол бермеді. Ақырında, патша өкіметі шеткөрі аймактардағы бұқара халықтың барлық белсен-ділігін басып тастап отырды. Осының бәрімен патша өкіметі жергілікті ұлт бұқарасының арасында орыс атаулыға зор сенбекшілік түздірды, ол сенбекшілік кейде дүшпандық көзкараска айналып отырды.

Сондай-ақ, еңбекші бұқара өз ішінде қазақ феодалдары мен байларының катаң кандауда болды, феодалдар мен байлар жерді өзінің меншігіне, иелігіне алып, өз калауынша пайдаланды. Олар жерді ата мұрамыз деп есептеді. Жерді еңбекшілерге жалдал берді, ақысына шөп шапқызы, егін салдырып, оны жыйнattы. Мұның үстіне, — байлар мен феодалдар және чиновниктер бұқара халыққа аяусыз салық салды, оның үстіне малдың зекеті деп алатын еді, байлар соғымым деп, чиновниктер шығыным деп алды. Қожалардың, ишандардың және молдалардың алымы өз алдына жүрді.

Ресми түрдегі алым салыктан тыс феодалдар мен байлар, сұлтандар халықка тағы басқа көптеген желеулермен салықтар салып, қазақ еңбекшілерін езілп, жаншып, канады. Сөйтіп, қазақ еңбекшілері екі бірдей езу-дің — тантық және ұлттық езудің қыспағына түсті. И. В. Сталин бұл жөнінде былай делі: «Екі жактап езудің салмағы езілген ұлттардың еңбекші бұқарасын революцияшылданырмай қоймайды, езудің негізгі күшіне карсы күреске—капиталға карсы күреске оларды итермелемей қоймайды»<sup>1</sup>.

Бұл тепкілерге шыдай алмаған қазақ еңбекшілері орыс халқымен бірігіп, патша өкіметіне карсы, жергілікті феодалдарға, сұлтандарға, байларға карсы бас көтерді. Мысалы, 1773 жылы Россияда Емельян Пугачев бастаған үлкен шаруалар көтерілісі басталды. Пугачев Волганиң төмеңгі жағында болған кезінде, — 1774 жылдың июль, август айларында казактардың көтерілісі өте-мөте кең еніс алып, Пугачев көтерілісіне ұласты. Казактардың Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатнасусы са-

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 5-том, қазақшасы, 383--384-беттер.

модержавиелік-крепостниктік құрылышқа қарсы қазақ халқы мен орыс халқының ең бірнеші рет бірігіп аттануы еді. Пугачевтің үлгісімен Сырым Датов бастаған көтеріліс болды. 1836—1837 жылдардағы Бекей ордасындағы қазактардың Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған көтерілісі патша өкіметінің отаршылық саясатына, феодализмге, би-сұлтаңдарға қарсы ұлт-азаттық көтерілісі болды.

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары орыс халқының самодержавиеге, помесчиктер мен капиталистерге қарсы құресімен ұштасты. Өйткені, патша өкіметі орыстың да, қазактың да және Россия империясының құрамына кіретін басқа да еңбекші халықтардың жалпы ортақ жауы еді.

Орыс жұмысшылары мен шаруалары әлденеше рет, 1905—1907 жылдардағы революция кезінде, одан бұрынғы және кейінгі жылдарда да Қазақстан еңбекшілеріне өз елін ішкі, сыртқы жаулардан қалай азат етудің үлгісін көрсетті.

Қазақ еңбекшілерінің таптық және саяси сезімін ояту, өсіру жөнінде орыс революцияшылдарының атқарған қызметі күшті болды.

Қазақстанға жер аударылып келген революцияшыл социал-демократтар, әсіресе лениндік искрашылар қазақ еңбекшіләрі арасында зор революциялық жұмыстар жүргізді, бай, феодалдарға қарсы құресуғе жұмылдырды. 1903 жылы Омск дең Петропавловскіге Омск темір жолының жұмысшылары — революцияшыл социал-демократтар айдалып келді. Бұлар Петропавловскіде лениншіл искраның тобын құрды. Бұл топтың 1903 жылдың аяғында Қазақстанда оннан астам мүшесі болды. Омск комитеті Петропавловск тобына үнемі партия баспасөздері мен маман революцияшылар жіберіп тұрды. Бұл жылдары жеке искрашылар Оренбургте (Чкалов), Уральске, кәзіргі Қызылорда да темір жол жұмысшылары мен оқушы жастар арасында революциялық жұмыс жүргізді.

Поволжье, Урал, Сибирь, Самара, Саратов, Астрахань, Омск, Уфа, Оренбург сыйкты Қазақстанмен шектесіп жатқан үлкен қалалар арқылы Қазақстан еңбекшілерінің арасына марксизм-ленинизм идеясы таралады. Марксистік әдебиет пен үндеулер Қазақстанға келе бастайды. Мысалы, Қазақстанның солтүстік облыстарын-

да Петербургтағы «Жұмышы табын азат ету куресі одағының» үндеуі таралған.

XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басында капитализм өзінің ең жоғарғы сатысы — империализмге жетті. Империализмнің өзгешелігі, оның қайшылықтары барынша шиеленісінә және оның социалистік революция арқылы жойылмай қоймайтындығы туралы В. И. Ленин өзінің империализм туралы, әсіресе «Империализм—капитализмнің жоғарғы сатысы» деген енбекінде толық айқын ашып берді. XX ғасырдың басында Россия ұлы революциялық қозғалыстың орталығына айналды, империализмнің барлық қайшылықтарының шиеленісін түйіні осы жерде болды. «...Басқа елдердің қайсысынан болса да Россияның революциялық толғағы күшті болды, сондыктан бұл қайшылықтарды тек Россия ғана революциялық жолмен шеше алды»<sup>1</sup>.

Патша өкіметінің отаршылдық саясатынан азап шеккен, қорлық көрген казак халқы орыс революциясының женуін шын ниетімен тіледі. Қазақ халқының азаттық куресі революциялық тасқынның жалпы арнасына қосылып, патша өкіметіне қарсы күресті күшайте түсті, мұның үстіне орыс пролетариатының қуатты революциялық қозғалысының ықпалынан ұлт-азаттық куресінің өзі де күшейді. Орыс жұмышы табы патша өкіметіне және бүкіл помешниктік-капиталистік тәртіпке қарсы күрестің жетекшісі болды.

Мұнымен бірге қазақ жұмышылары мен өңбекшілері орыс пролетариатының басшылығымен шетел капиталистерінің қанауына да қарсы күрессе шықты.

«Патшалық Россия батыс империализмінің орасан зор резерві болды; резерві болғанда, отын мен металлургия сыйакты, Россия халық шаруашылығының шешуші салаларын қолына алған шетел капиталистің өнүіне еркін жол беруі жағынан ғана емес, батыс империалистерінің пайдасына солдат бере алатындығы жағынан да резерві болды»<sup>2</sup>.

Шетел империалисттері Қазақстанға XIX ғасырдың аяғынан және XX ғасырдың бас кезінен бастап келе бастаған. Мысалы, 1904 жылдың австрия князі Турн-Таксис

<sup>1</sup> И. В. Сталич, Шығармалар, 6-том, қазақшасы, 86-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда 86—87-беттер.

патша өкіметінен Алтайдағы барлық кен шығатын жерлерді жалға алды. Сол жылы Қарағанды көмір шахтасы, Успенск рудникі және Спаасска мұс заводы франция капиталисі Қарнөға жалға берілді. Карно 1907 жылы бұл кәсіп орындарын Англияның «Спаасска мұс көндөрінің акционерлер қоғамы» дегенге сатты. Кейінде бұл қоғамның акцияларын Лондонның банкирі Эрлих сатып алады. 1908 жылы американың капиталисттері Жезқазған рудниктерін 380 мұнай сатып алды. Мұнила американың «Атбасар мұс көндөрінің акционерлер қоғамы» құрылды.

Англияның Лесли Уркварт бастаған бір топ капиталистері 1914 жылы «Риддер акционерлер қоғамы», яғни Риддердегі түсті металдар шығатын бай кен орталықтарын түгелдей иемденеді. Шетел капиталы, көбінесе, кен өнеркәсібіне үмттылады. Капиталистер, әсіресе, түсті металға, көмірге және мұнайға қызықты. Олар өндірісті жабдықтау, машиналандыру үшін каржыны мүлде дерлік аз жұмсады. Зұлымдық жолымен Казакстанның көп байлығын талады, ал казак еңбекшілерін аяусыз канады. Жұмыс, көбіне, кол күшімен атқарылды. Қазақстанның кәсіп орындарында жұмысшылардың көпшілігі қазактар болды, бұлардың жалпы саны орташа есептеген 60—70 процентке жететін еді. Алтын көндөріндегі, тұз кәсіпшілігіндегі, шахталар мени рудниктердегі жұмысшылардың 90 проценттен астамы қазактар болды.

Сөйтіп, ағылшын-американ империалистері Қазақстанның кен өнеркәсібін басып алғып айуандықпен пайдаланды, оны техникамен жабдықтау ісіне ешқандай көніл бөлмеді, еңбекті корғау шаралары мүлде колданылмады. Мәселен, жұмысшылар шахталарда ашық лампаларды пайдаланды, осының салдарынан шахталар жиі-жіе өртеп, құлай беретін еді. 1915 жылы Ембідегі мұнай кәсіпшілігінде 1088 жұмысшыдан 613 адамға зақым келген.

Ағылшын-американ империалистері Қазақстанды өзінің отары деп есептеп, жұмысшыларды аяусыз канады. Шет ел капиталистерінің колындағы кәсіп орындарындағы еңбектің жағдайы мейлінше ауыр болды. Жұмысшылар шахталарда күніне 14—16 сағат жұмыс істеп, 40—50 тыйыннан ғана жалакы алды. Әсіресе, әйелдер мән балалардың еңбегі мейлінше қаналды.

Англия үкіметі Орта Азия мән Қазақстанға өзінің тынышыларын да жіберіл шырды. XIX ғасырдың 30—40-жылдарында Орта Азия мен Қазақстанны Муркрофт, Конолли, Берис, Джерард, Стодарт, Шекспир, Томсон тәрізді маман шпиондар аралап шығады. Сонымен бірге Англияның шпион-агенттері казак ауылдарын аралап жүріп, ел-жүртты Хиua ханымен одактасуға, орыстарға қарсы соғыска шығуға азғырды.

Қазақ жұмысшылары мен орыс жұмысшылары кипиталистік қанаушылыққа қарсы революциялық күреске бірге шыға бастайды. Жұмысшылардың үлкен ереулі Қазақстанда 1901 және 1903 жылдарда Успенск рудникінде, сол сыйкты 1902—1903 жылдарда Екібастұз бен Карагандыда болды. 1903 жылғы декабрьдің 20-нда Рязановтардың Спасска мұс заводында да казак жұмысшыларының үлкен ереулі шығады. Экімдерге заводтың басқарушысы Сухаруков бұл ереуіл туралы жіберген хабарында: «Үәделескен күні казак жұмысшыларының көбі опан әрі жұмыс істегісі келмей, есеп берілуін талап етті, өздеріне қосылмаған жұмысшыларға ықпал жасауды да көздеді» деп жазды. Ереуіл үш күнге созылды. Жұмысшылар тұрмысқа байланысты экономикалық тұрғыдағы: жалақыны арттыру, тұрмыс-енбек жағдайын жаксарту талаптарын қойды.

XX ғасырдың алғашкы жылдарында Оренбург — Ташкент темір жолын салып жатқан жұмысшылар және Сибирь темір жолшылары арасында да ереуілдер тузы. Лениниң «Искра» газеті 1903 жылғы февральдің 1-де Ташкент жолындағы темір жол жұмысшылары туралы былай деп жазды: «Подрядчиктердің жұмысшылардың жалақысын жеп қалатынын, қанаушылықтың орасан ауырлығын, жұмысшылардың, барак деп аталатын, саломмен жапкан үраларда тұратынын, шіріген овошъ сорпасымен коректенетінін айтып жатудың қажеті жоқ, өйткені мұның бәрі дағдылы іске айналған».

1905 жылы 9 январьда Петербургта жұмысшылардың қанға боялып қырғынға ұшыратылуы қанды жексенбі ғана болып аталған жоқ, бұл 1905 жылы бірінші орыс революциясының бастамасы болды. Бұдан кейін тек орталық Россияның енбекші бұкарасы ғана емес, шет аймактардың езілгөн халықтары да патша өкіметіне, жергілікті бай, феодалдарға қарсы күреске шықты. 1905

—1907 жылдардағы шет аймақ халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы орыс халқының революциялық күресімен тығыз байланысты болды. «Россияның езілген халықтары арасында ұлт-азаттық қозғалысы қауырт басталды»<sup>1</sup> дег жазды В. И. Ленин осы кезде.

Елде революциялық қозғалыстың одан әрі дамуы үшін партияның III съезі қарарларының орасан зор маңызы болды. Орыс пролетариатының революциялық күресі Қазақстанда революцияның ұлғауына өте күшті әсер етті. В. И. Ленин: «Ероланың саналы жұмысшыларының енді азияллық жолдастары бар және бұл жолдастарының саны күн сайын емес, сағат сайын өсе береді»<sup>2</sup> дег жазды.

Бұл жерде орыс халқының авангардтық ролін, Қазақ халқы мен орыс халқының тарихи байланысы қазак халқының ұлт-азаттық қозғалысы мен орыс пролетариатының революциялық қозғалысының бірігуіне себеп болғандығын атау айтуға болады. И. В. Сталин көрсеткендей Ұлы Октябрь социалистік революциясы тек пролетариат революциясы мен шаруалар қозғалысының бірігінән емес, сонымен қатар, ұлт-азаттық қозғалысының бірігуінің нәтижесі болып табылды.

Орыс пролетариатының тарихи ролін, оның революциялық қозғалыста көрсеткен үлгісін бағалай келіп, В. И. Ленин: Біз ұлттық мактандың сезіміне бәленудеміз, ейткені великорус ұлты да революцияшыл тапты туғызды, бұл тек ұлы қырғындарды, қаз-қатар дар ағаштарды, түрмелерді, ұлы ашаршылықты, поптардың, патшалардың, помещиктердің және капиталистердің алдында құрдай жорғалауды ғана емес, азаттық үшін, социализм үшін күресудің ұлы үлгілерін де адам баласына беруге кабілеті бар екендігін дәлелдеді, дейді.

Орыс пролетариатының басшылығымен басқа ұлттардың пролетарлары орыс пролетариатының төңірегіне бірлесті. Бұл бірлесудің патшалық Россияның Қазақстан сияқты өте артта қалған отарларын революцияландыруда зор маңызы болды.

И. В. Сталин өзінің «Социал-демократиялық партия ұлт мәселесін қалай түсінеді» деген мақаласында:

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 19-том, қазақшасы, 181-бет.

<sup>2</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 15-том, қазақшасы, 181-бет.

«...Пролетариаттың женеү үшін барлық жұмысшылардың ұлт айырмашылығына қарамастан біргігүй қажет»<sup>1</sup> деп көрсетті.

ХХ ғасырдан бастап-ак Қазакстанда да Россиядағы революциялық қозғалыстың әсерімен еңбекшілердің революциялық қозғалыстары үдей бастады. Мысалы, орыстың бірінші буржуазиялық демократиялық революциясы жылдарында казақ халқы да белсенді түрде революциялық күреске тартылды. Сөйтіп, Россиядағы 1905—1907 жылдарғы революцияның әсерімен Қазақстанда да азаттық қозғалысы дамый бастады. Сондыктан да В. И. Ленин: «Дүниежүзілік капитализм және 1905 жылғы Россиядағы революциялық қозғалыс Азияны біржолата ояты. Езілгеш, ортағасырлық караңызықтың азабын шеккен жүздеген миллион халықтар үйқыдан оянып, жаңа тұрмысқа және демократия үшін күреске тартылды»<sup>2</sup> деп жазды. Осы кезде Қазақстанның Петропавловск сыйкты қөптеген калаларында жергілікті социал-демократиялық топ үйімдастырылады.

Қазақстандағы революциялық қозғалыстарға М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев сыйкты коммунистік партияның көрнекті қайраткерлері басшылық етті.

М. В. Фрунзе 1885 жылы Пишик (қазіргі Фрунзе) қаласында фельдшер семьясында туды. Пишиктеңі бастауыш мектепті бітіргеннен кейін М. В. Фрунзе Верныйдағы гимназияға (қазіргі Алматы қаласындағы қазақтың С. М. Киров атындағы университетінің үйі орналасқан) түсіп, оны 1904 жылы бітіреді. Гимназияны бітіргеннен кейін Петербургтағы политехникалық институтқа түседі. М. В. Фрунзе революциялық идеялармен гимназияда жүргендеге-ак танысып, сондағы «самообразование» үйірмесіне қатысады.

Ал, В. В. Куйбышев 1888 жылы Омск қаласында туған. Бірақ көп кешікпей әкесінің Қекшетау қаласындағы әскери команданың бастығы болып тағайындалуымен байланысты Қекшетауға көшіп келеді. Куйбышевтің шешесі мұғалім болған. 1905—1907 жылдардағы революция кезіндегі Петропавл большевиктік үйімінің жұмысы большевиктер партиясының адал ұлы Куйбышевтің революциялық қызметімен тығыз байлынысты болды.

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 1-том, қазақшасы, 37-бет.

<sup>2</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 19-том, қазақшасы, 68-бет.

13—14 жасынан бастап-ақ В. В. Күйбышев революциялық кызметтерге араласып, Қекшетаудың революционер жастарының жасырын үйимына катысады. 1903 жылды Қүйбышев Омскідегі кадет корпусында оқып журіп, жазда Қекшетауға демалысқа келеді. Міне осы келгенде Қекшетауға Омскіден революциялық үндеулөр әкеліп, оны жастар арасына және солдаттар арасына тарапта бастайды. 1904 жылды В. В. Күйбышев РСДЖП-ның Омскідегі үйимына мүшіе болады, мүшіе большымен-ақ большевиктермен байланыс жасайды. В. В. Күйбышев Петропавлға РСДЖП-ның Омскідегі үйимының революциялық жұмысты басқару жөніндегі тапсырмасы бойынша келеді. В. В. Күйбышев темір жол депосында және басқа жерлерде стачкалар мен демонстрациялар үйимдастырылады. Меньшевиктердің айла-әрекеттерін, зұлымдығын әшкере-леп сөз сөйлейді. Петропавлда В. В. Күйбышевтің қатысуымен 1902 жылдың майында «Степная жизнь» деген большевиктік газет шығарылады.

1905 жылғы октябрьдегі бүкілроссиялық саяси стачка және декабрь қарулы қатерлісі кезінде Қазақстанда революциялық козғалыс кең өрістейді. В. И. Ленин «Бүкілроссиялық саяси стачка» деген мақаласында былай деп жазды:

Бүкілроссиялық саяси стачка бұл жолы ең алдыңғы қатардагы тантың батырлық өрлеуіне Россияның карғыс тиғен «империясының» барлық халықтарын біріктірді. Бұл езгі мен зорлық-зомбылық империясының барлық халықтарының пролетарлары кәзірде бостандықтың тұтас бір ұлы армиясына, социализм армиясына тізілуде.

Октябрьдегі бүкілроссиялық саяси ереуіл, әсіресе Оренбург—Ташкент және Сибирь темір жолдарында күшійе түсті. Бұл кезде Қазақстанның көпшілік қалаларында демонстрациялар болады. 1905 жылды күзде Успенск руднигі жұмысшыларының жыйналысында Капитализмге қарсы және жалақыны көбейту жолында күресу үшін «Орыс-қырғыз одагы» құрылды. 1905 жылды деқабрьде осы одактың басшылығымен рудникте үлкен ереуіл болды. Бұл ереуіл жұмысшылардың жерсінен аяқталды. 1905 жылдың аяқ кезінде революциялық козғалыс қазақ еңбекшілерінің қалың бұқарасын және Қа-

закстанға келіп орналасқан орыс шаруаларын толық қамтыйды.

Декабрь қарулы көтерілісі женіліске үшырағаниң кейін бүкіл өлде революциялық қозғалысқа қары қатаң жазалар қолданыла бастады, полициялық террор күшейді. Бірақ Россияда резолюциялық қозғалыс бірден тоқтап қалған жок, көпке созылды. Осы сиякты 1906—1907 жылдардағы революциялық күрес Қазақстанда да созыла түсті. В. Б. Куйбышев өзінің осы кездегі революциялық қызметін еске түсіріп былай дейді:

«1906 жылы мен Петербургтан өзімнің туған қалама Омсқіге келдім. Қелісімен жергілікті партиялық үйыммен байланыс жасадым. РСДЖП-ның Омскілік комитетінде большевиктер көшілік екен, көп кешікпей мен осы комитетке мүше болып сайландым, мұнда маған үгіт-насихат жұмысын баскару тапсырылды».

1906—1907 жылдары РСДЖП-ның Петропавловскідеғі үйымының мүше саны 150 адамға жетті. Куйбышев бастаған Петропавлдағы большевиктік топ, Қазақстанның көптеген жерлерінде байланыс жасап, халық арасында әртүрлі жұмыстар жүргізеді.

Омск большевиктері үгіт-насихат жұмыстарының Қазақстаниң көшілік жерін қамтығаны сондай, тіпті олар Қазақстаниң ең шеттегі мәдениет, экономика жағында артта қалған түкпіріндегі Жетісу облысымен де байланыс жасайды. Сөйтіп, большевиктік үйымдар тек жұмышылар мен қала халқы арасында ғана емес, деревнялар мен ауыл шаруалары арасында да үгіт-насихат жұмысын жүргізеді.

Мұны Омск комитетінің «Сибирь қазактарына хатынадеген үндеу қағаздары ләлеллейді. Бұл үндеу 1906 жылы орыс казактары мен Жаркент горнizonының солдаттарының арасына тарайды, 1906—1907 жылдары Қазақстанға большевиктік әдебиеттер, В. И. Лениннің кітапшалары мен мақалалары, РСДЖП-ның кавказдық комитетінің үндеулері тарала бастайды. Бұл кезде Кавказ комитетін И. В. Сталин басқаратын еді. РСДЖП-ның Томскілік комитетінің листовкалары да келеді. Томск комитетін С. М. Киров басқаратын еді. 1906 жыл полиция тіміскілеп жүріп, Верный горнizonының солдаттарынан РСДЖП Кавказдық Одағының үндеуін және Томск комитетінің үндеуін қолға түсіреді.

1906 жылы Н. Влагодарный деген шаруа Жаркенттері 2-атқыштар батальоны мен 8-түркмен атқыштар бригадасы солдаттарының арасына В. И. Лениннің «Деревня кедейлеріне» деген мақаласын таратады. 1907 жылдың аяқ кезінде полиция Верныйда (кәзіргі Алматы) маңызды большевиктік әдебиеттер толған астыртын жұмыс істейтін кітапхананы тауып алған.

Бұл кітапханадан В. И. Лениннің: «Аграрлық программаны қайта қарау», «Кадеттердің женісі әкене жұмысшылар партиясының міндеттері», «Бірігу съезі туралы баяндама» деген тағы басқа еңбектері табылған. Осы жолы Константин Бендюков деген казакты тұтқынға алған кезде полиция оның жанынан большевиктік «Пролетарий» газетінің 1907 жылы 20 октябрьде басылған номерін тауып алады. 1906 жылы апрельде Верныйдағы Сибирлік атқыштар батальонының оку командасынан полиция «Солдатский листок правды» газетінің 2-санынан 4-данасын колға түсірген. Бұл газет Ташкентте большевиктердің катысуымен шығып тұратын газет еді.

Газеттің бұл санында «Жұмысшылар не тілейді» деген басмақала басылған еді. Бұл мақалада большевиктік ұлт саясаты туралы мәселеге көп көңіл бөлінген. Бұл мақалада да:

«Біздер, социал-демократтар республикадағы әрбір ұлттар өздерінің тағдырын шеше алатын правоға не болуды талап етуіміз керек, яғни әрбір ұлттар одектас республика болып отыруды тілей ме? Әлде жеке мемлекет болып отыруды тілей ме — оны өздері таңдап алатындей болсын.

Сөйтіп, жұмысшылар Россиядағы барлық ұлттардың тәң болуын, әрбір ұлттың өзін-өзі билеуіне ерік берілуін талап етеді:» деп көрсетілген.

1906 жылдың мартаında РСДЖП-ның Түркстандық бірінші конференциясында большевиктер жергілікті ұлт еңбекшілері арасындағы істелетін жұмыс туралы арнаулы қарап кабылдады. Конференция Орта Азия мен Казакстан халықтары арасында жүргізілетін жұмыстар туралы мәселеге баса токталады, бұларға айрықша көңіл бөлуді, олардың арасында социал-демократиялық үгіт-насихат жұмысын жүргізуі талап етеді.

Бірінші орыс революциясы кезінде большевиктердің Қазақстан еңбекшілеріне қандай ықпал еткендігін Ақмола және Торғай облыстары бойынша өткізілген екінші

Мемлекеттік дума сайлауы толық сыйпаттайты. Сайлау кезінде большевиктер сайлау науқанын мүмкіншілігінше өз мақсатына пайдалана білді. Осының нәтижесінде Ақмола және Торғай облыстарынан екінші мемлекеттік думага большевиктер: Ақмола облысынан — Виноградов, Торғай облысынан — Голованов сайланды.

Ленин шығармаларының социал-демократиялық прокламациялардың халықты революцияландыруышылық зор маңызы болғандығын атап айтуда керек. Бұлар Қазакстан енбекшілерін самодержавиеге, бай, феодалдарға қарсы саналы революциялық күреске шақырып, аттандырды.

1905 жылы 11 декабрьде Успенск руднигінде казак және орыс жұмысшыларының ірі ереуілі болды. Бұл 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының шеткергі үлт аймактарына, соның ішінде Қазакстанға тиғізген революциялық ықпалының толық дәлелі еді. Бұл ықпал шетаймактарда революциялық қозғалыстың дамуын тездедті.

Қазақ халқы өзінің келешегіне толық сеніммен қарай бастады. Өйткені, патшалық Россиядан басқа тагы екінші Россия — шаруалармен одактаса отырып, большевиктер партиясының басшылығымен өзінің бостандығы, елдегі барлық езілген халыктардың бостандығы үшін күресуші революцияшыл жұмысшылардың Россиясы өздеріне көмектесетінін айқын білді.

Бақытты, бейбіт тұрмыс құру жолындағы патшалық өкімет пен империализмге, феодалдар мен байларға қарсы жүргізген Россиядағы езілген халыктардың бостандық күрессін баскаруыш жаңа тұрпатты партия — Коммунистік партия болды. Біздің тамаша Отанымызға патшаның жәндептері, дворяндар мен капиталистер зорлық көрсетіп, канап, корлық көрсетіп отырғаны біздің жаңымызға басқалардан гөрі қатты батады деді В. И. Ленин.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін қазақ халқының ең таңдаулы адамдары — большевиктер Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин және басқалар өз халқын коммунистік партияның басшылығымен жаңа әмір құруға шақырды. «Қазақ халқының тағдыры, — деді Амангелді Иманов, — большевизмнің жеңуімен бай-

ланысты... Сондықтан біз барлық күшімізben орыс большевиктерінө көмектесуіміз керек».

1916 жылы Қазақстан еңбекшілері патша өкіметіне және жергілікті қазақ байлары мен буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы қалың қол бол революциялық көтеріліске шықты. Бұл көтеріліске большевик Амангелді Иманов басшылық етті. Қөтеріліс осы күнгі Қазақстан жерін тұтас қамтып, оған он мындаған қазақ еңбекшілері қосылды. Көтеріліс терендей түсті, дамый берді. Алдыңғы катарлы орыс жұмысшылары мен шаруалары қазақ халқының көтерілісіне тілекtestіk білдіріп, жәрдемдесті. Сонымен катар басқа халықтар да қазақ еңбекшілеріне тілекtestіk білдірді. Қазақ халқының 1916—1917 жылдардағы ұлт-азаттық күресі орыс жұмысшылары мен шаруаларының патшалық самодержавиеге, империализмге қарсы революциялық күресіне үштасты.

Патша өкіметінің жендеттері жанталасып жазалағына қарамастан, орыс жұмысшылары мен еңбекші шаруаларының және патшалық Россияның езілген халықтары арасындағы, оның ішінде қазақ халқының империалистік соғыска, патша өкіметіне, помещиктер мен буржуазияға, қазақ байлары мен буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы күресі үдеп, өрши берді.

Қазақ халқының 1916 жылғы көтерілісі өртінің соңы үшқынларын патша өкіметі әлі сөндіріп үлгермей жатқан кезде, Россияда 1917 жылы февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы бүрк ете түсіп, жеңіске жетті. Алайда, февраль революциясы Қазақстан еңбекшілерінің тұрмысына ешқандай өзгерістер енгізбеді. Буржуазиялық уақытша өкімет Қазақстаңда және баска ұлт аймактарында патша өкіметінің ұлт саясатын сол күнде әзгеріссіз қалдырыды, еңбекшілерді бұрынғыдан езіп аяусыз қанай берді. Бұл қанаудан күтылып, босандыққа жету үшін социалистік революция қажет болды.

1917 жылы 7 ноябрьде (25 октябрьде) Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңді. «Орталықта басталған революция орталықтың тар территориясының шеңберінде ұзак уақыт кала алмады. Орталықта жеңіп шығып, революция шеткегі аймактарға сөзсіз тарауға тиіс еді. Шынында да, революция толқыны төңкерістің бірінші күнінен бастап-ақ солтүстіктен бүкіл Россия бойына

жайылып, шеткөрі аймактардың бірінен соң бірін қамтыды»<sup>1</sup>.

## ҰЛЫ ОКТЯБРЬ СОЦИАЛИСТИК РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОРЫС, ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЫЗҒЫМАС ТУЫСҚАНДЫҚ ДОСТЫГЫ

1917 жылы 3 (16) ноябрьде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің қолдары қойылған «Россия еңбекші халықтары праволарының декларациясы» жарияланды. Бұл Ұлы Октябрь социалистік революциясының тарихи документі еті. Мұнда совет үкіметі ұлт саясатының негізі айқын, анық белгіленген.

Жұмысшы-шаруа өкіметі бұл декларацияда өзінің ұлт мәселеінің жөніндегі шараларының негізі етіп: Россия халықтарының тенденция мен суверенитетінің сақталуын, олардың өз алдына бәлініп дербес мемлекет болуға дейін өздерін өздері еркін билеуге праволы болуын, қандай да болсын ұлттық және ұлттық-дүни артықшылық пен шекқоюшылықты жоуды, Россия тәрриториясындағы аз ұлттар мен этнографиялық топтардың еркін дамып өсүін белгіледі.

Қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы досықтың іргесін Ұлы Октябрь социалистік революциясы жана сатыға көтерді.

Орыс халқы мен қазақ халқының және Отанымыздың басқа халықтары арасындағы досық пен бірліктің негізін мықтап шынықтырған Ұлы Октябрь социалистік революциясының жөнінің болды, өйткені бұл революция ұлттық-отарлық езгінің бұғауын бұзып, Қазақстанның еңбекші бұқарасына ұлт-азаттығын, ұлт тенденциян әперді. Қазақ халқы орыс жұмысшы табының көмегімен Октябрь революциясының арқасында бостандыққа ие болды, тарихта бірінші рет ұлт мемлекеті болып бірігуі мүмкіншілік алды.

Сөйтіп, біздің еліміздің халықтары ұлы орыс халқының бастауымен Октябрь социалистік революциясын жүзеге асырып, дүние жүзінде тенденсі жок ең алдыңғы қатарлы өкімет — совет өкіметін орнатты. «Өндірістік қатынастардың өндірігіш күштер сырттына міндетті сәйкестігінің экономикалық заңына сүйене отырып, Совет

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 4-том, қазақшасы, 179-бет.

өкіметі өндіріс құрал-жабдықтарды қоғамдастырыды, оларды бүкіл халыктың меншігіне айналдырыды, сөйтіп қанау системасын жойды, шаруашылықтың социалистік формаларын жасады<sup>1</sup>. Елімізде жаңа мемлекетті — халыктың мемлекетті орнатуда орыс халқы жетекші роль атқарды.

Жаңа советтік социалистік мемлекетте социализмнің жеңіуі негізінде біздің қоғаммыздың қозғаушы күштері совет халқының саяси-моральдық бірлігі ССРО халыктарының достығы және советтік патриотизм өсірдамыды.

«Ұлттық езушіліктің негізгі таратушысы болған капиталистер мен помециктердің өкіметін құлатып, — дейді И. В. Сталин, — өкімет басына пролетариатты қойып, Октябрь революциясы ұлттық езушіліктің шынжырын бір-ақ жүлкепп үзді, халыктардың арасындағы ескі қатнастарды мұлде өзгертуі, бұрынғы ұлт араздығын қыйратты, халыктардың бірлесіп іс істеуі жолын тазартты, Ресеніяда ғана емес, Европа мен Азияда да орыс пролетариатына басқа ұлттан шыққан туысқандық сенімін арттырыды»<sup>2</sup>.

Бұрынғы ұstemдікten айрылған қанаушы таптар халыктардың туысқандық достығы мен теңдігіне негізделген совет өкіметінің нығаюына қары кайтадан баскөтеріп, жанталасып карсылық жасады. Орыс капиталистері мен помециктері және буржуазияның ұлтшылдар — алашордашылар, тағы басқалар шетел империалистерінің жәрдемімен өкімет билігін өз колдарына алуга әрекет жасады.

Казактың буржуазияның ұлтшылдары «Ұлттың өзін-өзі билеуі» дегенді сұлтау қылып, совет өкіметінің орнауына қары шыкты, Қазак Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру ісіне қары шыкты, орыс пролетариатымен одактасу ісіне қары түрүға тырысты. Қазак ұлтшылдары шындығында ешбір ұлт дербестігін көздеген жоқ еді, олар өз халкының бостандығы мен тәуелсіздігін ойлаудан тіпті аулак еді, өз халқын қанау үшін олар помециктердің, казак хандарының және байларының өкіметін сақтауды көздеді. Олар ежелгі әдеті

<sup>1</sup> И. Сталин, «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» Алматы — 1952 ж. қазақшасы, 8-бет.

<sup>2</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 5-том, қазақшасы, 204-бет.

бойынша өз карабастарының қамын ойлап өздерінің арам ниеттерін халық мүдделерінен жоғары койды, өз халқына опасыздық істеп, оны империалистік жыртқыштарға сатуға дайындалды.

«Революцияшыл пролетариатпен бетпе-бет кездескенде бостандыктың, Отаның, тілдің және ұлттың мүдделерін буржуазияның сатып кеткенін «біз», пролетарлар, ондаған рет көргенбіз»<sup>1</sup> дейді В. И. Ленин.

1919 жылдың жазында жас совет республикасына қарсы Антантаның бірінші жорығы басталды. Антантаның сондағы басты үміті, Антантаның Сібірдегі, Омскіндең қойған адамы, адмирал Колчакта болды. «Ол «Россияның басты билеушісі» болып жарияланды. Россиядағы бүкіл контреволюция соған бағынды» (БК(б)П тарихы. Қыскаша курс, казақшасы, 245-бет).

Казакстанда контреволюция американ, ағылшын, Франция империалистерінің әскери көмегінсіз, әрекет жасай алмайтын еді. Тек американ, ағылшын, француз басқыншыларының көмегімен совет өкіметіне қарсы бүліншілік жасаған Чехословакия корпусының наизасына сүйене отырып, акгвардия атаманы Дутов пен Алашорданың контреволюцияшыл «үкіметі» өздерінің арамниеттерін жүзеге асыруға тырысты.

Бірақ, американ, ағылшын, француз интервенттері және басқа интервенттер, орыс помещиктері мен капиталистері де, кулактар да, казак байлары мен буржуазияшыл ұлтшылдар — алашордашылар да өздерінің есебінен қатты жаңылды. Қазақ халқын советтік жолдан тайдағы алмады.

Қазақ еңбекшілері, еліміздің барлық еңбекшілерімен тізе қосып, шет елдердің басқыншыларына қарсы, Колчакқа қарсы және империализмнің жалдамшысы болған, өзінің туған халқын саткан казактың буржуазияшыл ұлтшылдарына — алашордашыларға қарсы батыл құреске шыкты.

Орыс жұмысшы табы мен шаруаларының және казак еңбекшілерінің шетелдік интервенттерге қарсы құресінде, орыс помещиктері мен капиталистеріне және казак байларына қарсы құресінде орыс, казак және Совет Одағындағы басқа халықтардың туысқандық бірлігі мен одағы шындалып нығая түсті.

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 6-том, қазақшасы, 489-бет.

Казақ халқы азамат соғысының өрті лаулап жанып тұрған кезде, орыс жұмысшы табының көмегімен, Коммунистік партияның басшылығымен өзінің советтік ұлт республикасын құрды. 1919 жылы 4 апрельде Ұлттар ісі жөн идеі халық Комиссариаты Қазақстанда Советтердің құрылтай съезін шакыруға дайындық жүргізетін комиссия құрды. Бұқілrossиялық Орталық Атқару Комитеті ұлттар ісі жөніндегі халық Комиссариаты И. В. Сталиннің үсынысы бойынша Оренбург қаласында бүкіл қырғыз, бүкіл қазақ съезін шакыру туралы қарап алды. Съезд шакыру туралы хабар казақ еңбекшілерінің арасында кей тарап, оларды интервенттер мен Колчакқа қарсы күрестеке жігерлендірді.

«Егер бұрынғы Россия империясының езілген халықтары орыс пролетариатына тілекtes болмаса және оны колдамаса, Россияда революция жеңіп шыға алmas еді, Колчак пен Деникин талқандалmas еді!»<sup>1</sup> — деп көрсетеді И. В. Сталин.

Коммунистік партияның басшылығымен, орыс жұмысшылары және М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев, В. И. Чапаев пен Дм. Фурманов сыйкты орыс халқының адал ұлдары азамат соғысының қолбасшылары дем берген казақ халқынан шықкан азамат соғысының батырлары Эліби Жангельдин мен Амангелді Иманов сыйкты алдыңғы қатарлы адамдар бастаған. Қызыл Армия бәлімдерінің көмегі арқасында казақ еңбекшілері 1919 жылдың аяғында Колчак пен Алашорданың біріккен контреволюциялық күшін талқандап, куды. Сөйтіп, Қазақстанда совет өкіметінің нығаюына толық жағдай жасады.

1920 жылдың ноябрь айында Қазақстанға, атап айтқанда Петропавлға В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің енімді серігі М. И. Калинин келіп, Қазақстан большевиктерінің алдына Совет өкіметін нығайту туралы нақтылы міндеттемелер койып, жол көрсетті.

1920 жылы 26 августа РСФСР-дың Бұқілrossиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советтің қаулысы бойынша Қырғыздың (Қазақтың) Автономиялық Советтік Социалистік республикасы құрылды; бір айдан кейін, 1920 жылы 4 октябрь күні Оренбург қаласында Қырғыздың (Қазақтың) Автономиялы Совет-

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Ленинизм мәселелері, қазақшасы, 4-басылуы, 48-бет.

тік Социалистік Республикасының бірінші құрылтай съезі ашылды.

Съезде алынған «Қаз. ССР еңбекшілері праволарының декларациясында» Қырғыздын (Казактын) республикасы жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттары Советтерінің республикасы деп жарияланды, автономиялы мүше есебінде РСФСР-дың құрамына енді. Сөйтіп, алғашқы кездे қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы РСФСР-лың құрамына кіріп, одан үлгі, жәрдем алып, өсіп өркенеді.

Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының құрылуы Октябрь революциясының тарихи актісі, лениндік-сталиндік ұлт саясатының жүзеге асуының нәтижесі және казак халқына ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегі болып табылады. Советтердің бірінші съезімен қазақ халқының құресінің ең маңызды бір кезеңі аяқталды.

Социализм орнату және советтік Отанды корғау міндеттеріне байланысты 1922 жылы барлық совет халықтарының туыскандық одағын одан әрі нығайту, оларды бірімен бүрінғыдан да жақындастырып араластыру мәселең алға койылды.

1922 жылы декабрьде Советтердің Бүкілодактық I съезі өткізілді. Бұл съезде В. И. Лениннің және И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша, еліміздегі халықтардың ерікті мемлекеттік бірлестігі — Советтік Социалистік Республикалар Одағы (ССРО) құрылды. ССРО-ның құрылуы — лениндік-сталиндік ұлт саясатының ұлы жеңісі, Совет Одағының барлық халықтарының салтанаты болды.

Қазақстан РСФСР-мен бірге, соның автономиялы республикасы ретінде ССР Одағына кірді. Қазақстанның РСФСР құрамында болуы орыс пролетариатының қазақ халқына тікелей мемлекеттік көмек көрсетуін қамтамасыз етті, Қазақстанның өзінде қазақ халқы мен орыс халқы арасында достық қарым-қатнастың орнатылып бүрінғыдан да күштейтіле түсүіне көмектесті. Мұндай үздіксіз және зор көмек көрсетілмеген болса қазақ совет республикасының тез өркендереп алға басуы мүмкін емес еді.

ССРО-ның құрылуы қазақ халқының ұлы орыс халықмен байланысын, достығын одан әрі терендептіп нығайта түсті, Қазақстанның Советтік Россиядан оқшаулау-

ға тырысқан буржуазияшыл-ұлттылдарға қатты сокқы болып тиді.

Бұқілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің екінші сессиясы 1924 жылы 14 декабрь күні Түркстан Орталық Атқару Комитетінің Орта Азия совет республикаларының ұлттық межеленуі туралы қаулысын бірауыздан бекітті. Орта Азиядағы ұлттар межеленгеннен кейін Түркстан республикасының Сырдария және Жетісу облыстарында тұратын қазактар сол кезде өз алдына құрылған Қазактың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасына қосылды. Сонымен, ұлт межеленуі республиканы нығайтып өсіру жолында ұлken алға басу болды. Бұл советтердің еңбекші бұқараға жақындай түсінен себеп болды. «Менің ойымша, — деді И. В. Сталин, — Түркстанда жақында аяқталған ұлттық межелеуді Советтерді бұқараға осындағы жақыннатудың үлгісі деп санауға болар еді»<sup>1</sup>.

1936 жылы 5 декабрьде ССРО Советтерінің төтеншеше VIII Бұқілодактық съезі ССРО-ның жаңа Конституциясын кабылдады. Осы ССРО-ның жаңа конституциясы бойынша Қазактың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Одактық республикаға айналды.

Коммунистік партия қазак халқын еліміздегі басқа халыктар сыйкты Октябрь революциясының жолымен, социализм жолымен бастал, Қазакстанның мемлекеттік құрылышын үздіксіз нығайтып, дамытып келеді.

Өзінің мемлекеттік құрылышында қазак халқы, ең алдымен, ұлы орыс халқына борышты. Тек орыс жұмысшылары және еңбекші шаруалары фана Коммунистік партияның басшылығымен тарихта тұнғыш рет жаңа типті мемлекетті — Советтік Социалистік мемлекетті курды. Россияның Советтік Федерациялы Социалистік Республикасы (РСФСР) көп ұлтты советтік социалистік мемлекет құруда үйтқы, негіз болды. Қөп ұлтты Советтік Социалистік мемлекеттің «...беріктігі дүниенің кай жеріндегі қандай ұлт мемлекетін болса да қызықтырғандай»<sup>2</sup>.

Сонымен қазак халқына ұлттық езуден босануда, акғвардияшылдарға, шетел интервенттеріне, буржуазияшыл ұлттылдарға қарсы құресте, қанауыш таптарды жоюда, өзінің социалистік ұлттық мемлекетін орнатуда

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 7-том, қазакшасы, 146-бет.

<sup>2</sup> И. В. Сталин, Ленинизм мәселелері, қазакшасы, 4-басылуы, 48-бет.

ұлы орыс халқының көрсеткен көмегі тек қазақ халқының еркін өсуіне жағдай туғызып қана қойған жок, сонымен қатар, қазақ халқының ұлы орыс халқымен достығын онан сайын нығайтып, мәнгілік етті.

Елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясының женуімен байланысты жаңа социалистік базис пен оған сәйкес социалистік қондырма құрылды. ССРО-дағы экономикалық базистің негізі өндіріс құралдарына қоғамдық, бүкілхалықтық, кооперативтік меншік болып табылады. Социалистік қондырмасаға коммунистік партия басшылық етіп отырған советтік социалистік мемлекет, ССО-да үстемдік етуші қозқарас — марксизм-ленинизм, социалистік мораль, совет әдебиеті мен искусствоны тағы басқалар жатады. Социалистік қондырманың бұрынғы ескі қондырмалардан принципиалды айырмашылығы бар, өйткені ол қанаушы таптың мұддесіне емес, еңбекшілердің, бүкіл қоғамның мұддесіне қызмет етеді.

И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген данышпандық еңбегі советтік тарих ғылымының бұрынғыдан да кең көлемде өркендей тұсуін қамтамасыз етеді.

И. В. Сталин бұл еңбегінде базис пен қондырманы аныктай отырып, тілді мысалға келтіре отырып қоғамдық құбылыстардың бәрін бірдей базиске немесе қондырмасаға жатқызуға болмайды, қоғам өмірінде көптеген тарихи дәүірлердің, көптеген өндіріс тәсілдерінің ұзына бойында құрылатын құбылыстар бар, олар көнтеген экономикалық базистерге, сондай-ақ белгілібір заминда әртүрлі қоғамдық таптарға қызмет етеді деп көрсетеді.

Советтік озат ғылымның асқан алдыбы И. В. Сталин базис пен қондырмасаға мынадай классикалық анықтама берді:

«Базис дегеніміз қоғамның белгілібір даму дәуіріндеғі экономикалық құрылыш. Қондырма дегеніміз қоғамның саяси, праволық, діни, көркеменерлік, философиялық қозқарастары және оларға сәйкес саяси, праволық, тағы басқа мекемелер.

Әрбір базистің өзіне сәйкес қондырмасы болады»<sup>1</sup>.

Бұл анықтамадан қоғамның идеялары, қозқарастары

<sup>1</sup> И. В. Сталин, «Марксизм және тіл білімі мәселелері», 6-бет. Алматы, 1951.

және бұларға сәйкес мекемелері қондырмаға жататындығы, олар белгілібір экономикалық базистің қажетін өтеуге сай келетіндегі өзінен-өзі-ак түсінікті. Экономикалық базис — алғашқы, ал, қондырма — соңғы, экономикалық базистен туынды нәрсе. Қондырманың бұл сыйкты өткінші, тарихи сыпатын И. В. Сталин былай деп атап көрсетті:

«Қондырма дегеніміз, — деді И. В. Сталин, — белгілібір экономикалық базис өмір сүріп, қымыл жасаған бір заманың жемісі. Сондыктан қондырма үзак өмір сүрмейді, белгілібір базис жойылып, жоғалса, ол да жойылып, жоғалады»<sup>1</sup>.

И. В. Стalinнің өзінің бұл еңбегіндегі сан өзгерістепінің сапа өзгерістеріне көшуінің лиалектикалық зонын қоғам тарихына қолдана білу жөнінде берген нұсқауларының орасан зор манызы бар. Антогонист қоғамда ескі сападан жаңа сапаға көшу көнет жарылу аркылы жүзеге асады. Еліміздің тарихында Ұлы Октябрь социалистік революциясы ең ұлы көнет жарылу, ең ұлы революция болды. Алайда диалектиканың бұл заны, ж.у таптар бар қоғамға қарағанда, социалистік қоғамда мүлде басқаша көрініс береді.

«Тегінде, жарыуларға әуестенетін жолдастарға, — деді И. В. Сталин, — мынаны ескерту керек: жарылу жолымен ескі сападан жаңа сапаға көшу заны тілдің даму тарихына қолдануға ғана жарамсыз емес, — оны базис немесе қондырма түріндегі қоғамдық құбыльстыардың басқаларына ла әрдайым қолдана беруге болмайты. Бұл зан жау таптарға бөлінгөн қоғам үшін әсте міндетті нәрсе емес»<sup>2</sup>.

Бұл қағиданы И. В. Stalin ССРО-дағы шаруалардың бұрынғы ұсак, мешеу шаруашылығының мүлдем өзгеру тарихынан тамаша мысал келтіріп дәлелдей. «Біз 8—10 жыл ішінде, — деді И. В. Сталин, — еліміздің ауыл шаруашылығында буржуазиялық жай шаруашылық құрылыштан социалистік, колхоздық құрылышқа көшу ісін жүзеге асырдык. Мұның өзі деревняда ескі буржузиялық шаруашылық құрылышын жойып, жаңа социалистік құрылыш жасаған революция болды. Алайда бұл тәңкеріс жарылу жолымен емес, яғни бар өкіметті құлатып,

<sup>1</sup> И. В. Stalin, «Марксизм және тіл білімі мәселелері», 6-бет, Алматы, 1951.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 24-бет.

жана өкімет күру жолымен емес, деревнядағы ескі буржуазиялық құрылыштан жаңа құрылышқа бірте-бірте көшу жолымен жасалды»<sup>1</sup>.

Социалистік қоғам жағдайындағы даму диалектикалық шарттары бойынша жүзеге асып отырады. Социализм бұдан былайғы жерде де қоғам өм'ріндегі жаңа сапалы құбылыстарды туғызып отырады. Бір жаңа сападан екінші жаңа сапаға көшу өзінің тым ірілігі жөнінен революциялық өзгеріс сыйпатында болады. Мысалы, социализмнің коммунизмге өту өндіргіш күштердің дамуында аса зор сәхіріс болып табылады.

Социалистік және коммунистік қоғамның дамуындағы бұл сыйкты ұлы өзгерістер әлеуметтік революция сыйпатында болмайды, олар қоғамдық құрылыштын алмасуымен байланысты болмайды, қайта олар коммунистік құрылыштың негізінде ешбір жарылусыз болады. Жаңа ұлы өзгерістер саналы түрде бірте-бірте жоғарыдан социалистік мемлекеттің, коммунистік партияның инициативасымен дайындалып, бүкіл халықтың саналы белсенді түрде колдауымен жүзеге асырылады.

Совет адамдарының материалдық әл-ауқаты үздіксіз артуда, олардың түрмисы жақсаруда, мәдениет дәрежесі өсуде. Еңбекшілердің үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени қажеттерін толық қанагаттандыруға камқарлық коммунистік партия мен совет үкіметінің бүкіл қызметінің басты және ең жоғарғы заны болып табылады.

Ұлы көсеміміз И. В. Сталин өзінің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген сибеттіңде социализмнің негізгі экономикалық занын: «... бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғарғы техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен барынша толық қанагаттандыруды қамтамасыз ету»<sup>2</sup> деп көрсетеді.

Орыс халқы коммунист партиясының бастауымен біздің елімізде социализмнің женуі ушін күресте Совет Одағының бүкіл халыктарына басшылық етті. Ұлы орыс халқы өзінің революциялық құлаш сермеушілігін большевиктік іскерлікпен үштастырды. Орыстың жұмысшы табы

<sup>1</sup> И. В. Сталин, «Марксизм және тіл мәселелері», 24-бет, Алматы, 1951 жыл.

<sup>2</sup> И. В. Сталин, «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», 1953, қазақшасының 42-бет.

күрделі қыйыншылықтардың бәрін жеңе отырып, біздің социалистік мемлекетіміздің экономикалық және әскери күшінің негізі — социалистік өндірісті құрды, нағайтты.

Тұысқан совет халқының семьясында орыс халқы еңбек пен батырлықтың тамаша үлгісін көрсетті.

Социалистік құрылыштың бейбіт даму жылдарында орыс халқы Совет Одағындағы бүкіл халықтардың саяси, шаруашылық және мәдени жағынан өсуіне зор тұысқандық көмек көрсетті. Ол бүкіл ССРО халықтарының ішінде ұлы, аға халық болып аталды. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин және И. В. Сталин шовинизмге, ұлтшылдыққа, бір ұлтты екінші ұлтка карсы коюшылыққа карсы аяусыз құрес жүргізе отырып, орыс халқын Совет одағының басқа халықтарының тұысқан ұлы және аға халқына айналдырыды.

Орыстың жұмысшы табы Россиядағы барлық халықтарға, соның ішінде казак халқына социалистік индустрія, колхоз құрылышын жасап, ұлт кадрларын үйретіп баулып шығаруға көмектесті. Патша өкіметі жағдайында көптеген езілген халықтар өндіріс пен мәдени дамуы жағынан өте кенже қалған еді.

Совет өкіметі жылдарында казак халқы коммунист партиясының және ұлы орыс халқының басшылығы арқасында совет халқымен тату бір семьяда социалистік қайта құрылыштардың тамаша жолдарынан өтті.

Қазақ халқы жаппай сауатты, мәдениетті, алдыңғы қатарлы өндірісті, ауыл шаруашылығы бар Одактас Республикаға дейін шарықтап өсті, өзінің ұлттық мемлекетін құрды, социалистік ұлт болып қалыптасты. «Ұлт мәселесі және Ленинизм» деген тарихи еңбегінде И. В. Сталин былай дед көрсетті:

«Совет Одағындағы кәзіргі социалистік ұлттар — орыс, украин, белорусс, татар, башқұрт, өзбек, қазак, азербайжан, грузин, армян және басқа ұлттар—ескі Россиядағы осындағы ескі, буржуазиялық ұлттардан өзінің таптық құрамы мен рухани бейнесі жағынан да өздерінін әлеуметтік-саяси мұдделері мен тілектері жағынанда мұлде өзгеше екенін ешкім төріс дей алмайды»<sup>1</sup>.

Қазақстан қыска мерзімнің ішінде еліміздің алдыңғы қатарлы одактас республикаларының бірі болып саналып отырса, бұл ұлы коммунист партиясының

<sup>1</sup> И. В. Сталин. Шығармалар, 11-том, қазақшасы, 180 бет.

ұлы орыс халқының және басқада совет халықтарының туысқандық көмегінің арқасы болды.

Октябрь революциясы жеңісімен коммунист партиясы мен совет әкіметі, бұрынғы өзілген үлттарға, соның ішінде қазақ халқына, іс жүзінде нағыз шын бостандық әперу ісін қолға алды. Совет халықтарының ұлы көсемдері — Ленин мен Сталин еліміздегі халықтар арасында достық, ынтымақ жасау мәселесіне әрдайым көңіл бөліп отырды.

«РСФСР-дағы үлт мәселесінің мәнісі — кейір үлттардың бұрынғыдан мұра ретінде қалған факт жүзіндегі (шаруашылық, саяси, мәдениет жағынан) артта қалған-дығын жою, артта қалған халықтарға мемлекеттік жағынан да, мәдениет жағынан да, шаруашылық жағынан да орталық Россияны қылп жетуге мүмкіншілік беру болып табылады»<sup>1</sup>.

Тек совет әкіметі орнағаннан кейін ғана қазақтың даласы гүлденген егісті, кең өрісті аймақ болды, кенді Алтай, көмірлі Караганды және мұнайлы Қаспий жағалаулары гүлдене түсті.

Лениниң «...алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегіне сүйене отырып, артта қалған елдер, дамудың белгілібір сатысында капиталистік даму дәүіріне соқпай-ақ, советтік құрылышқа, коммунизмге өте алады»<sup>2</sup> деген нұсқауы жүзеге асты. Мұны Қазақ ССР-ның өркендеуінен айқын көруге болады.

Партиямыз совет әкіметінің алғашқы құрылған жылдарында-ақ үлт республикаларының шаруашылығы мен мәдениетін өркендету жолдарын көрсетті, орыс жұмысшыларын артта қалған үлттарға көмектесуге шакырды. Өзінің 1920 жылы жазған «Совет әкіметінің Россиядағы үлт саясаты» деген мақаласында И. В. Сталин жалғыз автономиялы республикалардың үкіметтерін құру тіпті жеткілікіз екенін көрсете келіп, былай деді: «...шеткері аймактардың жатыркаушылығы мен түйіктіліктерінде әзірлеуден көп, оның әдебиетіндең көп, патша әкіметінің айуандық саясатында салдарынан шеткері аймактарда мирас болып қалған орталыққа сенбеушілікті жою керек»<sup>3</sup>.

РК(б)П-ның X съезі «Россияның шет аймактарындағы 25 миллион шамалы бұрын патша әкіметі өзген

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шыгармалар, 5-том, қазақшасы 41-бет.

<sup>2</sup> В. И. Ленин, Шыгармалар, 31-том, 219-бет.

<sup>3</sup> И. В. Сталин, Шыгармалар, 4-том, қазақшасы, 399-бет.

халыктар капиталистік даму кезеңін өтіп үлгірген жоқ, жұмысшы табы оларда не жоқ, не жоктың қасы, енді бұл халықтарға шаруашылықтың патриархалдық-феодалдық түрінен капитализмге соқпастан, шаруашылықтың социалистік сатысына өтуге тұра келеді; сондыктан, орыс жұмысшы табы бұл халықтардың орталық Россияға жетуіне жәрдемдесуі керек» деп көрсетті.

Октябрь революциясы әпірғен праволық ұлт тендерінде халықтардың ұлы табысы, бірақ бұл тендерінен өзі барлық ұлт мәселесін шешпейді, сондыктан ұлттарды іс жүзіндегі тенеу керек, ол үшін орыс жұмысшы табы артта қалған халықтарға үзак уақыт, нағыз шын көмек көрсетуі кажет, ал мұндай көмек болмайынша, олар экономика жөнінен өсіп ілгері көткен ұлттарға жете алмайды. Бұл артта қалушылықты қыска мерзімнің ішінде жою мүмкін емес, сонда да жою керек, және бұл үшін, алдымен, ұлт республикаларында өндіріс орындарын жасау керек болды.

«Бұл арада мектептер мен тіл арқылы құтыла алмайсын, — деді И. В. Сталин, — бұл арада мәдениет, шаруашылық жағынан артта қалған ұлттардың еңбекші бұкарапарына біздің тарапымыздан іс жүзіндегі, үздіксіз шын, нағыз пролетарлық жәрдем керек. Мектептер мен, тілден басқа Россия пролетариаты шет аймақтарда, мәдени жағынан артта қалған республикаларда, — ал олар өздерінің айыбынан емес, оларды бұрын шикізат коры деп есептегендіктен артта қалды, — осы республикаларда өнеркәсіптің ордаларын құруға барлық шараларды колданатын болуы керек»<sup>1</sup>.

БК(б)П-ның XVI съезі, Шығыста Совет Одағының екінші көмір-металлургия базасын құру міндетін койды.

Бұл айтылғандардың барлығы біздің партиямыздың ұлт республикаларында өнеркәсіп орталықтары және өзінің ұлттық жұмысшы табы болуына зор қамкорлық жасағанын көрсетеді.

Партия қазақ халқының және еліміздегі басқа да халықтардың мемлекеттік, шаруашылық және мәдени да мұның барған сайын өсіп өрістеуіне іс жүзінде көмектесудің накты программасын жасап берді.

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 5-том, қазақшасы, 273-бет.

Партияның бұл нұсқауларын еліміздің еңбекшілері ойдағыдай іс жүзіне асырып келеді. БҚ(б)П-ның XVII съезі Шығыстағы (Урал, Сибирь, Башкирия, Қазақстан, Орта Азия, Закавказье және Қызыл Шығыс) индустрияланырудың тұракты базаларына ауыр өндіріс құруға белгіленген барлық қаржылардың жарым жартысы жұмсалады, деп көрсетті.

Егер Совет Одағында орта есеппен жалпы өндіріс өнімі 1913 жылдан 1940 жылға дейін 10,9 есе өссе, Қазақстанда сол уақыттың ішінде 22,2 есе өсті, Армиян республикасында 22,3 есе, Грузияда 26,4 есе, Қыргызстанда 160 есе, Тәжікстанда 242 есе өсті. Бұл цифrlар Коммунистік партияның лениндік-сталиндік ұлт саясаты жеңіп шыққандығының айқын айғағы болып табылады.

Совет үкіметі Қазақстанның шаруашылығын өркендуге қаржы аяған жоқ. 1924 жылдан 1928 жылға дейін 724 миллион сом жұмсалса, бірінші бесжылдықта 1.558 миллион сом, екінші бесжылдықта 4.101 миллион сом және үшінші бесжылдықта 6.853 миллион сом, соғыстан кейінгі төртінші бесжылдықта 8,8 млрд. сом жұмсалды.

Осының нәтижесінде Қазақстанның социалистік өнеркәсібі үлкен күш алды. Қазақстанда жұмысшы табы өсіп ержетті және оның катары күн санап өсіп келеді. Қазақтың техникалық интеллигенциясы өсті. Отан соғысы басталарда Қазақстанда біржарым мыннан аса ірі завод, фабрика, шахта және басқа өндіріс орындары болды. Бұлар — техниканың осы күнгі жетістіктер мен қаруланған, елімізге түсті және басқа қымбат металдар беретін, көмір, мұнай, тағы сондай қажетті байлықтарды шығаратын орындар. Бұрынғы жапандұз шөл далаларда жаңа калалар орнады, Қарағанды көмір ордасы, Балқаш және Жезқазған мыс кені, Лениногорск және Шымкент корғасын заводтары, мұнай шығаратын Ембі, Ақтөбе химкомбинаты, тағы басқа сол сыйкты өндіріс орталықтары салынды. Қазақстан геологтары мен галымдарының патриоттық істері аркасында жаңа пайдалы кенбайлықтарының көзі ашылды.

Советтік бесжылдықтар ішінде жаңадан: металлургия, мұнай және химия өнеркәсібі құрылды; ірі электр станциялары, ауылшаруашылық машиналарын, трактор және

автомобильдер жасайтын заводтар, цемент заводтары, ірі тоқыма және тамақ комбинаттары, тагы басқа көптеген өнеркәсіп орындары салынды.

1927 жылы И. В. Сталиннің, партия, совет өкіметінің Қамқорлығымен Қазакстанды индустріяландырудың үлкен бір белгісі — Түркстан — Сибирь темір жолы салына бастады. Турксіб темір жолы ССРО-ның кең байтақ бай аудандары — Орта Азияны, Қазакстан мен Сибирьді орталықпен байланыстырыды. Мұның тек Қазақстанды индустріяландыру үшін ғана емес, бүкіл Совет Одағын индустріялау ісінде үлкен маңызы болды. 1930 жылы Турксіб темір жолы салынып бітүне байланысты И. В. Сталин «Турксіб құрылышын үлгілі аяқтағандарының үшін барлық құрылышшыларға мепен шын жүректен сәлем» деп жазды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің және Сталиннің тікелей басшылығымен Қазақстан коммунист партиясы бытыраңқы шаруаларды колхозға үйымдастырып, социалистік жолға салу міндетін тыңғышты орындан шықты. Қазақстанда колхоздар мен созхоздар гүлденіп өсті. Қазақстанда дәнді егіспен қатар бағалы техникалық егістер — макта, қант қызылшасы, каучук өсімдігі де өсірілетін болды. Қазақстан да қант қызылшасына, тарылан, күріштен дүниежүзілік рекордтің Отаны болды. Мал шаруашылығының алдыңғы қатарлы мындаған адамдарына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, бірнеше мың адам Совет Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталды. Республикада егіншілікпен қатар мал шаруашылығы да қаулап өсті. Сондықтан да Қазақстан Совет Одағының шығыстағы негізгі малшаруашылық базасы болып аталады.

Қазақстанда жаппай коллективтедіру күресін жүргізуде Совет Одағының өнеркәсіпті аудандарынан келгей адамдар көп жәрдемдесті. Қазақстанды индустріялы-аграфлық елге айналдыруда Доңбастың, Харьковтың, Луганскінің алдыңғы қатарлы жұмысшылары, Москва-ның даңқты пролетарлары туысқандық көмек берді. Қазақ халқы колхоз құрылышына көмектесу үшін орыс жұмышшы табының жіберген — даңқты 25 мың өкілінің көрсеткен зор көмегін мәнгі ұмытпайды.

Жергілікті жерде коллективтедіру ісін жүргізуін кийиншіліктарын еске ала отырып, БК(б)П Орталық Комитеті 1929 жылы ноябрьде деревняларға 25 мың

тәжрибелі жұмышыларды жіберу керек, деп үйғарды. Партия мен үкіметтің бұл шарасы жұмысны табының шаруаларға басшылық етуі ісінде үлкен роль атқарды. Олар өздерімен бірге деревняға социалистік шаруашылық системасының, социалистік жарыстың негізін сингізді. 1929 жылдың аяғында 1930 жылдың басында орыстың жұмысшы табы Қазақстанға 1 204 адам жіберді. Мұның 704 Москвадан, Ленинградтан, Орехово-Зуеводан, қалған 500 адамы Украинаның пролетарлық аудандарынан еді<sup>1</sup>.

Бұлар жұмысны табының ірі өнеркәсіп орындарында шындалып шықкан, көпшілігі Ұлы Октябрь күндерінде революциялық құрестерге қатысып, тәжрибе алған алдыңғы катарлы кадрлар еті. Бұл жұмысшылардың көпшілігі үздікіз колхозда жұмыс істеді. Олар аз уақыт ішінде өздерінің большевиктік шыныққандығы және ұйымдастыруышылық қабілеті арқасында коллективтендіру жолындағы барлық қыйындықтарды жеңіп, шаруаларға өздерін таныта білді. Олар социалистік жарыс пен екпінділікті тұңғыш бастаушылар болды.

Олардың бұл істері туралы архивтік документтерде былай дедінген: «Социалистік жарыс пен екпінділер козғалысын колхоздың енбекте тудыру тек 25 мыңдықтардың ғана бастамасы болды. Олар (өздері) колхоздастыру ісін колдарына ала отырып, кедейлер мен орташалар арасындағы жұмыста өздерінің табандылығымен күрлелі қыйындықтарды жеңіп беделге не болды. Колхозды ұйымдастыру ісін дұрыс жүргізе отырып, коллективтік енбектің шаруашылыкты дамытудағы пәтижесін көрсетті»<sup>2</sup>.

Сөйтіп, ұлы орыс халқы Отанымыздың барлық халықтарына көмектесуімен катар, қазақ халқына да гүлденген индустрималь-колхоздасқан казактың советтік социалистік республикасын құруына да жәрдемдесті. Бұрынғы көшпелі қазақ халқы Отанымыздың көмір мыс, қорғасын, металл және мұнайы бар индустрималь орталықтарының біріне айналды.

Міне, соңдықтанда барлық ССРО халықтары, оның ішінде қазақ халқы да Совет Одағы халықтарының

<sup>1</sup> ККП Орталық Комитеті жаңындағы партия тарихы институтының партия архивы Ф. 141, Ж. Д. 3322, № 78, 1930 ж.

<sup>2</sup> Партия тарихы институтының жаңындағы, партия архивы, Ф. 141, Ж. Д. 4842, № 145, 1931 ж.

бірлігінде үйткы болып отырған ұлы орыс халқымен достығын нығайта береді.

Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің өркендеуіне де ұлы орыс халқы көмек көрсетті. Отанымыздың барлық халықтарының, соның ішінде казақ халқының да өзінің советтік, социалистік ұлттық интеллигенциясы — ғалымдары мен жазушылары, оқытушылары мен дәрігерлері өсіп жетілді. Қазакстанда кәзір бірнеше ғылыми мекемелер, мектептер мен театрлар және ауруханалар бар.

Революцияға дейін Қазакстан халқының 2-ак проценті сауатты еді. Кәзір Қазақстан жаппай сауатты республикаға айналды. Ал, революцияға дейін казақ жерінде бірде бір жоғары оку орны болмаганы былай тұрсын, тіпті толық орта дәрежелі мектеп те болып көрген емес еді. 1920 жылдардың өзінде-ак Қазакстанда 144 000 окушыны камтытын 400 жаңа мектеп ашылды. Мектептер саны, әсіресе, 1930 жылғы жалпыға бірдей міндettі бастауыш білім алу кезінде жедел каркынмен өсті. 1949—50 оку жылында, 1914 жылмен салыстырғанда тек кана орта мектеп окушыларының саны 96 есе, жетіжылдық мектеп окушыларының саны 1914—15 жылмен салыстырғанда 95 есе артты. Кәзірде Қазақстанда 8 956 мектеп бар.

Октябрь революциясына дейін бірде бір жоғарғы оку орны болмаган Қазақстанда кәзір 30 ға жуық жоғарғы оку орны бар. Оның ішінде С. М. Киров атындағы Қазақтың Мемлекеттік Университеті, Абай атындағы педагогика институты, В. М. Молотов атындағы медицина институты, кен металлургия институты, ауылшаруашылық, шетел тілдері институттері және мемлекеттік консерватория бар. Бұл жоғарғы оку орындарында халық шаруашылығы мен мәдениетіміздің әр саласын меңгеретін 20 000 астам болашақ мамандар оқып білім алуда, сондай-ақ 108 техникумда 35 237 адам оқыйды.

Қазақ әйелдері мен қыздарына білім беру үшін Алматыда арнаулы оку орны — Қазақтың Мемлекеттік Педагогикалық әйелдер институты ашылды. Қазақ әйелдерінің өнеркәсіп орындарында, мемлекеттік ғылыми мекемелерде жұмыс атқаруына кең жол ашылды.

Халық ағарту ісінің өсуі ғылыммыздың, әдебиетіміз өн көркем өнеріміздің өркендеуін дамыта түсті.

1946 жылы Қазақ ССР Фылым академиясы құрылып, Қазакстандағы ірі ғылми ордаға айналды. Академияда 20 ғылми-зерттеу институты жұмыс істейді. Оның 14 ғылми секторы және көзіргі заман ғылымдарының салаларымен таныстырып, зерттеп отыратын 50 ғылми мекемелері бар. Академияда — 69 ғылым докторы, 285 ғылым кандидаты, 200 астам аспирантар мен жүздеген ғылми қызметкерлер жұмыс істейді.

Екінші бір Қазакстандағы ғылми орталық — Ленин атындағы Бұқілодактық ауылшаруашылық Ғылым Академиясының Қазакстан Филиалы. Мұнда бірнеше ғылми-зерттеу мекемелері бар. Онда жүздеген ғылми қызметкерлер, оның ішінде 9 доктор, 70 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Бұлар ауылшаруашылық ғылми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Қазақ әдебиеті алдыңғы қатарлы орыс классиктері мен дүние жүзі классиктерінің және көзіргі орыс ақын жазушылары, драматургтарының және туысқан республикалардың әдебиет шығармаларымен күннен-күнге бағып келеді. Қазіргі қазақ халқы өзінің ана тілінде марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, Пушкин, Толстой, Горький, Маяковский, Шекспир, Байрон, Бальзак, Руставели, Навоидын шығармаларын оқыйды.

1952 жылы республикамызда шығатын кітаптар саны 8 317 мың данаға жетті. 1913 жылы Қазакстанда барлығы 13 кітап 4 000 дана болып ғана шықкан болса, көзір жылына қазақ тілінің өзінде ғана жүздеген жаңа кітаптар мындаған дана болып басылып шығады.

Көзір Қазақстанда қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек және корей тілінде 250 газет шығады. Бұлардың 5 і республикалық, 31 і облыстық, 7 калалық, 207 аудандық газет. Саяси, әдебиет, ғылыми журналдардың саны 16 ға жетеді.

Революцияға дейін Қазақстанда бірде-бір қазақ театры болған емес еді. Тек Совет әкіметі тұсында ғана театр әр салада — опералық, драмалық, балеттік театр құрылды. Мұның ішінде — Академиялық опера және балет театры, Академиялық драма театры, филармония, ұлт оркестрі, жас өспірімдер театры, ұйғыр, корей театрлары және көптеген колхоз-совхоз театrlары бар. Қазақ халқы театр сахнасынан өзінің ана тілінде орыс және дүние жүзі классиктерінің шығармаларын көзімен көріп, тыңдайды.

Октябрь революциясына дейін бүкіл Қазақстанда қаладағы ауқаттылар үшін ғана көрсетілетін 20 дыбыссыз кино театр болды. Ал, ауылды жерлер кино дегенді мүлде білмеді. Қазір кино-театрсыз бірде-бір қала, аудан орталығы жок. Қазір Қазақстанда 1318 кино установка, ал, алыс жайылымдардагы малшаруашылық қызметкерлеріне ариалған 888 көшпелі кино бар. Жыл сайын миллиондаған адамдар кино көреді.

Социалистік мәдениет қайта туған қазақ халқының ұлы табысы. Коммунист партиясының басшылығы, ұлы орыс халқының көмегі арқылы қазақ халқының бұл табықа қолы жетті. Бұл табыс — данышпан лениндік-сталиндік ұлт саясатының игі жемісі.

Қазақ халқы Отанымыздың барлық халықтарымен қол ұстаса отырып, өзінің ағасы ұлы орыс халқының үлгісімен дүние жүзі мәдениетіндегі ең озат мәдениет — советтік социалистік мәдениеттің құруға қатысқанын зор мақтаныш етеді.

Москвада, Ленинградта, Совет Одағының ірі-ірі орталық қалаларында және басқа ірі өндірісті, мәдениетті қалаларда Қазақстанның халық шаруашылығы үшін, кадрлар дайындалады. Стalingрад, Челябинск және Харьков — Қазақстанга трактор, Ростов — ауылшаруашылық машиналарын, Донбасс — көмір қазушылар және металургия мамандарын даярлап береді.

Софықса дейінгі дәүірде Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында 30 мындағы трактор және 12 мың комбайн жұмыс істеген болса, бұл ұлы орыс халқының қазақ халқына көрсеткен көмегінің арқасы.

Советтік Қазақстанның ұлы жеңістерін Жамбыл былай деп жырлады:

«Кара тау тола корғасын,  
Көкшетауда қалып мал,  
Алтайым жатыр алтын жал  
Каптағандай күміспен  
Шымкентте өскен макталар,  
Қарасам көзім жетпейді.  
Толқыған шексіз етінге,  
Балығы тайдай тулаған  
Көлдерінде, теңізде,  
Күні, түні поез ағылған,  
Тиелген кара көмірге,  
Әзендей тасым чұнайың  
Агады сыймай өнірге.  
Ас пен оғым жетеді,  
Залым жауды женуге».

Қазақстанның экономикалық дамуындағы жетістіктер мен табыстар ұлы орыс халқының жәрдемінсіз мүмкін емес еді, ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру үшін, колхоз құрылышының женуі үшін қазақ шаруалары орыс халқының көрсеткен жәрдемін ешуақытта естең шығармайды.

Қазақстанды қамқорлығына алған Ленин қаласының еңбекшілері орыс халқының үздік ұлы Сергей Миронович Кировтың басшылығымен казақ халқының шаруашылық және мәдени жағынан жетіліп ғүлденуіне зор көмек көрсетті. Қөптеген өнеркәсіп және ауылшаруашылық машиналарынан бастап, әдебиет кітаптары мен оқу құралдарына дейін, Ленин қаласының еңбекшілері қазақ халқына беріп отырды.

1934 жылы Сергей Миронович Киров Қазақстанға келді. Ол қазақтарды, социалистік егіс далаларында және өндіріс орындарында большевикше жұмыс істеуге жігерлендірді.

«Киініп сұр шинелін  
Келіп көрді ол көзімен  
Қазақстан даласын,  
Аспаименен таласқан  
Алатрудың аясын,  
Алтын атқан Алтайдың  
Көрді көркем саласын,  
Риддер менен Балқаштың  
Кен кернеген арнасын.  
Жылы жұзбен сөйлесті  
Көріп іні, ағасын,  
  
Құтылған және құлдықтың,  
Қауымын көріп халықтың  
Шарықтатты санасын.  
Ертісте тұрып ойлады ол,  
Жарқын жұзбен сөйледі ол,  
Алтын Қазақстанның  
Өзінін тұған ұлындай  
Көрген құшып анасын.  
Ырысты көріп шаттанды  
Толтырған көз шарасын;  
Майдайнаң сыйпады,  
Бақытты елдің баласын».

Сөйтіп, қазақ халқына үздіксіз большевиктік камқорлық жасаған қазақ халқының шын досы С. М. Киров туралы жүзге келген Жамбыл қарт өзінің жырымен бүкіл қазақ халқының ойын білдірді.

Халық шаруашылығының барлық салаларында социалистік системаның нығаюы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өрлеуі, еңбекшілердің материалдық жағдайының жақсаруы, халық бұкарасы мәдениеттілігінің артуы, олардың саяси белсенділігінің күшеоі — советтік құрылыштың берген жемісі екендігі сөзсіз.

Осыдан байлай, — деп көрсетті И. В. Сталин партияның XVIII съезінде, — Совет қоғамы жұмысшылардың, шаруалардың, интеллегенцияның достық ынтымағының бейнесі болып отырады.

«Осы бірлік — ынтымактың негізінде совет қоғамының моральдық-саяси бірлігі, ССРО халықтарының достығы, советтік патриотизм сыйкты қозғаушы күштер өріс алды»<sup>1</sup>. Бұл біздің мемлекетіміздің тағдыры үшін, сталиндік данышпандық кортынды еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көрсеткен ССРО халықтарының тамаша бірлігі мен ерлігі еліміздегі социалистік өндіріс тәсілінің тарихи жеңісі — күш біркітіріп ынтымақтаскан халықтардың жеңілмейтіндігінің кепілі. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы құресте ұлы орыс халқының сінірген еңбегі баға жеткісіз, ұлы орыс халқы өздерінің батырлығын, табандылығын Отанта шексіз берілгендейгін және оны жаңындағы сүйетіндігін көрсетті. Өзінің бостандығымен бірге бүкіл дүние жүзі халықтарының бостандығын сактап қалуды өз қолына алды.

1941 жылы 22 июняде неміс-фашист басқыншылары жауыздықпен Отанымызға басып кіріп еліміздің барлық халықтарын неміс князьлері мен барондарының құлдығына айналдыруды және немістендердің көзделді. Сонымен әнгіме «... Совет мемлекетінің не тіршілік етуі, не құруы туралы, ССРО халықтарының не тіршілік етуі, не құруы туралы, Совет Одағындағы халықтардың не ерікті болуы, не құлдыққа түсіу туралы...»<sup>2</sup>, болды.

Неміс-фашист басқыншылары біздің қалаларымыз бен селоларымызды қыйратып, балаларды, эйелдерді аяусыз қырды. Біздің Отанымыздың өміріне зор қауіп тәнді. Жау Москваға, Стalingradка және Қавказ тауларының етегіне дейін кірді. Бірақ орыс халқының еңесі түсіп, қажымады, ол өзінің соңынан ССРО-ның барлық халқын

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Ленинизм мәселелері, қазақшасы, 4-басылуы, 556-бет.

<sup>2</sup> И. В. Сталин, 1941 жылы 3 июльде сөйлеген сөзінен.

Ертіп ешуақытта ешбір жаудың алдында тізе бүкпейтіндігін көрсетті.

Москва және Ленинград түбіндегі, Кавказ тауларының етегіндегі шайқастарда орыс жауынгерлері жауға ерлікпен күресіп, өзінің төнірегіне еліміздің басқа халықтарының жауынгерлерін топтастырды, оларға ерліктің үлгісін көрсете.

Орыс қару-жаарағының данқы бүкіл дүние жүзіне тез арада жайылды. Бүкіл дүние жүзінің бостандық сүйгіш халықтары, біздің, Совет Армиясының батырлық күресіне, орыс халқының батырлық күресіне қарады. ССРО халықтары ұлы орыс халқының көмегімен және басшылығымен өздерінің ерлігі арқасында бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды.

Міне осындай жағдайда Қазақстан жауынгерлерінің советтік патриотизмі және советтік социалистік ұлттық мактанды шеңберде тәрбиеленді. Қазақстан жауынгерлері соғыстың ауыр кезеңдерінде, басқа да совет жауынгерлері сыйкты, ерлікпен құресті.

Отан соғысы жылдарында И. В. Сталин өзінің баяндамалары мен бүйректарында орыс халқының өткендегі тарихи ерліктерін үлгі етіп көрсете. 1941 жылы 7 ноябрьде Қызыл Армияның парадында сөйлеген сөзінде, жау Ленинград қаласында, Москва түбінде түрғанда, біздің ұлы көсеміміз Совет халқына және Совет Армиясының жауынгерлеріне орыс халқының өткендегі ерлігін есіне түсірді.

1943 жылы қатардағы солдат Александр Матросов, өзінің денесімен жау дзотының амбраузасын (бекіністегі оқ ататын тесік) жауып, біздің бөлімдеріміздің шабуылға шығуын қамтамасыз етті. И. В. Сталин былай деп жазды: «Матросов жолдастың ұлы ерлігі, барлық Қызыл Армия жауынгерлерінің батырлығының және жауынгерлік айбынының, тәжрибесінің бейнесі болуы керек»<sup>1</sup>.

«Отан күзетінде» деген қазақтың майдандық газетінде «Досы үшін өлген, достықтан артық сүйіспеншілік жоқ» деген такырыpta мақала шықты. Мұнда Сұлтан Баймағамбетовтың орыс жауынгері Матросовтың ерлігін қайталағаны туралы жазылды. Бұл оқыйға былай болды. Ленин қаласы үшін күресте қазак Сұлтан Баймағамбетов

<sup>1</sup> 1943 жылы 8 сентябрьдегі Жоғарғы Баскомандованиеңің бүйрекі.

өзінің даңқын шығарды. Біздің бөлімдеріміздің алдында немістің бірнеше дзоттары тұрды. Жаудың пулемет атысынан, біздің әскер бөлімдеріміз жер бауырлап жатты. жаудың атыс орына жетіп, оны гранатпен үшін өшіру үшін жасаған жеке батырлардың әрекетінен еш нәтиже шықлады. Немістердің жоғарыда тұрган дзотын күрту керек болды. Сұлтан Баймағамбетов «Сталин үшін!», «Отан үшін!» деген ұранмен жаудың дзотындағы амбра-зураны денесімен жауып, жаудың пулеметінің үнін өшірді.

«Қызыл әскер акыйқаты» деген газетте: «қатардағы солдат казак Агаділ Сухамбаев орыс батыры Александр Матросовтың ерлігін қайталады. Ол ұрыс уақытында өзінің досесімен жау пулеметінің аузын жауып үнін өшірді, өзінің әскер бөлімін жеңіске жеткізді» деп жазылған.

Казакстан жауынгерлерін орыс жауынгерлерінің соғыс тәжрибелісін үлгі алуға шакыра отырып, казақ халқы өзінің майдандағы жауынгерлеріне былай деп хат жазды: «Октябрь революциясына дейін де казактар орыс жұмысшыларымен, шафуаларымен достықта болды. Патша өкіметі мен байлар бұрынғы Россия империясының халықтарының арасына іріткі саламын деп талаптанған сайын, халықтар достығы жымдаса түсті, орыс пән қазақ халқы талай рет күш біріктіріп, қанаушыларына қарсы шықты.

Олардың жалпы жауы — патша өкіметі еді. Жыл санап олардың жепіс жөнінде ынтасты мен сенімі де өсө берді. Бұл езушілерге қарсы олардың бірлесіп күреске шықкан кезінде болған жок. Пугачев көтерілісінің кезінде де, 1905 жылға революция мен Октябрь күндерінде де казактар үрысқа орыстармен бірге шықты».

28 панфиловшы батырлардың ішінде төрт қазақ болды. Олардың ішінде орыстар, украиндар, белорустар, қырғыздар болды. Бұлардың бастығы орыс жауынгері — саяси жетекші Василий Клочков еді. 28 панфиловшылардың ерлік қыймылы орыстың ардақты адамы, Сталин үлгісінен үйрекшеген генерал — Совет Одағының Батыры — Иван Васильевич Панфиловтың есімімен үздіксіз байланысты. Генерал Панфилов қазақ жауынгерлерін әскери және советтік патриотизм рухында тәрбиелсүде баға жетпес еңбек сінірді. 8-гвардия дивизиясындағы казақ жауынгерлері Панфиловты әрқашанда тәрбиешіміз және

әкеміз деп есептеді. Панфилов оларға батылдықты, ынталылықты, қаһармандықты, Отанға шексіз берілгенлікті үйретіп баулыды. Генерал Панфилов тәрбиелеген жауынгерлер қазақ халқының мақтанышы болды.

28 панфиловшының ерлік қыймылы ССРО халықтарының өзара қасиетті туыскандығын көрсетеді. Бұл ерлік қыймыл орыс халқының әруакытта-ак еліміздің барлық халықтарына жауынгерлік пен қаһармандық жөнінде өзінің даңқты дәстүрлері мен өнеге болып отырғанына ай-ғақ болады.

Совет Одағы халықтарының, оның ішінде ұлы орыс халқы мен қазақ халқының 1917 жылғы октябрь күндерінде және азамат соғысы жылдарында, бейбіт социалистік құрылым жылдарында бекіп нығайған туыскандық достығы герман фашизмінә карсы құрескен Ұлы Отан соғысында бұрынғыдан да жоғары дәрежеге көтерілді. Осы тарихи сын кезінде Совет Одағының халықтары одан сүрінбей өтіп, бүкіл дүниә жүзі алдына өзінің мызғымас бірлігін көрсетті.

Еліміздегі халықтардың социализм құру жолындағы құресінде, лениндік-сталиндік ұлт саясатын жүзеге асыруда өсіп нығайған моральтық саяси бірлік және мызғымас достық, ұлы орыс халқының бесжылдықтардағы, әсіреле Отан соғысы жылдарындағы ерлік үлгі-өнегелері совет жауынгерлері оның ішінде қазақ жауынгерлері күш-куатының, ерлігінің сарқылmas қайнар көзі болды.

Ұлы Отан соғысында совет халқының жеңіп шығуы лениндік-сталиндік ұлт саясатының толық жүзеге асуының жемісі және осы данышпаидық саясаттың ұлы күшінің жеңіп шығуы болды. Сондыктан, бұл тарихи жеңіс бір-біріне адаптепен жәрдемдесетін халықтар достығының лениндік-сталиндік принципінің мызғымас тірек екендігінің кепілі болады. Сонымен бұл жеңіс фашизмнің шірік націлдік теориясына өлтіре соққы берді. Фашистік націлдік теорияның быт-шытын шығарды.

Кәзір неміс фашизмінің націлдік теориясының орнына үшінші дүниежүзілік соғыстың ортін тұтандырушы американ-ағылшын империалистері ағылшын-саксон націлдік теориясын дәріптейді.

«Черчиль мырзаның және оның достарының бұл жөнінде, — деді И. В. Сталин «Правда» газетінің тілшісі.

мен 15 мартағы 1946 жылғы әңгімесінде, — Гитлер мемоның достарына таңғажайып ұксас өкенін атап көрсеткен жән. Гитлер соғысты шығарғанда неміс тілінде сөйлейтін аламдар ғана толық құнды ұлт болып табылады деп жариялад, нәсілдік теориясын әйгілеуден бастаған болатын. Черчилль мырза да соғыс ашуға шакыру ісін ағылшын тілінде сөйлейтін ұлтар ғана бүкіл дүние жүзінің тағдырын тындыруға тиісті толық құнды ұлт болып табылады деген нәсілдік теориядан бастап отыр. Немістің нәсілдік теориясы Гитлерді және оның достарын немістер бірден-бір толық құнды ұлт болғандықтан басқа ұлтарға үстемдік етуге тиіс деген кортындыға келтірген болатын. Ағылшының нәсілдік теориясы Черчилль мырза мен оның достары ағылшын тілінде сөйлейтін ұлттар, бірден-бір толық құнды ұлт болғандықтан, дүниедегі басқа ұлттарға үстемдік етуге тиіс деген кортындыға келтіріп отыр».

Совет Одағы халықтарының тәң праволы туыскандық достығы реакцияшыл империалистік идеологияның күлін көкке ұшырлы. Жер үстіндегі халықтарды «құнды», «құнсыз» деп беліп, олардың дербес саяси өмір сүруге, мәдениетке, ғылымға, цивилизацияға «бейімдісі» бар, «бейімсіз» бар деп лагушылықтың түкке тұрмайтын сандырақ екенін ССРО халықтарының мызығымас ынтымақ-бірлігі дәлелдеп отыр. Сонымен бірге, бұрын езілген және артта қалған халықтар феодалдық және капиталистік күлдіктан, ұлттық езуішлікten құтылып, советтік қоғамның және мемлекеттік құрылыштың арқасында тарихи қыска мерзімнің ішінде өзінің мәдени және шаруашылық жағынан артта қалушылығын жойып отыр.

Сталин өзінің «Ұлт мәселесі және ленинизм» деген тамаша еңбегінде былай дейді.

«...ұлттық езуді жою ісі біздің еліміздегі бұрынғы кезде езілген ұлттардың ұлттық өркендеуіне, олардың ұлттық мәдениетінің өсуіне біздің еліміз халықтарының арасында достық интернационалдық катнастардың нығайтуға және олардың арасындағы социалистік құрылыш ісі жөнінде бірлестік орнатуға әкеліп жеткізгенін атап көрсету керек»<sup>1</sup>.

Екінші дүниежүзілік соғыста гитлершіл Германия мен империалистік Жапония тек соғыстық және эконом-

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Шығармалар, 11-том, қазақшасы, 394-бет.

микалық жағынан ғана емес, саяси-моральдық жөнінен де жеңілді. «Барлық нақілдер мен ұлттардың біздің елімізде орын тепкен тәндік идеологиясы, халықтардың туысқандық идеологиясы гитлершілердің айуандық-ұлтшылдық және нақіл өшпенділігі идеологиясының жеңіл шықты»<sup>1</sup>.

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы қырғын соғыста ұлы орыс халқы мен қазақ халқының достығы бүріншідан әрі нығайды. Оған Ұлы Отан соғысындағы мына фактілер дәлел бола алады.

Саяси жетекші Рашид Жанғозин бас болып бір топ жауынгерлер көпірді қоршап тұрды. Олар төрт рет немістердің атакасына төтеп беріп, бетін қайырды. Гитлершілер содан кейін көпірді қоршап алды. Совет жауынгерлері өмірінің акырғы минутына дейін көпірді қорғауға бел байлады.

Енді бірнеше минуттан кейін Қанібек Әбілев, Иван Корчагин, тагы басқалар қаза тауып қатардан шықты. Немістердің жақын жерден айқайы да естілді.

— Эй, русс сдавайся, сдавайся!

Жанғозин актық гранатын фашистер тобының қалың ортасына лақтырды.

— Мә, бәлем, сүм нәлдеттер, біздің қалай бағынатынызызды көріп қойындар!

Енді ол жалғыз өзі қалды. Жолдастарының денелері жанып сөнуге айналды. Рашилдің де киімі жана бастады. Сол кезде ол қалтасынан № 3741424 партия билетін алды мынадай сөздер жазды:

«— Кош бол, аса қымбаттым, кош бол! Өмірімнің актық минутында мен өзім жөнінде мақтаныш етіп айта аламын: адам болып тудым, адам болып өлемін. Коммунист болып өстім, коммунист болып өлемін. Гүлден-ген болашақ жасасын, сүйікті әкеміз Сталин жасасын!».

Ержүрек патриоттың қолымен жазылған бұл сияқты шын жүректің жалынды адал сөздері партия мен совет мемлекеті тәрбиелеп өсірген нағыз коммунистің бейнесін, ашық, айқын көрсетеді, ол бейненің моральдық тазалығын, күшін табандылығын жөне Отанға, орыс халқына деген сүйіспендігін көрсетеді.

<sup>1</sup> И. В. Сталин, Октябрь революциясының 27 жылдық мерекесінә арналған мәжілісте сөйлеген сөзінен.

«Харьков тубінде болған ұрыстарда бір топ қазақ жауынгерлері немістердің қарсылығын баса көктеп өзен-нің арғы жағына өтті. Жаудан азат етілген Украина жерін қазақтар мейірі қанып сүйді»<sup>1</sup>.

«Біз бір-бірімізден қашыктықта өстік, — деп жазды қазақ жауынгері Б. Бұлқышев, — мен қазақ ауылынанмын..., ол Курскийдің колхозынан. Сонда да қазақ даласы мен Курский жері бір жер болып есептеледі. Өйткені екеуі де -- Совет жері. Біздің өміріміздің барсы мен мақсатымыз бір».

«Бір колайлы биік төбе үшін қызу күрес болды, — деп жазады қазақтың «Қызыл әскер ақыйқаты» атты майдандық газеті. — Биіктебе қолдан-қолға төрт рет өтті. Біздің жауынгерлер жауды ығыстыра алға қарай ұмтыла бергенде бір бүйірден неміс фашист пулеметі атқылай бастады. Губко қолына гранатты алып, неміс пулеметіне қарай еңбектеді. Жау пулеметіне жақындал келіп, Губко гранатасын лактырды. Екінші гранатаны көтеріп лактыра берген кезде Губкоға жаудың оғы келіп тиіп, ол қаза тапты.

Досы, жаң жолдасы, Губконың өлімі қазақ жауынгері Қорғаниң жаңына қатты батты; ол бұл күні кешке өзінің Қазақстандағы анасына былай деп хат жазды: «Ана, менің қайғым күшті. Ұрыста менің бауырым, досым Вася қаза тапты. Васяны сенде туған ұлындаі көруші едің. Неміс фашистерінен мен Вася үшін аяусыз кек аламын. Васяның әйелі мен екі баласы калды. Оларды қайғыртпа, жұбат. Оларға жәрдемдес. Біздің үйде екі сыйыр бар ғой, біреуін Васяның әйеліне бер... Ана, маған Васясіз көңілсіз, өте қыйын. Васядай досты іздел табу қыйын».

Көп кешікпей Қорған анасынан хат алды. Хатта былай делінген: «Васяның өлімі менің де жаныма қатты батты. Васяның әйелі, балалары мен үшін өз балаларымдай қымбат. Васяның семьясына қолынан келген жәрдемінің барлығын аямаймын, Васяның әйелі сыйырды алғысы келмен еді, алмасаң қатты өкпелеймін деп болмай алдырдым. Қош сау бол балам, өзің үшін де, Вася үшін де жаумен күрес. Менің беретін аналық батам осы».

Гитлер Германиясына және империалистік Жапония-ға қарсы Ұлы Отан соғысында совет халқы және онын

<sup>1</sup> «Правда» газеті. 18 май, 1949 жыл

даңқты армиясы коммунист партиясының басшылығымен бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жетті. Совет халқы және совет армиясы неміс фашистеріне қарсы қырғын ұрыстарда өз Отанының наимысы, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ғана күресіп қоймай, барлық Европаны фашистердің құлдығына сақтап қалды.

Қазақ халқы совет халықтарының туысқандық, достық семьясында бола отырып, өзінің советтік социалистік Отаның қорғауда 1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы кезінде тылда да, майданда да жаңқыярлық ерліктер жасады. Сейтіп, олар өздерінің советтік ұлттық мақтандырылып мен советтік патриоттық сезімін көрсетті. Қазақ халқы Ұлы Отан соғысына қатнасып социалистік Отан алдындағы өзінің міндетін орындағанын мақтан етеді, мұнда өзіне үлгі көрсеткен ұлы орыс халқына алғыс айтады. ССРО Халық Комиссарлар Советі және БҚ(б)П Орталық Комитеті қазақ республикасының 25 жылдығымен байланысты жіберген құттықтауында былай деп жазды:

«Ұлы Отан соғысы күндерінде қазақ халқы Совет Одағының басқа халықтарымен біріге отырып, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды. Он мындаған қазақтар бірнеше ұрыстарда көрсеткен ерлігі, қаһармандығы үшін Совет Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталды. Қазақ республикасының жұмышшылары, колхозшылары мен интеллигенттері өздерінің жаңқыярлық еңбекі арқасында жауды жеңуге көп мүмкіншіліктер берді».

Қазақстан еңбекшілерінің ерлік еңбектерін Совет үкіметі әрқашан жоғары бағалап отыр. 1941—1945 жылдары, Ұлы Отан соғысы уақытында Балқаштың мыс қорытатын комбинатын мемлекеттік қорғау комитеті 19 рет ауыспалы Қызыл түмен наградталды. Жезқазған руднігі 16 ай бойы ауыспалы туды өз қолында үстады. Турксіб пен Караганды темір жолы 3 рет, тамақ өндіріс орны 3 рет, мал шаруашылығы басым облыстар мен аудандар 9 рет ауыспалы Қызыл түмен наградталды. Мемлекеттік қорғау комитетінің ауыспалы Қызыл түң Балқаштың мыс қорытатын комбинатына, Түркстан Сибирь темір жолының Шар депосына өмірлік сакталуға берілді.

Отан соғысы сыйқты ұлы соғысқа қазақ халқының алғашқы қатысуы. Бірақ соның өзінде ол өзінің батыр,

жауынгер халық екенін көрсетті, тамаша бүгінгісі бар, жарқын болашағы бар халық екенін танытты. Қазак халқының енді өзінің бай әскери тарихы бар.

Қазак халқы соғыстың барлық қатал сыйынан өтіп, зор абыройға, дацққа не болды.

И. В. Сталин бұл соғыстың ерекшелігін айрықша көрсетті. Неміс фашистеріне қарсы соғыс Совет Одағындағы барлық халықтардың бүкіл халықтық соғысы екенін айтты. Данышпан көсем совет халқының түбінде анық жеңетіндігін болжап, совет адамдарына ұлы сенім, берік рух берді. Ұлы Отан соғысында еліміздің алдындағы тұрған қауырт міндет, борыштарды көрсетіп, халқымыздың ұлы мен қыздарын ерлік, патриоттық құреске шақырды. Ел басына туған қатерлі күндерде совет халықтарының достығы берік бекі түсті, жыйырма жылдан аса уақыт жүзеге асырылған Ленин — Сталин ұlt саясатымен коммунистік партия бастап жүргізген ұлы социалистік құрылымы жұмысының нәтижесі айқын көрінді.

Дәл осы күндері Қазақстан еңбекшілерінің көз алдында коммунист партиясының тарихи ұлы істері, ұлы орыс халқының көмегі қазақ халқының шаруашылық мәдени және саяси өмірін толық гүлдендірудегі айрықша қамқорлық еңбектері айқын көрінді.

Сондықтанда қазақ еңбекшілері совет Отаның қасық, қаны қалғанша қорғайтынын айтып И. В. Стalinге серт берді:

«Отан қорғау үшін қандай қурбандыққа болса да, біз дайыбыз, Stalin жолдас. Өзіміздің барлық күшімізді, керек болса, тілті өмірімізді беруден біз бастартпайтындығымызды айтып сендіре аламыз» деді.

Алматы облысының «Луч востока» колхозының колхозшылары И. В. Стalinге мынадай уәде берді:

«Сүйікті көсеміміз және ұстазымыз Stalin жолдастың радио арқылы сейлелеген сөзін шын ықласпен тындағық, ол сөз біздің жүргегімізді қатты тербетті. Қедірлі И. В. Stalin айбынды Қызыл Армиямызды және еліміздің еңбекшілерін азық-түлікпен, жауды женуге қажет барлық нәрселермен қамтамасыз ету үшін, Сіз қалай істе десеңіз, біз солай істеуге уәде беріп міндет аламыз» деді.

Қазак халқы кемеңгер көсемге берген сертін іс жүзінде орындауға жедел кірісті. Ел басына қауіп төніп тұрған қыйын-қыстау күндерде қазақ еңбекшілері қаһар-

за мінді. Коммунистік партияның төнірегіне тығыз тоналып, қатарын нығайта түсті. Қазақ халқы ертеңгісіне мықты сеніммен қарады. Сөйтіп, халықтар достығын бел тұтқан қазақ халқы ұлы Сталиннің Совет Армиясына барлық жерде көмек көрсету туралы нұсқауын жүзеге асыруға шұғыл кірісті. Қазақстан өз арасынан арнаулы дивизия, бригадалар ұйымдастырды, оларды майданға аттандырыды.

Өзінің ең жақсы ұлдары мен қыздарын майданға аттандырып, Қазақстан еңбекшілері күн-түні тыным алмастан тылда да көптеген жұмыстар істеді.

Неміс-фашист басқыншыларына қазақ халқының қарсы күресінде, майданда болсын, мейлі тылда болсын, алдыңғы қатарда көзге түскен коммунистер мен комсомолецтер болды.

Қазақстан өндірісі майданды қару-жаракпен және көмір, мұнай, металмен қамтамасыз ете отырып, «Барлығы майдан үшін! Барлығы жауды жену үшін!» деген ұранмен табыстан табысқа жетті.

Қазақстанда батыс аудандардан көшіп келген өндірістер мен Қазақстанның өз өндірістері және жаңа салынған өндіріс орындары бірлесе жұмыс істеді, айрықша ынта, жігер жұмсап еңбек өнімін көтерді, майданды керек-жаракпен жабдықтап тұрды.

Қазақстаниң қару-жарак тиеген, астық тиеген эшелондар үздіксіз майданға кетіп жатты. Соғыс алдындағы екі жылмен салыстырганда соғыстың бірінші жылдағында Қазақстан тек астықтың өзінен 34 миллион пүт, қант қызылшасынан 1 503 центнер артық берді. Сөйтіп, Қазақстан қару-жарак, қорғасын, цинк, түсті металл, азық-тұлік жеткізу жағынан Совет Армиясының негізгі тірекшілік бірі болды.

Совет Армиясының Бас қолбасшысы, Генералиссимус Иосиф Виссарионович Сталин 1943 жылғы 7 науябрьде, армиямызға берген бүйрекінде былай деп жазды:

«Майданға қару-жарак, оқ-дәрі, азық-тұлік, киім жабдығы үздіксіз ағылып баруда. Урал мен Кузбасс, Москва мен Поволжье, Ленинград пен Баку, Қазақстан мен Өзбекстан, Грузия мен Армения, республикаларымыз берген облыстарымыздың бәрі Қызыл Армияның айбынды арсеналына айналды».

Совет халықтарының өз армиясына осындағы орасан зор көмегі арқасында, коммунист партиясының төнірегіне

берік топталғандығы арқасында, біздің армиямыз батыста неміс-фашистерін, шығыста жапон империалистерін талқандап шықты. Бұл жеңістерді басқарған, үйымдастырған және қамтамасыз еткен кеменгер қолбасшы Сталин болды.

Согыс кезінде өздерінің барлық күші мен қаражатын Отан иғлігінен аямаган орыс жұмысшыларының, колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің еңбектегі ерлігі үмтүлмайды. Міне, сондыктан да ССРО-ның барлық халықтары орыс халқының көмегінсіз өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қала алмайтындығын үмтпайды.

Советтік Отанды қорғауда жауынгерлік, батырлық, табандылық, туысқандық өзара көмек үлгілері орасан көп болды. Осындағы ерлік істер үлгісімен қазақ жауынгерлері де советтік патриотизмге, советтік ұлттық мақтанышқа тәрбиеленді. Қазақстан жауынгерлері соғыстың ең ауыр минуттарында, совет халқының басқа ұлттарынан барған жауынгерлер сыйкты, орыс жауынгерлерінен батырлық пен ержүректіліктің үлгісін үйренді.

1945 жылы Қазақ ССР-ның 25 жылдығына және Ұлы Отан соғысының жеңіумен байланысты Қазақстанда 5 309 адам ССРО-ның ордендерімен, медальдарымен наградталды.

Мындаған, жұздеген қазақ халқының үлдары мен қыздары орыс халқымен, белорусс, украина және Совет Одагының басқа ұлттарымен бірлесе отырып, Москва, Ленинград, Сталинград түбінде аянбай күресті. Белоруссияны, Украинаны, Балтық бойын азат ету үрыстарына да қатысты. Басқа Батыс елдерін босатуда Гитлер Германиясына және Жапония самурайларына қарсы үрыстарға белсенді қатнасты.

Көптеген Қазақстан жауынгерлері неміс фашистеріне және Жапония империалистеріне қарсы күресте көрсеткен ерліктері, батырлығы үшін жоғарғы үкімет наградтарына ұсынылды. 369 адам Совет Одагының Батыры атағын алды. Оның ішінде 100 дең астамы қазақ, 60 мың қазақстандық солдаттар мен офицерлер Совет Одагының ордендерімен, медальдарымен наградталды. 28 батыр — панфиловшылардың өшпес ерліктері Ұлы Отан соғысының тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Қазақ Кошқарбаев Рейхстаг үстіне жеңіс туын тігудегі үрысқа қатнасты.

Бұнар батырлықты, ержүректілікті өзінің туысқан — орыс жауынгерлерінен үйренді. Совет елі және Коммунист партиясы тәрбиелеген, Ұлы Отан соғысында өз Отаның қорғауда батырлықпен дацқы шықкан Қазақстанның ер жүрек ұлдары мен қыздарын: Совет Одағының батыры атаган екі рет алған Т. Бигельдиновты, Сергей Луганскийді, Л. Беданы, Павловты, Совет Одағының батыры М. Фабдуллинді, Т. Тоқтаровты, Сұлтан Баймағамбетовты, Агаділ Сухамбаевты, Хамит Қебиковты, шығыс әйелдері арасынан бірінші шықкан Совет Одағының батыры атаган алған — М. Маметованы, Элия Молдагұлованы совет халқы ешуақытта ұмытпайды. Қазақстанның ұлдары мен қыздарының қаһармандық ерлігіне Қазақ ССР-ның жұмысшыларының, колхозшылар мен интеллигенттерінің тылдағы ерліктері сайма-сай келді.

Соғыстың алғашкы күнінен бастап, республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы майданының максатына бағындырылды.

Неміс фашистері уақытиша басып алған аудандардан, Қазақстаңға көшіріліп әкелінген заводтар, фабрикалар аз уақыт ішінде орналасын, майданға қажетті өнімді көптеп жіберіп тұрды. Соғыс кезінде Ақтөбе Ферросплав заводы, Ақтөбенің хромируднігі, Текелі комбинаты, қазақ металлургия заводының пештері т. б. өндіріс орындары салынды. Қемір, мұнай өндірісі өсті.

Соғыс жағдайындағы қыйыншылықтарға қарамастан республиканың колхоздары мен совхоздары ауыл шаруашылығын өркендете отырып, тылды егіншілік және мал шаруашылығы продукцияларымен қамтамасыз етіп отырды.

\* \*

\*

Қазақ халқы зор тарихи өмірді басынан өткізді. Ол кай уақытта болсын ұлы орыс халқы мен тығыз байланыста болды. Қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы байланыс, туысқандық тарихи тұргыда қалыптасын, сыннаи өтті, гасырлар бойы нығайып жетіле берді.

Бұл достық байланыс қазақ халқын құлдықтан, ішкі, сыртқы жаулардан аман сақтаға қалды. Коммунистік партия бастаған бақытты, сәулетті советтік социалистік өмірге жеткізді.

Қазақтың советтік социалистік республикасы — қуат-

ты Советтік Социалистік Республикалар Одағының — ССРО-ның белді бір бөлігі. Қазақ халқы ССРО халықтарының туысқандық семьясымен бірге туысқан Коммунистік партияның, туысқан орыс халқының төнірегіне берік мәнгі топтасқан халық.

И. В. Сталин 1935 жылы-ақ ССРО халықтарының арасындағы достық өсіп, нығаюда, мұның өзі, жолдастар, бізге большевиктік үлт саясатының берген іэрсесінің ішіндегі ең бағалысы.

Ал, ССРО халықтарының арасындағы достық үлкен және елеулі жеңіс. Өйткені бұл достық бар тұрғанда біздің еліміздің халықтары еркін болады және жеңіл-мейді. Бұл достық бар тұрғанда және жасап тұрғанда бізге ешкім, ішкі жауулар да, сыртқы жауулар да корынышты емес, деп көрсетті.

Соғыстан кейінгі уақытта орыс халқы бастаған бүкіл совет халықтары Коммунистік партияның басшылығымен, соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспарды орындаған, бесінші бесжылдықтың жоспарын жүзеге асыруда, біздің елімізде коммунизмнің салтанат құруы үшін құресуде.

Ұлы коммунизм құрылыштарын салуга бүкіл Совет Одағының халқы қатнасада. Алматының, Шымкенттің, Ұральдың, Петропавлдың заводтары коммунизм құрылыштары үшін құрал-жабдықтар жасап шыгарады. Теміртаудың болашылары ұлы құрылышка болат, Карагандының шахтерлері вагондаган көмір жібереді.

1953 жылы 5 октябрьде болып өткен Коммунистік партияның XIX съезі коммунизм салтанаты жолындағы партиямыздың қаһармандық құресінің аса маңызды кезеңі болды. Съездің қараптары, И. В. Сталиннің съездің кортынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі совет халқын коммунизм орнатуға жұмылдыратын, бүкіл прогрессіл адамзаттың халықтар арасындағы бейбітшілік үшін, соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы құреске жігерлендіретін құрес пен жеңістің ұлы программасы болып табылады. Съезд партиямыздың даңқты жеңістерінің кортындысын шыгарып, коммунизмге қарай онан әрі алға басудың аса ұлы перспективаларын белгілеп берді.

Кәзір Совет Одағының Коммунистік партиясының басты міндеттері, — делінген XIX съезд қабылдаған партияның Уставында, — социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолымен коммунистік қогам орнату, қогамның

материалдық және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыра беру, қоғамның мүшелерін интернационализм рухында және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыстар орнату рухында тәрбиелеу, советтік отанды оның жауаларының агрессиялық қыймылдарынан белсене қорғауды барынша нығайта беру.

Партиямыздың тарихи XIX съезі ССРО-ны өркенде-тудің бесінші бесжылдық жоспары туралы директива-ларды қабылдады. Социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту кезеңінде халқымыздың алдына зор перспективалар ашып берді. Партияның XIX съезінің қараплары мен И. В. Сталиннің съездде сейлеген тарихи сөзімен және оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық енбегімен жігерленген бүкіл совет халқы бесінші бесжылдықты ойдағыдай орындау үшін, елімізде коммунизм орнату үшін күресуде.

Мемлекеттік және шаруашылық басшылықты жақсарту жөнінде партия мен үкіметі белгіленген шараларды және жеңіл, тамақ өнеркәсібін, ауылшаруашылығын өркендешту туралы қарапларды жүзеге асыру еліміздің алдында тұрған тарихи міндеттерді ойдағыдай орындауға бұрынғыдан да қолайлы жағдай туғызды. Бұл тарихи документтер: еліміздің алдында тұрған міндеттерді айқын көрсетіп берді. Осыған байланысты халықтардың бейбітшілігі мен қауіпсіздігінің тірегі болып табылатын біздің ұлы социалистік мемлекетті оナン әрі тынbastan және барлық жағынан нығайта беруіміз керек. Совет елі халықтарының бірлігі мен достығын оナン әрі нығайтуды, көп ұлтты совет мемлекетін нығайтуды қамтамасыз етуіміз қажет. Отанымыздың қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен советтік қарулы күштерді нығайта беруіміз, социалистік, өнеркәсіп пен колхоз құрылышын мейлінше өркендегуіміз, жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын оナン әрі үздіксіз жақсарта беруіміз керек, халықтардың аса ұлы жеңісі болып табылатын бейбітшілік, демократия және социализм лагерін сақтап нығайта беруіміз, демократиялық лагердегі елдердің халықтарының достығы мен ынтымағын нығайтуымыз керек екендігі ашып көрсетілді. Бұл міндеттердің бәрі коммунистік партияны, оナン әрі нығайту және оның

Бұқарамен байланысын күшейту міндегімен үштастырылышп іске асырылады.

ССРО Министрлер Советінің председателі Г. М. Маленков жолдас ССР Одағы Советінің IV және V сессияларындағы сөзінде үкімет өзінің барлық жұмысындағы сыртқы және ішкі істерді партия жасап берген саясатты берік жүргізіп отыратынын айтты.

Ішкі саясат жөнінде партиямыз бер совет үкіметі бұдан былай да жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызығында одағын, еліміздің халықтары арасындағы туысқандық достықты нығайта береді, социалистік мемлекеттің қорғаныс қуатын мейлінше нығайтады, халық игілігінің, оның материалдық және мәдени талаптарын барынша қанағаттандыруға социалистік отанымызды опан әрі гүлдендеріуге қажымай-талмай қамқорлық жасау міндегі біздің партиямыз бер үкіметіміз үшін мызығындағы заң болып табылады.

Біздің қуатты отанымыз өз күштерін арттыра отырып, жаңа табыстарға қарай алға басуда. Бізде коммунистік қоғам орнату үшін материалдық және рухани қажеттердің бәрі бар. Табиғат байлығы мол, өндіріс, техника, ауылшаруашылық және мәдениетіміз бай елміз. Совет халқы үрystарда сыйнан өтіп, шыныққан халық.

Партияның XIX съезінің тарихи қаарларымен И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегімен, марксизм-ленинизм ғылыминың асыл қазналарымен қаруланған ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының қаарлары және бұл сессиядагы Г. М. Маленков жолдастың сөйлеген сөзімен, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаарларымен қаруланған халқымыз Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен коммунизмнің салтатына қарай алға басуда.

---



**Бағасы 1 сом 10 тыйын.**